

ғылыми-әдістемелік журнал науқно-методический журнал

СОҚШАҚ

тропинка

№2 (109) сәуір 2024 жыл

«Жас адам өмір сүргенде сол өмірді босқа өткізуге тиісті емес. Ол, біріншіден, Отанына пайдалы азамат болуды, екіншіден, өз заманының, өз дәуірінің мәдениетті, білімді және алдыңғы қатарлы адамы болуды ойластыруы керек. Ол үшін жас күніңізден-ақ өзіңізді адамгершілікке баулыңыз. Ісіңізге, оқуыңызға нағыз адамгершілікпен кіріссеңіз, сөз жоқ, жеңіске жетесіздер...»

Қаныш Сәтбаев, академик

ҚҰРМЕТТІ ЖУРНАЛ ОҚЫРМАНДАРЫ!

Сіздерді «Соқпақ Тропинка» ғылыми-әдістемелік журналының кезекті шығарылымының жарық көруімен шын жүректен құттықтаймын!

«Соқпақ Тропинка» басылымы – кең байтақ Отанымыздың табиғаты мен экологиясын, өзен-көлдері мен тау-тасын, сакралды жерлері мен сырға толы көрікті орындарын, егеменді еліміздің білім-ғылым жетістіктері мен тағылымды тарихын шынайы сүюге жетелейтін танымдық журнал.

Журналдың туризм, экология, өлкетану, педагогика, география, геология және кәсіпкерлікке арналған тақырыптық бағыттарында көпшілік оқырман талғамынан шығатын мақалалар жарық көруде. Ғылыми-әдістемелік журналдың мазмұнды контенті ел ертеңі

– бүгінгі білім алушылардың жаратылыстану бағытындағы сауаттылығын арттыруға зор үлесін қосып келеді. Басылымның әр санында жарияланатын еліміздің айтулы тұлғалары және көрнекті ғалымдарының тағылымды өмір жолы мен өнегелі қызметі туралы мақалалар жас оқырманды отансүйгіштік рухта тәрбиелеуге де атсалысуда. Сондай-ақ журналдың педагогикалық практика айдары жас педагогтер үшін мол оқу материалын да ұсынып келеді.

Бұл журналдың ғылыми бағыты еліміздің қосымша білім беру саласы педагогтері мен әдіскерлеріне оқу-тәрбие процесіне өлкетану, экология мен туризм мазмұнын интеграциялау және білім алушылар бойында ұлттық құндылықтар, функционалдық сауаттылық пен жаһандық құзыреттіліктерді қалыптастыруда көмекші құрал қызметін атқарады.

«Соқпақ Тропинка» ғылыми-әдістемелік журналының кезекті санына ақ жол тілей отырып, бұл шығарылымның өскелең ұрпақты тәрбиелеу ісіне және қазақстандық патриотизмді нығайтуға қосар үлесі зор боларына кәміл сенемін!

Журнал ұжымына тың шығармашылық шабыт, қажымас қайрат пен ұшқыр қалам тілеймін!



**Ы.Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясының
президенті**

**Мадина
ТЫНЫБАЕВА**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІНДЕ 01.12.2003 ЖЫЛЫ ТІРКЕЛІП,
№4482-Ж КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.
24.12.2021 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ
МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ
ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ЕСЕБІНЕ № КЗ40VРV00044511
ҚАЙТА ТІРКЕЛДІ.

Таралым аймағы: Қазақстан Республикасы

№2(109), сәуір 2024 жыл

МЕНШІК ИЕСІ: МКҚК «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі
білім басқармасының балалар мен жасөспірімдер туризм
және экология облыстық орталығы» (келесіде – БҚ
ОБЖТжЭО)

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының
қолдауымен жылына 6 рет шығады.

Журналдың негізін қалаушы:

Фомин Виктор Павлович - А.А.Остапец – Свешников
атындағы Халықаралық балалар-жасөспірімдер туризм
және өлкетану академиясының (келесіде – А.А.Остапец-
Свешников атд. ХБЖТжЭО) академигі, п.ғ.к.

Редакциялық кеңес:

Төрайымы: **Мыңбаева Айгүл Әділгерейқызы** - Батыс
Қазақстан облыстық білім басқармасының басшысы

Шеф-редактор: **Бекқалиев Ғалым Ибатоллаұлы** – Батыс
Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының балалар
мен жасөспірімдер туризм және экология облыстық
орталығының директоры (келесіде – БҚОБЖТжЭО)

Кенес мүшелері:

Жұмаев Максат Сағынтайұлы – белгілі Қазақстан
альпинисі, альпинизм бойынша Халықаралық деңгейдегі
Спорт шебері, БҚО-ның құрметті азаматы

Смирнов Дмитрий Витальевич – п.ғ.д., А.А.Остапец-
Свешников атд. ХБЖТжЭО-ның президенті

Мазбаев Орденбек Білісбекұлы - п.ғ.д., А.А.Остапец-
Свешников атд. ХБЖТжЭО-ның академигі

Никитинский Евгений Сергеевич – п.ғ.д. «Тұран-
Астана» университетінің профессоры

Абдулхаиров Абджемил Закерьянович – п.ғ.к., доцент,
А.А.Остапец-Свешников атд. ХБЖТжЭО-ның Крым
аймақтық филиалының төрағасы

Шаяхметов Асхат Галиевич - А.А.Остапец-Свешников
атд. ХБЖТжЭО-ның академигі

Редакция алкасы:

Г.З.Усағалиева – ОБЖТжЭО директорының ОӘЖ
жөніндегі орынбасары

А.Б.Мукашева - ОБЖТжЭО директорының ОТЖ
жөніндегі орынбасары

К.Е.Негалиева - ОБЖТжЭО туризм және қауіпсіз
маршруттар бөлімінің меңгерушісі,

Р.С.Альмуханова – ОБЖТжЭО өлкетану бөлімінің
меңгерушісі

Н.Х.Гатауов - ОБЖТжЭО экологиялық туризм бөлімінің
меңгерушісі

Р.Е.Нұрманов - ОБЖТжЭО спорттық бағдарлау бөлімінің
меңгерушісі

В.В.Мазуренко - ОБЖТжЭО спорт және дене шынықтыру
бөлімінің меңгерушісі

Нөмірмен жұмыс жасағандар:

Қайрлиева Қ.Ж. - бас редактор

Карина Ж.М. - корректор

Кушекқалиев Ж.Н. - дизайнер, беттеу

Журнал редакциясының пікірі жарияланым авторларының
пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін.
Қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Жазылым индексі

Жеке жазылушы – 75184

Мекемелер мен ұйымдар – 25184

Редакция мекен - жайы:

090004 Қазақстан Республикасы, Орал қ.,

Исатай батыр көшесі, 71/1

Тел.(7112) 52-59-42, 52-58-91

e-mail: evrasia_centre@mail.ru

www: tourism07.kz

Форматы А4 210 x 279 мм, офсетті басып шығару.

Тапсырыс №

Таралымы 550 дана

«Көкше-Полиграфия» АҚ компаниясында басылған,

Ақмола обл., Көкшетау қ.,

ӘДІСТЕМЕ

Алиева Л.Н.

Туристтік-өлкетанушылық, экологиялық іс-әрекеттердің
инновациялық астары.....2

Альмуханова Р. С.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға
арналған туристік - өлкетанулық бағытындағы
«Жас өлкетанушылар» үйірмесінің эксперименттік
бағдарламасы.....5

ТУРИЗМ

Замалетдинов И.В.

«Не зная броду, не суйся в воду».....10

МУЗЕЙТАНУ

Лобанова Т.А. Немировская Л.И.

Из истории развития станции Казахстан.....16

ӨЛКЕТАНУ

Абилпеисов Ж.Т., Қайыржан А.

«Ұлы даланың ұлық перзенті – Жапарберді батыр»....19

Ильясов А.Ж., Имашев Е.Е.

Ақбұлақ шайқасы:
жаңаша жорамалдар мен болжамдар.....25

Орынбай Ә.М.

Құрт – қазақтың ұлттық бренді.....30

ЭКОЛОГИЯ

Агалаков С.Н.

Первый опыт многодневного сплава по реке.....34

Несипкулова Б.Н.

«Экологиялық соқпақ – табиғат жанашыры»
жобасы.....37

СПОРТ

Мазуренко В.В.

Особенности подготовки спортсменов в условиях
среднегорья.....40

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКА

Куспанова Г.Ж., Кайбалиева Г.Ж.

Қазақтың ұлы ғалымы.....45

Мухтарова Ж.А.

Тұсбағдар.....51

Қадыралиева Д.Н.

Қасиет қонған құт мекен.....55

Логашкина Н.Ф.

«Весело и смело беремся за дружное дело!».....57

ІС-ТӘЖІРИБЕ

Абдрахманов И.К., Абдрахманова А.Ж.

Туризмді дамытуда бәйтеректіктер белсенді.....60

ТУРИСТІК ЖАҢАЛЫҚТАР

Спорттық туризмнен БҚО-ның «Батыс-West»
командасының кезекті ЖЕҢІСІ.....64



Туристік-өлкетанушылық, экологиялық іс-әрекеттердің инновациялық астары



АЛИЕВА

Лазат Нургальковна
Педагогика ғылымдарының магистрі,
Республикалық физика-математика
мектебінің мұғалімі, қалалық
ЖТС-ның ҚББП-і, педагог-шебер,
Астана қ.

Автор - «Үздік педагог – 2019» республикалық байқауының жеңімпазы, «Қазақстан ұстазы 2019» ұлттық сыйлығының финалисті, «Әлем мұғалімі 2020» халықаралық сыйлығының номинанты, «Құрмет» орденінің иегері (2021 жыл). Астана қаласының білім басқармасы ұйымдастырған «Инновациялық-педагогикалық идеялар қалалық фестивалінің» I дәрежелі жүлдегері (Астана 2016 ж.), Білім және ғылым министрлігі бекіткен география пәні бойынша 16 оқу құралдары мен «География» электронды оқулығының авторы.

Аңдатпа

Мақалада география ғылымының маңыздылығы, оның туристік-өлкетану қызметімен байланыстылығы және қосымша білім беру саласында заманауи инновациялық технологияларды іске асыру жолдары туралы жазылған.

Аннотация

В статье рассказывается о важности географической науки, ее взаимосвязи с туристско-краеведческой деятельностью и путях ее реализации через современные инновации и технологии в сфере дополнительного образования.

Кілт сөздері: география ғылымы, туристік-өлкетану қызметі, туристік навигатор, мобильді зертханалық жабдықтар жиынтығы, метеостанция, туристік навигатор, электрондық микроскоп.

Географияның зерттеу нысаны – географиялық қоршаған орта компоненттерінің орналасуы мен өзара әрекеттесуінің заңдары мен заңдылықтары және олардың әртүрлі деңгейлердегі комбинациясы. Зерттеу нысанының күрделілігі және пәндік саланың кеңдігі мектепте оқылатын географияны географиялық ғылымдар жүйесін құрайтын бірқатар мамандандырылған салалық ғылыми пәндерге бөле аламыз. География физикалық, экономикалық және гуманитарлық-әлеуметтік бағыттағы тармақтарға бөлінеді. Кейде жеке географиялық пән ретінде географиялық картографияны да қоса аламыз.

География ерекше дүниетанымдық пән болып саналады. Сонымен бірге географиялық білім ғаламдық, аймақтық және жергілікті деңгейдегі әлеуметтік-экономикалық және ғаламдық экологиялық проблемаларды шешу үшін де қажет. Географиялық білімнің негізгі мазмұнын меңгерген білім алушылар геоэкология, геоэкономика, геосаясат, демография, елтану және т.б. ғылым салалары бойынша да еркін бағыт-бағдар алу мүмкіндігін игереді.

География оқу пәнінің құрылымы мен мазмұны 7-сыныптан 11-сыныпқа дейін оқытуға негізделген. Географиядан берілетін білім мазмұнын саралау географиялық ойлаудың даму-

ын, білім-біліктер мен дағдыларын қалыптастыра отырып, курстар арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етуі керек. География ғылымы адамзат тіршілігінде, ел экономикасының дамуындағы үлкен рөлге ие. Табиғаттағы өзгерістерге байланысты, әлеуметтік-экономикалық тұрақты дамуға, мамандық таңдауға мүмкіндіктер тудырады.

Географиядан берілетін білімнің маңыздылығы қоршаған ортаға қатысты оқушылардың көзқарастары, ұстанымдары, тәртіп нормалары, өмірлік біліктіліктері жүйесін және алған білімдері негізінде табиғи, шаруашылық, әлеуметтік және әр түрлі аумақтардың экологиялық жағдайларын бағалауға қатысты біліктерін қалыптастыруға бағытталумен ерекшеленеді.

Осы орайда өзімнің педагогикалық тәжірибемде мектепте сабақ беру барысында жаңа заман талабына сай ГАЗ (географиялық-ақпараттық жүйе) технологияларды пайдалана отырып білім беру мақсатын алға қойған болатынымын. Соңғы 10 жылда туристік-өлкетанушылық экологиялық іс-әрекеттердің инновациялық астарының оқушы тәрбиесі мен білім берудегі маңыздылығына көз жеткізудеміз. Педагогикалық тұрғыдан дұрыс қойылған аталған іс-әрекеттер жұмысы мұғалімге географиялық білімді жетілдіруге мүмкіндік береді. Оны сабақтарда пайдалану үшін өлкетану материалын жинау және жинақтау, әдетте, жорықтар мен экскурсияларда, іздеу жұмыстары кезінде жүзеге асырылады.

Өлкетану ғылым негіздерін зерттеумен физика,

химия, биология, математика заңдарын өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында практикалық қолданумен тығыз байланысты, жергілікті өлкенің материалында қоршаған өмір құбылыстары туралы білім алуға ықпал етеді. Бұл оқушыларды қоршаған әлем, ортамен оның негіздерімен таныстыру арқылы табиғаттың жалпы заңдылықтарын білудің ең ұтымды құралы, теорияны практикамен байланыстыруға мүмкіндік береді, практикалық дағдыларды дамытуға көмектеседі.

Туристік-өлкетану қызметі, педагогикалық бағытталған әсер ету процесінде жүйелі және мақсатты тәрбие жұмысының нәтижесінде мінез-құлықтың оң тәжірибесі жинақталады, сонымен бірге баланың жеке басының адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру үшін қолайлы жағдайлар жасалады. Туризм және өлкетану олардың қазіргі мағынасында – бұл физикалық даму, қоршаған шындықты сауықтыру және білу, жеке тұлғаның құнды рухани қасиеттерін қалыптастыру. Оқушылардың білім беру - тәрбие және сауықтыру үдерісі жүйесіндегі туристік-өлкетану қызметінің рөлі орасан зор.

Туристік-өлкетанушылық экологиялық іс-әрекеттердің инновациялық астары оқушылардың далалық жағдайда мектептен тыс уақытта географиялық, биологиялық білімдерін жетілдіре алуында және экологиялық мәдениетті қалыптастыруында. Оны «Жас өлкетанушылар мектебі» («Астанатану») қолданбалы курс бағдарламасы, 6 сыныпқа арналған авторлық



бағдарламада көрсеткенмін.

Менің негізгі педагогикалық ұстанымым білім алушыларға географиялық білімді және тәрбиені туристік өлкетанушылық іс-әрекеттер арқылы жүзеге асыру болып табылады. Оған мектеп оқушыларымен Алматы облысы бойынша туристік жорық маршруттары дәлел. Ең тәрбиелік мәні зор болғаны, ол алғашқы «Алтын адам» табылған Сақ қорғанының шырақшысы Бекмұхамед Нұрмағамбетовпен кездесу. Бекен атаның өз аузынан «Алтын адам», сақ қорғандары туралы құнды мәліметтер алып, ол кісінің соңғы батасын алу болашақ ұрпақ тәрбиесінде өзіндік орын алатыны сөзсіз.

Жорық барысында мектеп бағдарламасынан тыс мақсаттардың орындалуы инновациялық тұрғыда қарастырылуы керек. 34 сағаттық көлемде қарастырылатын географиялық заңдылықтар, құбылыстар мен үдерістер 10-12 күндік жорық барысында нақтылы жауабын ала отырып оқушының функционалды, жаратылыстану ғылыми сауаттылығының басқа сыныптастарынан айырма жасағанын көре аламыз.

Туристік-өлкетанушылық экологиялық іс-әрекеттердің инновациялық астары білім мен тәрбиені қатар жүргізе алуында. Оқушылардың туристік-өлкетану қызметіне деген қызығушылығын арттыру үшін инновациялық технологияларды көптеп пайдаланамын. Туристік-өлкетану жұмысындағы инновация негізінен мектептің білім беру қызметі нәтижелерінің тиімділігін арттыруға әсер ететін инновация және жаңарту ретінде қарастырылады. Мектептің сабақтан тыс жұмыстары туристік-өлкетану қызметіне инновациялар мен технологияларды



келесідей пайдалануға болады. Мысалы, туристік маршрутты өту кезінде біз жергілікті жердің картасын пайдаланудың орнына туристік навигаторды қолданамыз. Оқушылар қашықтықтан зерттеу жобаларына қатыса отырып, мобильді зертханалық жабдықтар жиынтығын; ауарайын бақылауға арналған метеостанцияны; бағдарлауға арналған туристік навигаторды, жиналған өсімдіктер үлгілері үшін электрондық микроскоптарды пайдаланады. Жорықтан кейінгі зерттеу жұмыстарының нәтижелері ғаламтор арқылы қашықтан жүзеге асырылады. Қазіргі кезеңдегі қашықтықтан зерттеу жобалары сабақтан тыс уақытта тиімді болып табылады. Сонымен қатар география мен биология пәндерінен интеграцияланған сабақ өтіп, жорық материалдарын интерактив тақта арқылы көрсетуге болады.

Ақпараттық технологияларды пайдалану пандемия кезінде қашықтықтан оқыту барысында да пайдаланылды. Мысалы: <https://city3d.kz> т.б. сайттар арқылы виртуалды музейлерге экскурсияға шыға алдық. Виртуалды турлар порталы және Астананың 3D панорамалары елорданың әр бұрышын үйден шықпай-ақ көруге мүмкіндік бар. Астананың көрікті жерлеріне, музейлер мен сарайларына экскурсия жасадық.

Оқыту мен тәрбиенің мақсаты білім алушылардың әлеуметтік бейімделуін дамыту, көпмәдениетті, адамгершілік, денінің саулығы, жоғары интеллектуалды, бәсекеге қабілетті, шығармашылық тұрғыдан дамыған тұтас тұлғаны қалыптастыру үшін жағдайларды қамтамасыз ету болып табылады. Ұлттық дәстүрлер мен әлемдік тәжірибенің жаңа жетістіктерін пайдалану негізінде проблемаларды дербес тұжырымдап, оларды жоғары азаматтық позициялардан іс жүзінде шеше алатын азаматтарды қалыптастыруымыз қажет.



Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға арналған туристік-өлкетану бағытындағы «Жас өлкетанушылар» үйірмесінің эксперименттік бағдарламасы



АЛЬМУХАНОВА
Райгул Сагналиевна
ОБЖТЖЭО-ның ҚББП-і,
педагог-модератор,
Орал к., БҚО

*Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының білім беруді дамыту орталығының
сараптама кеңесінде қаралып, облыс педагогтарына таратуға ұсынылды.
Хаттама №4 29.10.2021 жыл*

(Жалғасы, басы өткен санда)

Тақырыптық оқу жоспары Екінші оқу жылы

| № | Мазмұны | Жалпы сағат саны | | |
|---|--|------------------|----------|----------|
| | | теория | семинары | практика |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| Блок 1. Кіріспе 12 сағат | | 4 | 2 | 6 |
| 1. | Үйірме жинақтау. Туризм және өлкетану туралы түсінік беру. | 2 | | |
| 2. | Үйірмешілердің психо-педагогикалық және медициналық диагностикасы. | 2 | | |
| 3. | Жорықтар мен экспедиция кезіндегі қауіпсіздік шаралары. Транспорттағы және жолдағы ережелер. Табиғи кедергілер кезіндегі қауіпсіздік шаралары. | | 2 | 2 |
| 4. | «Балалар туризмі тарихы» музейіне экскурсия. | | | 4 |
| Блок 2. «Тарихы терең туған өлкем» 68 сағат | | 11 | 13 | 28 |
| 1. | Батыс Қазақстан облысының тарихына шолу. | 2 | 2 | 6 |
| 2. | Туған өлкенің аңыз-әңгімелерімен танысу. Презентация дайындау. | 2 | 4 | 4 |
| 3. | «Топонимдер - өткен заманның куәгерлері» жобасы 3.1. Өлкеміздің топонимдерін зерттеу 3.2. Жорық ауданының топонимдерін зерттеу | 1 | 1 | 8 |
| 4. | БҚО-ы этностарының тарихы 4.1. Халыққа сауалнама жүргізу әдісі | 2 | | 8 |

| | | | | |
|--|--|---|---|----|
| 5. | БҚО-ның мәдени орындары: 5.1. Қадыр Мырзалиев атындағы мемориалдық музейіне экскурсия 5.2. Қазақ драма театрына экскурсия | | | 8 |
| 6. | Жәдігерлер сыр шертеді (Қала музейлеріне виртуальды экскурсия). | | | 4 |
| 7. | Туған өлке тұлғалары. Дөңгелек үстел. | 2 | 4 | 2 |
| 8. | Менің туған өлкем өлеңдер мен прозада. 8.1. Поэзия кешіне қатысу. | 2 | 2 | 4 |
| Блок 3. «Өлкетанулық зерттеулер» 48 сағат | | 8 | 8 | 32 |
| 1. | Тарихи ескерткіштерді оқып-тану. «Менің көшемнің тарихы» жобасы. 1.Тарихи нысанды сипаттау әдісі. 2. Музей экспозицияларын сипаттау әдістері | 2 | 2 | 4 |
| 2. | «Музей» квест-ойыны | | | 4 |
| 3. | «Көне Орал» қала ішіне экскурсия. 2.1. Ежелгі тарихын зерттеу әдістері 2.2. Тарихи ғимараттарды зерттеу әдістері | | 2 | 8 |
| 4. | ҰОС-ғы жылдарындағы Батыс Қазақстан. Батыс Қазақстан – Сталинград майданының жақын тылы. | 2 | 2 | 4 |
| 5. | Батыс Қазақстандықтар – Кеңес Одағының батырлары. | 2 | | 4 |
| 6. | Кітапханамен мұрағатта іздестіру жұмыстарын жүргізу. | | 2 | 4 |
| 7. | Іздестіру-зерттеу жұмыстарының презентациясы | 2 | | 4 |
| Блок 4. «Туризм негіздері» 20 сағат | | 2 | - | 10 |
| 1. | Жаяу туризм техникасының негіздері. Қауіпсіздік шаралары. | 2 | | 4 |
| 2. | Жіп байлау түрлері және командалық жұмыстарда пайдалану. | 2 | | 4 |
| 3. | Жасанды жартаста жұмыс жасау практикалық сабағы. | | | 6 |
| 4. | Туристік бивуак және олардың ережелері. | 1 | | 1 |
| Блок 5. «Экология» 20 сағат | | 4 | 2 | 6 |
| 1. | Батыс Қазақстан облысының географиялық жағдайы, флорасы мен фаунасы. | 2 | 2 | 2 |
| 2. | БҚО-ның экологиялық проблемалары | 2 | 2 | 2 |
| 3. | Экологиялық мәдениетке тәрбиелеу. 3.1. Табиғи аймақтың паспортын толтыру. | 2 | | 8 |
| Блок 6. «Бағдарлау және топография» 20 сағат | | 5 | 3 | 12 |
| 1. | Жергілікті жерде бағдарлау, масштабпен танысу. | 2 | | 2 |

| | | | | |
|---|---|-----------|---|----|
| 2. | Топографиялық әзірлік. | 1 | | 2 |
| 3. | Компаспен және картамен жұмыс. | 2 | | 2 |
| 4. | Бағдарлау және топография бойынша практикалық сабақтар: | | | |
| 4.1. | Компаспен жұмыс, азимутты анықтау, азимут бойынша жылжу. | | 2 | 2 |
| 4.2. | Жергілікті жерде картамен жылжу. | | 1 | 2 |
| 4.2. | Жергілікті жерде арақашықтықты анықтау. | | | 2 |
| Блок 7. «Туған өлке маршруттары» 28 сағат | | | 2 | 18 |
| 1. | Батыс Қазақстанның тарихи-мәдени орындарымен танысу, маршруттар жасақтау. | | 2 | 2 |
| 2. | Көктемгі туризм техникасынан жарысқа қатысу. | | | 16 |
| 3. | Жорық ұйымдастыру. Жорық есебін жазу. | | | 8 |
| | Барлығы | 216 сағат | | |

Блок 1. Кіріспе (12 сағат)

Кіріспе. Үйірме оқушыларын жинақтап, бағдарламаның негізгі мақсаты мен міндетімен таныстыру. Туризмнің даму тарихы мен өлкетану туралы түсінік беру. Өлкетану - белгілі бір өңірдің табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын, мәдениетін зерттеумен шұғылданатын ғылым мен мәдениет саласы, шағын аумақтың табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын және мәдениетін зерттейді.

Туған өлкені зерттеуші саяхатшыларымен, туристерімен танысу. Қазіргі таңдағы туризмнің даму қарқыны. Қоршаған ортаны тани отырып адам ағзасын сауықтыруға, қоршаған әлем мен өзін-өзі тануға, өмірге және еңбекке баулиды. Әрдайым туризмге, жорықтарға қатысу оқушылардың патриоттық сезімін оятып, өз өлкесінің тарихымен танысып, ортада беделді болуға бейімдейді.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының негізгі идеясымен таныстыру. Мақаладағы басты рухани құндылықтардың мазмұнын және тәрбиелік мәнін баяндау.

Жалпы қауіпсіздік шараларымен таныстыра отырып, оқушылардың қызығушылығына қарай міндеттерін бөлу. Туристік міндеттер. Туристік се-руен, жорықтар кезіндегі қоғамдық тапсырмалар, өлкетанулық-танымдық және зерттеу жұмыстары. Жарыстарға, экскурсияларға әзірлік жұмыстары.

Туристік шаралар және өлкетанулық

шараларға қатысу. Оқу сыныбында және спорт залдағы, далалық аймақтағы және оқу-жаттығу кезіндегі қауіпсіздік ережелері. Туристік құрал – саймандармен жұмыс кезіндегі, маршруттағы, көліктегі, алау басында және отын дайындау кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Туристік құрал – саймандармен жұмыс кезіндегі, жеке және командалық сақтандыру орындау кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен та-ныстыру. Автомобиль жолдарымен қозғалудағы, қоғамдық көліктегі қауіпсіздік шараларымен ережелері. Оқушылардың медициналық карта-сымен, әлеуметтік жағдайымен танысу. Жал-пы физикалық-физиологиялық дамуындағы ерекшеліктерді ескеріп, психологиялық мінез-құлықтарын бақылау.

**Блок 2. «Тарихы терең туған өлкем»
(68 сағат)**

Батыс Қазақстан облысы тарихын түрлі тарихи дереккөздерге сүйене отырып, бірнеше кезеңге бөліп қарастырамыз. Ал, сол тарихқа сүбелі үлес қосатын да жалпы қазақтың бір құрамы Кіші жүз, соның ішінде Батыс Қазақстан аймағының жұрты болмақ. БҚО-ның ежелгі тарихы, Ноғай ордасы, Қазақ хандығы, БҚО Ресей империясы құрамында, Бөкей хандығы, БҚО кеңес өкіметін орнату және азамат соғысы, БҚО-ны Ұлы Отан соғысы туралы тарихи мәліметтермен қысқаша таныстыру.

Батыс Қазақстан облысы - Қазақстан

Республикасының солтүстік-батысындағы әкімшілік-аумақтық бөлік. Шығысында Ақтөбе, оңтүстігінде Атырау облыстарымен, батысында Ресейдің Астрахань, Волгоград, солтүстік-батысында Саратов, Самара, солтүстігінде Орынбор облыстарымен шектеседі. Облыс 1932 ж. 10 наурызда Орал облысы болып құрылған. 1996 жылдан Батыс Қазақстан облысы болып аталады. Жерінің аумағы 151,3 мың км², тұрғындары 624 мың адам (2014). Әкімшілік жағынан Батыс Қазақстан облысы 12 ауылдық, 2 қалалық әкімшілік ауданға, олар 4 кенттік және 155 ауылдық әкімшілік округтерге бөлінген. БҚО-ның географиялық жағдайымен, климатымен, гидрографиясымен, Жайық өзені, топырағы, өсімдігімен, жануарларымен қысқаша таныстыру. Өз беттерімен жұмыстануға тапсырмалар беру.

Қазақ халқында «Аңыз түбі - ақиқат» деген даналық сөз бар. Әр өлкенің, әр өңірдің, әр ауылдың қариялары ұрпақтан - ұрпаққа жалғаған, жергілікті жерлердің тек өзіне ғана тән аңыз әңгімелерінің болуы - табиғи заңдылық.

Аңызға айналған - Аққұм, «Қыз әулие» бұлағы, Сырым мен Нұралы хан, Жәңгір хан т.б аңыздармен танысу. Әр өңірдің аңыз әңгімелерін іздестіріп, оқушылар презентациясын ұсынады.

Топономика туралы түсінік. БҚО-ның топономикасы. Аудандар бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу, материалдар жинақтау. Кез келген аумақтың географиялық атауларының жиынтығы сол жердің топонимиясын құрайды. Оқушыларға мұрағаттан альфавит бойынша материалдар жинақтауды тапсыру. Кітапша дайындау. Жоспарлы жорықтардың топонимдерін зерттеу.

Қосымша №1

БҚО өзінің терең тарихымен ғана емес, көпұлтты халқымен де ерекшеленеді. Облыс халқының басым көпшілігін қазақтар құрайды. Сонымен қатар өңірімізде 90-ға жуық ұлттың өкілдері тұрады. Облысымыздағы түрлі ұлт өкілдеріне сауалнама жүргізу.

Қосымша №2

Орал қаласының мәдени орындарымен оқушыларды таныстыру. «Қадыр Мырза Әлі атындағы мемориалдық» музейіне және Қазақ драма театрына экскурсия ұйымдастырып, қойылымға қатысу. Оқушыларға эстетикалық тәлім-тәрбие беру.

Батыстың ақын жазушыларымен танысу, шығармашылығымен жұмыстану. Кітапханамен

бірлесе поэзия кешін ұйымдастыру.

Блок 3. «Өлкетанулық зерттеулер» 38 сағат

Оқушыларды өлкеміздің тарихи ескерткіштерімен таныстыру. Әр оқушы өз көшесінің тарихын жоба ретінде ұсыну. Қала көшелерінің тарихы. «Көне Орал» тақырыбында қала ішіне экскурсия ұйымдастыру.

«Тарихи нысанды сипаттау әдісі» (қосымша №3). Практикалық сабақ.

«Музей экспозицияларын сипаттау әдістері» (қосымша №4). Практикалық сабақ. Музейде оқушыларға танымдық квест ойынын өткізу.

«Тарихи ғимараттарды зертеу» әдісі (қосымша №5). Практикалық сабақ.

ҰОС-ғы жылдарындағы Батыс Қазақстан. Батыс Қазақстан - Сталинград майданының жақын тылы. Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі совет халқының қаһармандық ерлігі туралы түсінік беру.

Облыстық, қалалық кітапханалармен байланыста болып, мұрағаттармен жұмыс жасауды үйрету. Іздестіру-зерттеу жұмыстарының нәтижесін ұсыну.

Блок 4. «Туризм негіздері» 20 сағат

Жаяу туризм техникасымен таныстыру. Арнайы туристік құралдармен жұмыс жасау. Туристің техникалық және тактикалық дайындығы. Сақтандыру құралдары, өзін-өзі сақтандыру арқылы түрлі кедергілерден өту. Аспалы өткел, паралельді өткелдер, траверс т.б кедергілерден өту. Практикалық сабақтар.

Негізгі туристік түйіндер: булин, брамшкоттық, түзу, академиялық, қазықбау, ұстасу, сегіздік т.б жіптердің байлануы мен қолданылуы.

Жасанды жартаста жұмыс жасау. Жумармен міну, дюльфермен, гри-гримен түсу. Туристің жалпы физикалық дайындығына тоқталып өту.

Туристік тұрмысқа бейімдеу мақсатында шатыр құруды және жинауды оқушыларды баулу. Жеке және топтық құрал-жабдықтар. Жорықтағы тамақ дайындауға арналған негізгі азық-түліктер. Туристік топтың ас мәзірі. Кезекші аспаздар және олардың міндеттерін таныстыру. Туристік тұрмысты ұйымдастыру.

Блок 5. «Экология» 20 сағат

Облыс аумағында сүтқоректілердің 70 түрі, құстардың 310 – ға жуық, рептилияның 19, қос мекенділердің 7, балықтардың 51, әр алуан омыртқасыздардың мыңдаған және дөңгелек

ауыздылар мекендейді.

Облыстың солтүстік бөлігінде бетегелі дала өсімдіктері мен шөлейт белдемнің өсімдік түрі басым. Өзен жайылымдарында астық тұқымдасты шөп түрлері, кей жерлерде қалың қамыс, құрақ өскен. Жайық аңғарында терек, емен, қайың, тал, Сырт және Орал үстіртіне, Елек өзені алабында шоқ қайың орманы көптеп кездеседі. Облыстың флорасында 106 тұқымдасқа жатқызылатын гүлді өсімдіктердің 1300 – ге жуық түрі, олардың ішінде күрделі гүлді (220), атбас бұршақты (139), астық тұқымдас (118), көкпек (113), зиягүл (104) түрлері бар.

Ғаламдық экологиялық проблемаларға климаттың өзгеруі, озон қабатының бұзылуы, биоәртүрліліктің азаюы, шөлейттену және жердің құлдырауы. Жергілікті экологиялық проблемаларға ауа бассейнінің ластануын, радиоактивті, тұрмыстық және өнеркәсіптік қалдықтары, табиғи және техногендік төтенше жағдайларды жатқызуға болады.

Каспий теңізі және Жайық өзенінің экологиялық проблемаларына тоқталу. Табиғи аймақтың пәспортын толтыру.

Қосымша № 6. Практикалық сабақ.

Блок 6. «Бағдарлау және топография»

20 сағат

Жергілікті жерді бағдарлау. Бағдарлау және туристік карталармен жұмыс. Бағыт табу – жер жақтарын анықтап, таныс емес жерлермен жүріп және белгіленген пунктке шығу.

Түсбағдар құрлымы және оның жұмысы. Түсбағдардың түрлері. Түсбағдармен картаны бағыттау. Азимутты анықтау.

Топографияны білу - әр туристің міндеті, ол уақыт пен анықтауға қажет.

Мектеп алаңы, ауданы және жақын жердегі нүктелер. Мектеп, кабинеттер, мектеп ауласы, мектепке жақын көшелердің аттары, мекемелер, тарихи орындар т.б шағын ауданның жоспарсызбасын шартты белгілермен белгілеу. Мектеп ауданында экскурсия жасау, түрлі құрлыстарды картаға түсіріп отыру.

Масштаб түсінігі. Масштаб түрлері: сандық, атаулық, сызықтық. Масштаб дәлдігін анықтау. Топографиялық карталардағы масштабтың мазмұны және шартты белгілері.

Компас. Компаспен жұмыс жасау ережесі. Компастың құрылысы. Компас түрлері. Компас

және картамен бағдарлау.

Бағдарлау түрлері. Жергілікті жер жөнінде толық ақпарат бермейтін топографиялық картаның көмегімен жорықта бағдарлау. Өзінің тұрған жерін анықтау. Маршрут учаскелерінің сызбасын пайдалану арқылы жорықта қозғалу. Практикалық сабақтар.

Азимутты анықтау. Азимут. Картадан азимутты анықтау. Азимут бойынша қозғалу. Азимут бойынша дұрыс бағыт алуға әсер ететін факторлар.

Картадан және жергілікті жерде қашықтықты анықтау тәсілдері. Арақашықты көзбен өлшеу. Жергілікті жерде жүріп адымды санау. Адымның ұзындығын өлшеу, адымдар санын метрге айналдыру графигін құру. Әртүрлі ұзындықтағы арақашықтарды өлшеп жүру.

Блок 7 «Туған өлке маршруттары» 28 сағат

БҚО-сы бойынша тарихи-өлкетанулық маршруттар құрастыру және картасын сызу. Өлкенің тарихи-мәдени орындарымен таныстыру.

БҚО бойынша барлық аудандардың тарихымен танысып, маршрут бағдарламасын құрастыру.

Жорық дайындық. Жорыққа әзірлік жоспар құру. Саяхатқа баратын ауданымен таныс болу. Әдебиеттермен карталарды іріктеу, туризмнен жасөспірімдер спорттық разрядтар нормаларын танысу. Жорық ұзақтығын есептеу, шығын сметасын құру, жеке және топтық құралдарды жинақтау. Топтағы міндеттерге бөлу. Жетекші маманнан ақыл-кеңес алу.

Белгіленген маршрут бойынша 2 күндік жорық ұйымдастыру. Бақылаулар бойынша жорық есебін жазу. Жыл бойы жасалған жұмысты қорытындылап, бейнеролик жасақтау. Үйірмешілік жаяу туризм техникасынан жарыстарына қатысу.

Екінші оқу жылын аяқтаған соң оқушы білу қажет:

- өлкеміздің тарихымен танысып, зерттеу және бақылау жұмыстарын жүргізу, жоба жасақтау;
- өлкеміздің көрікті жерлерімен және тарихи-мәдени орындарымен танысу;
- туристік техника негіздерін игеру;
- жасанды жартаста жұмыс жасай білу;
- жергілікті жерді бағдарлауды меңгеру;
- өлкеміздің экологиялық проблемаларымен танысу және экологиялық мәдениеттілікке баулу;
- алғашқы медициналық көмек бере білу, жалпы қауіпсіздік шаралары, туристік тұрмысты ұйымдастыра білу.



«Не зная броду, не суйся в воду»



ЗАМАЛЕТДИНОВ

Ильдар Валиуллович
Заслуженный путешественник России,
учитель, педагог, мастер спорта по туризму
Республики Татарстан,
г.Казань, РФ

Аннотация

Пособие адресовано начинающим педагогам, учителям ведущих занятия по туризму с детьми. В статье предлагается полезная информация о применении гимнастических снарядов, имеющихся в школьных спортзалах при проведении занятий с юными туристами по преодолению условных водных преград. Занятия обеспечивают занятость ребенка полезным делом, приучают к дисциплине, развивают волевые качества. В основе данной работы лежит опыт работы с детьми при подготовке их к походам.

Аңдатпа

Оқу құралы жаңадан бастаған мұғалімдерге, балалармен туризм сабақтарын жүргізетін мұғалімдерге арналған. Мақалада шартты су кедергілерін еңсеру үшін жас туристермен сабақ өткізу кезінде мектеп спорт залдарында гимнастикалық снарядтарды қолдану туралы пайдалы ақпарат ұсынылған. Сабақтар баланы пайдалы іспен қамтуды қамтамасыз етеді, тәртіпке үйретеді, ерікті қасиеттерді дамытады. Бұл жұмыстың негізінде балалармен жорықтарға дайындық кезінде жұмыс тәжірибесі жатыр.

Ключевые слова: жерди, брусья, скамейка, бревно, прыжки, шест, конь.

(Продолжение, начало в предыдущем номере)

Упражнения на бревне

Бревно — гимнастический снаряд, на котором можно совершенствовать функции равновесия, баланса, вестибулярного аппарата, координации движения, ловкости, так как площадь опоры ограничена. Бревно является распространенным снарядом установленного стандарта во всех школах. Бревно для занятий сначала устанавливается на минимум и постепенно приподнимается. К простым вариантам ходьбе с предметами в руках, относятся равновесие на одной ноге с различным положением рук, в полу шпагате, в упоре и в стойке на колене, лежа на груди и сидя углом, руки в стороны. Использование такого снаря-

да позволяет решить проблемы психического страха на высоте. Выполнение упражнений на бревне, степень устойчивости на котором значительно меньше, чем на полу и скамейки позволяет создавать новые навыки, равновесия, повышая тем самым двигательные возможности занимающихся. Упражнения на бревне носят прикладной характер, и содействуют подготовке передвижению обучающихся в различных направлениях и позах, балансированию. Упражнения на равновесие способствуют развитию ловкости и координации движений, решительности, формируют правильную осанку у ребенка. Правильная координация движений развивается у детей постепенно, в процессе совершенствования функций вестибулярного, мышечного и зрительного анализаторов, которыми управляет центральная нервная система.

Совершенствованию координации способствует выполнение специальных физических упражнений в статических и динамических положениях. К статическим упражнениям относят сохранение равновесия в определенной позе: приседание на носках, стойка на одной ноге и другие. К динамическим упражнениям – относится: ходьба по скамейке, бревну, жердям брусьев изменение направления во время бега, внезапные остановки в подвижных играх. А также упражнения спортивного характера, такие как: катание на коньках, лыжах, велосипеде.


Во время занятий на бревне необходимо соблюдать правила техники безопасности и страховке, обязательно использовать гимнастические маты. Вся площадь вокруг бревна застилается матами в один слой, а в месте приземления в два слоя. Прежде чем выполнять упражнение на бревне, разучите его и добейтесь уверенного исполнения на полу, на скамейки, на рейке, перевернутой скамейки. Нельзя, заниматься на снаряде, под которым нет матов. Маты должны лежать плотно друг другу. Нельзя, на бревне находиться одновременно двум занимающимся. Некоторые упражнения делать с опорой на руку педагога, затем без него. Помощь, как правило, применяется на начальной стадии обучения. По мере овладения техникой выполнения упражнения непосредственная помощь заменяется страховкой, которая позволяет решать задачи психологической подготовки занимающихся (преодоление страха), а также избежать травмы. Всех занимающихся следует обучать не только приемам помощи и страховки, но и самостраховки, для того чтобы они умели самостоятельно выходить из опасных положений. Необходимо педагогу обращать внимание обучающихся на сохранение правильной осанки, напоминать, что поспешность мешает правильному выполнению упражнения. Педагог должен осуществлять постоянную страховку детям, которые неуверенно выполняют упражнения. При неуверенном выполнении одну руку вытянуть вперед и держать ее перед учеником. Страховка – это готовность педагога своевременно оказать помощь исполнителю упражнения. Многие из этих навыков носить прикладной характер, содействуя подготовки школьников к Труду и обороне Родины. Например, передвижение в различных направлениях, перешагиванием через препятствия (лежащий поперек бревна занимающийся), с переноской груза (партнера). Передвижение в упоре на

коленях или в упоре на руках ноги врозь (Рис. 1 – 6). Ходьба приставными шагами, спиной вперед, повороты кругом на носках, руки в сторону. Уравновесив альпеншток на ладони пройти по бревну, сохраняя равновесие и не роняя альпеншток, повороты на 180, 360 градусов. Передвижение по бревну спиной – вперед, держа в руках на ладони альпеншток. Соскок из упора на колене махом другой ногой назад. Передвижение до конца бревна и соскок в глубину с удержанием равновесия. Пере ползание под бревном при помощи рук и ног. Влезание на бревно, из положения вися под бревном. Наиболее ценным в прикладном отношении является расхождение вдвоем на скамейки, бревне. Существует два способа расхождения на бревне: один из занимающихся принимает упор присев или ложится на живот поперек бревна, а другой перешагивает через него. Захватом за плечи – встречаясь, партнеры обхватывают плечи друг друга, выставляют вперед одноименные ноги до касания пятками и по команде одного, поднимаясь на носки и поддерживая друг друга, выполняют поворот кругом, после чего расходятся, расцепляя хват и делая по шагу назад.

Координация подразумевает под собой полный контроль над каждым движением за счёт взаимодействия мышц. Когда она хорошо развита, все действия точны и собраны. Если же вы замечаете, что иногда теряете контроль над мышцами, стоит заняться улучшением ваших координационных способностей. Каждое последующее практическое занятие начинается с повторения предыдущего. Не следует переходить к изучению нового материала, упражнения пока не усвоена техника, ранее изученного. Известно, что большинство умений сразу же после занятий забывается, поэтому целью учебного процесса является формирование прочных навыков, умений и физических качеств.

Прыжок в глубину (с невысоких предметов) бревно начинать учить, когда дети уже умеют прыгать в длину с места. Новые навыки основываются на предыдущем двигательном опыте. Прыжок в глубину имеет такую же структуру построения движения, как и прыжок в длину с места. Приземляться на носки с последующим опусканием на всю ступню. Прыжки способствуют формированию прикладных навыков. Они выполняются с различных гимнастических снарядов (скамейка, бревно, брусья, конь, козел). Высота спрыгивания должна увеличиваться постепенно, с учётом физической подготовлен-

ности занимающихся и их возрастное – половых особенностей. Чем больше высота, с которой совершается прыжок, тем мягче (эластичнее) должна быть площадь приземления. В начале обучения высота не должна превышать 60 – 70 см. Особенно тщательно надо дозировать высоту спрыгивания для девочек. Прыжки с высоты выполняются из различных исходных положений (из седа, приседа, основной стойки, вися).



Для закрепления выполнения, приемов, а также для поддержания и улучшения физической формы необходимо регулярно повторять пройденный материал. В основе занятий лежит многократное повторение технических приемов, выполнение упражнений, стимулирующих развитие специальных качеств. В зависимости от уровня подготовленности детей содержание учебного процесса усложняется. Все дети должны постоянно находиться в поле зрения педагога. Занятия проходят при строжайшем соблюдении дисциплины и технике безопасности в спортивном зале. К достоинству занятий на бревне – это подготовительное упражнение к переправе по бревну при помощи бокового маятника, первого участника. Закрепляется основная веревка, переправляющий участник набирает в руку необходимый запас веревки, и постепенно выдавая ее, переправляется по гимнастическому бревну, удерживая равновесие при помощи сопровождающей веревки,

движение приставным скользящим шагом вдоль бревна. Движение на бревне выполнить сложнее, чем на скамейке.

Упражнения на брусках

Турист любой “специальности”, собираясь в путешествие, должен быть, подготовлен разносторонне. Ходьба по жердям параллельных брусков по своей структуре соответствует ходьбе по кладу, бревну через ручей, канаву (Рис. 1 – 5). Практикуйте такую ходьбу, пока ребенок не будете чувствовать себя уверенно. Учите передвигаться, ставя ступни вдоль жердей, тщательно контролируя каждый свой шаг. Будьте точны в своих движениях и постарайтесь свести к минимуму раскачивания и колебания в процессе ходьбы. Не менее важно тренировать детей в прыжках в глубину – в соскоках с концов брусков. На место приземления положить гимнастический мат, можно положить обруч, лежащий на мате, для точности приземления, с удержанием равновесия. Так как умение ловко и мягко спрыгнуть с препятствия в обозначенное место важно для предупреждения травм, ушибов и переломов. Обучение детей прыжку в глубину с высоты, помогают развивать необходимые детям прикладные умения и навыки, мягкому и устойчивому приземлению на носки полусогнутых, слегка разведенных ног. Перед спрыгиванием с концов брусков, школьник стремиться низко присесть, иногда даже наклоняется вперед, ему становится не так страшно, пол спортзала ближе. Однако выполнить так прыжок трудно, при глубоком много сил требуется для отталкивания, поднятия центра тяжести тела. С появлением опыта дети выполняют соскок из положения стоя во весь рост. При потере равновесия во время приземления надо уметь спокойно сделать шаг вперед или в сторону. Это особенно важно в прыжках с естественных препятствий. Чем выше прыжок, тем труднее мягко приземлиться. Не следует увлекаться высотой препятствия. При этом следует разъяснять детям значение выполняемых ими упражнений, так как от умения быстро перелезть через ров, пройти по узкой опоре, ловко и быстро спуститься в овраг может зависеть жизнь туристов.

Необходимы совместные занятия участников намечаемого путешествия. Они спланируют коллектив, вырабатывают чувство «схоженности» между членами группы. Многократное повторение упражнений приводит к автоматизации движений, при которой сознание контролирует главным образом основные движения.



Рис. 1



Рис. 2




Рис. 3




Рис. 4



Рис. 5

Балансирование сводится к умению правильно расположить центр тяжести и выполнения определенных действий. От насколько ребенок правильно расположит центр тяжести и сумеет максимально ограничить его смещение, зависит устойчивость равновесия. Упражнение в раскачивании требует от детей прочной устойчивости и умения согласовывать равновесие с качом. Наша бутылка, имея цилиндрическую форму легко перекачивается из стороны в сторону. Вместо бутылки, можно использовать катушку, сделанную из сухого бревна, отпилив кругляш диаметром 15 см и длиной 25 – 30 см. Начинать обучение балансирования надо следующим образом: вначале катушку (бутылку) кладут на пол и накрывают доской так, чтобы один край ее касался пола. Занимающийся ставит левую (правую) ногу на опущенный край доски, а правую (левую) ногу – на приподнятый. Затем он переводит центр тяжести тела вправо (влево) до тех пор, пока опущенный край доски не приподнимется, и доска не примет горизонтального положения. Первое время - это упражнение следует выполнять с помощником, который поддержит занимающегося за руку. Через 2 – 3 занятия (а каждое занятие 20 – 30 минут) упражнение будет получаться без посторонней помощи. Когда доска примет горизонтальное положение, занимающийся движением ног в сторону (корпус его должен оставаться на месте, в середи-

не доски) удерживает ее равновесие – балансирует – на давая катушки (бутылки) уходить из-под ног. Во время первых занятий не следует допускать слишком резкого и широкого колебания, иначе катушка (бутылка) может выскочить из-под ног. Для сохранения равновесия стоящий на доске попеременно сгибает и разгибает ноги в коленях, доска наклоняется то вправо, то влево. Рис. 1 – 3.



Рис. 1




Рис. 2



Рис. 3

Ходьба по шесту

Определенный интерес у детей вызывают упражнения с использованием металлических шестов. В некоторых школах они сохранились. Ходьба по шесту. В некоторых школах сохранились шесты для лазания. Лазание по вертикальному шесту – это увлекательное занятие, требующее отличной физической подготовки и навыков. Это доступный способ тренировать свою силу, гибкость и координацию. Перед началом занятий необходимо убедиться, что шест, на который вы будете лазить, надежно закреплен и в хорошем состоянии. Для некоторых детей лазание по вертикальному шесту, могут требовать большой физической подготовки. В таких случаях, переключение на горизонтальный шест может стать отличной альтернативой. После установки шеста на скамейку (Рис. 1 – 3). Практикуйте ходьбу по шесту, дум шестам, пока не будете чувствовать себя уверенно даже на тонких круглых шестах. Учитесь передвигаться, ставя ступни вдоль шеста, тщательно контролируя каждый свой шаг. Будьте точны в своих движениях и постарайтесь свести к минимуму раскачивания и колебания в процессе ходьбы.



Спортивный снаряд «конь», «козел» используется для отработки физических и прикладных навыков. Упражнения в перелезании имеют большое прикладное значение, кроме того, они прекрасно развивают физические качества.

Упражнения с веревкой

Прыжки через веревку – вероятнее всего, самый древний спортивный снаряд в истории человечества. Первое упоминание о нем относится к эпохе Древнего Египта и Древнего Китая. В XVIII веке через скакалку прыгали только мальчики, ведь девочкам было неприлично заниматься спортивными играми. Лишь спустя 100 лет прыгать стали и девочки. Причём для этого не требовалась спортивная форма, прыгать можно было и в пышных платьях. В XIX веке появилось три вида самых распространённых и сейчас игр: ребёнок самостоятельно крутит веревку прыгает; двое крутят, один прыгает; крутят сразу две веревки в разных направлениях. Подвижных игр, в основе которых лежат прыжки, очень много. Они интересны и полезны, так как развивают ловкость и координацию, укрепляют мышцы ног. Прыжки через веревку является не просто физическим упражнением – это универсальное средство тренировочного процесса. С помощью прыжков развиваются такие физические качества как координация движений, быстрота, выносливость, прыгучесть. При прыжках задействованы большинство мышц тела – голени, бедер, ягодиц, а также спины, груди и мышцы плечевого пояса. Поэтому важно научить занимающихся правильно выполнять прыжки. Для новичков, впервые взявших веревку в руки, характерно чрезмерное напряжение мышц всего тела, что приводит к быстрой утомляемости занимающихся. По мере знакомства с техникой прыжков с веревкой они постепенно овладевают умением дифференцировать степень напряжения

различных мышечных групп, сохраняя запас своих сил на более длительный период. Обучающиеся и сами порой не замечают, как, играя, они приобретают многие спортивные навыки. Любой навык приобретается в результате продолжительных и систематических занятий, после многократных повторенных упражнений. И.П. – двое стоя спиной, друг другу, надевают через голову две связанные скакалки, которая должна пройти под мышками и крепко обтянуть грудь. По сигналу каждый старается перетянуть другого за черту, отмеченную в трех метрах от него. Вариант: то же самое – стоя на четвереньках. И.П. – на полу чертятся два небольших круга, куда входят двое играющих. Между ними протянута скакалка, концы ее у играющих в руках. Цель игры: заставить соперников переступить круг. Это можно сделать силой – просто перетянуть его. Или хитростью – отпустить часть веревки, чтобы соперник, не рассчитав рывка, вышел из круга. Держать веревку надо хотя бы одной рукой. Упустил - проиграл

Упражнения с альпенштоком

Альпеншток или горный посох – отличное и надежное средство само страховки, которым пользовались в горах многие поколения путешественников. Некогда альпеншток являлся практически обязательным элементом горного снаряжения. По определению – это длинная палка с заостренным железным наконечником (штычком) или без него, употребляемая для само страховки при восхождении на высокие горы, ледники. Альпенштоками активно пользовались туристы и альпинисты в горах до середины XX века. Потом, альпеншток постепенно был вытеснен сначала из альпинистского снаряжения, где чаще страховка организовывалась с помощью ледоруба, а потом и из снаряжения горных и пеших туристов, где сначала стали использовать лыжные палки, а потом и специальные телескопические трекинговые палки. А зря. В некоторых случаях страховка альпенштоком эффективней. Альпенштоки даже в лучшие свои годы не производились промышленностью в нашей стране, их обычно делали сами туристы. Посох-палка с заостренным опорным концом, должен быть удобным и прочным. Использование альпенштока в походе уменьшает нагрузку на коленные суставы и позвоночник, облегчает преодоление холмистой и горной местности. Может применяться как опора, при срыве и падение позволяет выполнить само задержание и тем самым избежать травм. Если препятствие несложное, палка-альпеншток держится одной рукой как возможная третья точка опоры.

Упражнения с альпенштоком представляют большой блок общеразвивающих упражнений, способствующих воспитанию силы, гибкости и других физических качеств. Для выполнения упражнений в висах и упорах с альпенштоком занимающихся делят на тройки так, чтобы в каждой из них были приблизительно одинаковые по росту и весу мальчики и девочки отдельно. Если упражнения в висах и упорах с альпенштоком проводятся впервые, то педагог разъясняет детям, что надо очень внимательным собранным, подчеркивает, что нарушение порядка одним из участников тройки может вызвать падение и ушиб товарища. И.П. - стоя альпеншток в руках на уровне груди. Опустить руки вниз, перепрыгивание через альпеншток вперед – назад с промежуточными подскоками. И.П. - партнеры с альпенштоками стоят на расстоянии 2 м друг от друга. По сигналу они меняются местами так, чтобы альпеншток не упал на пол. Упражнения в переноске партнера с помощью альпенштока разными способами способствует развитию силы и силовой выносливости, а также приучает экономно расходовать силы, согласовывать свои движения с действиями партнеров. Имеет спортивно-военную принадлежность. Переноску партнеров различными способами осваивают группами по 3 – 4 человек. Роль каждого периодически меняются. Партнеры подпираются приблизительно равные по росту, весу и силе. Вначале способ изучают на месте, а затем в движении. Расстояние увеличивают постепенно не более 15 – 20 м. И.П. - два человека держат за концы два альпенштока, на них встает еще один участник каждой ногой на альпеншток, и в таком положении участники преодолевают отрезок. Варианты: переноска, стоя двумя ногами на одном альпенштоке. И.П. - группа строится в две шеренги, лицом друг другу, с интервалом и дистанцией 1 м. У каждой пары, стоящих напротив игроков в руках альпеншток, один участник переправляется через «живой мост», шагая по альпенштокам. Касаться участников, держащих альпеншток нельзя. Упражнения в висах и упорах используя для этого альпенштоки. И.П. – каждому играющему нужен альпеншток. Участники, стоя у линии старта, приседают, ноги вместе, руки опущены до уровня коленей. Под коленями и через согнутые в локтях руки пропускается альпеншток. Кисти рук сцеплены вперед в замок. В таком положении участники должны прыгать до финиша. Побеждает тот, кто припрыгнет первым. Не разрешается держать альпеншток кистями рук. Нельзя толкать друг друга. И.П. – стойка на

правой (левой) ногой. Альпеншток вертикально на носке ноги. Балансирование альпенштоком на ноге, поднимая и опуская ногу. И.П. – основная стойка, альпеншток вертикально, хват сверху одной рукой, вторая рука на поясе. Поднять руку повыше и выпустить альпеншток – поймать ее за нижний конец. То же, но поймать другой рукой. И.П. – двое участников сидя на полу напротив друг друга, и упираются в ступни один в другого. Взявшись на ширине плеч за альпеншток, каждый (по сигналу) старается поднять своего соперника от пола. Сгибать ноги в коленях и отпускать альпеншток не разрешается. Выигрывает тот, кто сумеет приподнять от пола своего соперника

Как отмечал выдающийся ученый и педагог



Рис. 1

Василий Александрович Сухомлинский (1918 – 1970): «Человек, который встречается с учениками только на уроке - по одну сторону учительского стола, а по другую учащиеся, - не знает детской души, а кто не знает ребенка, тот не может быть воспитателем».

В заключении можно отметить, что вне зависимости от вида гимнастических снарядов их успешное прохождение предполагает высокий уровень физической подготовки. Представленные рекомендации помогут гармонично развиваться обучающимся, но важно помнить, что занятия должны проводиться на регулярной основе (не менее 2-х раз в неделю) с постоянно возрастающими нагрузками, а дети должны быть готовыми к физической нагрузкам.

Литература

1. Ежи Талага Энциклопедия физических упражнений (Пер. с польск.) М., Физкультура и Спорт 1998. – 412 с



ЛОБАНОВА
Татьяна Анатольевна,
научный сотрудник музея
КГУ ОШ №3, член совета музея
г. Аксай, Бурлинский р-н, ЗКО



НЕМИРОВСКАЯ
Людмила Ивановна
руководитель музея
КГУ ОШ №3
г. Аксай, Бурлинский р-н, ЗКО

Из истории развития станции Казахстан



Аннотация

Статья посвящена истории становления и развития станции «Казахстан» с момента ее образования.

Аңдатпа

Мақалада «Қазақстан» станциясының құрылу сәтінен бастап ХХ ғасырдың 60-жылдарына дейінгі даму тарихы баяндалады.

Ключевые слова: станция «Казахстан», железная дорога, депо, пассажирский поезд, товарный состав, Великая Отечественная война, освоение целины, элеватор.

Без прошлого нет настоящего и будущего. Значит, не зная своего прошлого, пройденный путь и историю, очень сложно, порою невозможно создавать, творить новое, идти вперед, ибо у основы прошлого, как и у человека, есть дата рождения, есть своя история.

Современный этап развития казахстанского общества характеризуется громадным интересом к истории, к прошлому Казахстана. Этот интерес закономерен и понятен. Он является одним из проявлений развития личности в демократическом обществе. Одним из основных источников чувства гражданственности является память о прошлом. Знание ратных подвигов своих предков, земляков, односельчан делает человека богаче в духовном отношении, способствует выработке активной жизненной позиции.

Страницы истории

В отдалённом прошлом территория Бурлинского района Западно-Казахстанской области являлась частью Великой Заяицкой степи. Она имела богатую природу. Свыше двухсот лет назад на этих просторах паслись дикие лошади-тарпаны, много было степных волков, давших этим местам название – бөрілі (волчье) приволье, обилие трав, водных источников, а также плодородность почвы обеспечивали степняков условиями для

развития скотоводства, выращивания зерновых, бахчевых культур.

17 мая 1804 г. в письме Оренбургского военного губернатора, князя Г.С. Волконского министру внутренних дел графу В.П. Кочубею сообщается о земледелии у казахов-семиродцев, проживающих по реке Илек в аулах Табынского рода Елкичинского отделения.

Именно на этой территории казахи Младшего жуза вели оседлый образ жизни. Строили поселения, занимались земледелием. Для своего зимовья они выбрали местечко Карашыганак, где ныне расположено месторождение.

В конце 19 и начале 20 веков возникают новые поселения. Они появляются на бухарской стороне, как переселенческие поселки. Это были





по преимуществу украинские переселенческие поселения, строившиеся около казахских форпостов, выдвинутых в казахскую степь. В 1888 году начинают появляться отдельные переселенческие поселения.

В большом количестве движение переселенцев в крае, в частности, в нашем районе, началось после 1905 года.

В 1915 году на том месте, где ныне расположен город Аксай, возникло поселение под названием Новогеоргиевское, основанное украинскими крестьянами-переселенцами из Екатеринославской губернии.

До революции 1917 года здесь, где сейчас стоит наш город, была пустынная местность, степную растительность представлял ковыль, перекатипole, кое-где меж сопok по оврагам росли кустарники карагана, дикой вишни, серебристого лоха. Населенные пункты, в основном, состояли из казахских аулов. Там, где расположены дорожно-строительные организации, находился аул №13. Население в основном занималось животноводством.

Итак, в прошлом веке на месте нынешнего Аксая располагался поселок Новогеоргиевка, который дал начало нашему городу. В 1915 г. в связи с началом строительства участка железной дороги длиной 215 км, Уральск -Соль-Илецк, существенно сократился путь из центра в Среднюю Азию, но первая мировая война, разруха надолго прервали развитие региона.

Интересно отметить, что научные обоснования прокладки линии Уральск-Илецк были сделаны еще в 1904 году. В то же время проектировались линии: Уральск-Царицын, Уральск-Акмолинск.

Прокладка линии Уральск-Илецк началась в январе 1914 года, и к июню 1917 г. на 50% были выполнены земляные работы и уложены рельсы со стороны Уральска до ст. Анкаты. Со ст. Чингирлау были заложены фундаменты опор через р. Урал. На строительстве использовались военнопленные турки, австрийцы, венгры, чехи.

В середине 20-х годов по инициативе Уральского губисполкома началось строительство линии Уральск-Илецк. Зимой 1935 года стали завозиться строительные материалы, начальником строительства был назначен С.И. Друян, который ранее возглавлял строительство железной дороги «Валуйки-Балашов-Пенза».

Строительство велось одновременно со станций Уральск и Соль-Илецк. Встреча произошла на ст. Казахстан. На стройке работало 6 тысяч человек, из них 2 тысячи рабочих из Бурлинского, Теректинского, Чингирлауского районов нашей области. Было построено 10 средних, 88 малых мостов через реки и овраги, 6 станций, 55 жилых зданий для путейцев вдоль линии, 2 паровозных депо, 2 электростанции. Три ажурных фермы по 110 метров и четыре по 88 метра гордо вознеслись над рекой Урал, они сохранились до нынешних дней. Конструкторы-инженеры обучали рабочих новой технике.

1 декабря 1936 года путь длиной 265 км был уложен. Первыми испытали мост через реку Урал машинист паровоза ШИ-3537 Смирнов, помощник Мальков, кочегар Черкасов. Приемная комиссия НКПС, возглавляемая крупным специалистом Колодяжным, приняла стройку с высокой оценкой. Стройка явилась школой для многих тысяч людей разных национальностей.

С постройкой моста через Волгу в 1935 году, стал курсировать пассажирский поезд «Москва-Уральск», а 15 мая 1938 года было открыто сквозное движение через Уральск поезда «Москва-Алма-Ата». Уральское отделение стало лучшим на Рязано-Уральской железной дороге. С постройкой линии Уральск-Илецк Уральская область получила прямой железнодорожный выход в республики Средней Азии, в Сибирь и Южный Урал, которые стали иметь железнодорожную связь с экономическими районами европейской части Советского Союза. Это способствовало развитию народного хозяйства Казахстана.

В 1936 году, когда была проложена железнодорожная ветка, соединившая город Уральск и станцию Илецк было решено заложить станцию. И с 1936 года развернулось строительство станции «Казахстан», через которую проходит связь юга

Казахстана, Средней Азии с Россией, с её Поволжьем, Центральной Россией, а также с Уралом и Сибирью.

Местное население было не в силах управляться с таким огромным объёмом работ, поэтому потянулись в казахскую степь люди со всей страны. Это были люди разных национальностей из бывших союзных республик.

Первый пассажирский поезд из Уральска на Оренбург прошёл 11 июня 1937 года. В это же время было построено оборотное депо со всеми службами. Там производили ремонт и обслуживание паровозов, а затем и тепловозов. В южной части станции было построено здание телеграфа, отдыхающий пункт и сама станция со всеми пристройками. В это время строятся: больница, школа №46 (ныне №5), детские ясли, двухэтажные деревянные и каменные жилые дома для железнодорожников. Других производств до войны больше не было. Вскоре новый посёлок получил название «Казахстан». Это произошло в 1938 году.

С перенесением на ст. Казахстан хлебоприёмного пункта завершилось строительство железной дороги и образовался Бурлинский район.

С началом Великой Отечественной войны ст. Казахстан, как и вся Уральская область, превратилась в прифронтовую зону. Через нее шли эшелоны с военной техникой, продовольствием, пополнением для сражающейся армии, в депо ремонтировался подвижной состав. В годы войны в депо работали одни подростки и старики. Они работали под девизом: «Всё для фронта! Все для победы над фашизмом!» И потянулись через нашу станцию поезда с одним назначением – «Для фронта!»

Во время войны на станции была организована автобаза и сенопункт, которые занимались заготовкой грубых кормов для нужд Красной Армии. В послевоенные годы наш район стал интенсивно заниматься хлебопашеством, поэтому для хранения зерна были построены склады хлебоприёмного пункта.

В 1954 году началось освоение целинных земель в Поволжье и Казахстане. Молодёжь с энтузиазмом откликнулась на призыв: «Все на целину!». Через нашу станцию опять пошло много поездов с людьми, техникой, которые ехали на целину. Люди осваивали новые земли, строили новые посёлки. Много молодёжи приехало в Казахстан из Украины, Белоруссии, Молдавии, России.

В 1958 году был построен Казахстанский элеватор. Высота его 60 метров, по своей мощности он был один из крупнейших в Республике. На строительстве элеватора работало 1,5 тысячи че-



ловек. Стройка имела всесоюзное значение и была оснащена современной техникой. В середине 50-х годов строятся другие предприятия: хлебозавод, молокозавод, Казсельхозтехника. В 1956 году строится школа №1.

В 60-е и 70-е годы заметны большие перемены: развернулось жилищное строительство, на месте землянок появились современные дома, новые улицы. В 1962 году начала работать первая музыкальная школа на 60 учащихся. С 1963 года посёлок городского типа Казахстан становится районным центром. В новом райцентре строятся административные здания, районная больница, кинотеатры «Октябрь», «Дружба», 4-этажные дома по ул. Советская, активно идёт жилищное строительство, растёт население.

Прошли годы, многое изменилось в архитектурном облике Аксая, но в центре его стоит исторический объект - железнодорожная станция с вокзалом и другими службами. Радует своим обликом отремонтированный вокзал. Здесь десятки лет работали замечательные люди.

В 2004 году отмечали 100-летие железных дорог Казахстана – это большой праздник для всех, кто был причастен к этой работе и трудится в настоящее время. Важный штрих к этой дате – строительство железной дороги Уральск-Илецк, которая проходит через станцию Казахстан. Об этом вспоминает М.Т. Надточий, ветеран Уральского отделения перевозок.

Использованная литература:

1. «Люди и годы» Аксай 1995 г. (Музей ОШ №3)
2. «Панорама Карачаганак» статья «К 100-летию железных дорог» (ст. Казахстан 2004 г. ОШ №3)
3. Бокаев М. статья «Страницы истории района» («Бурлинские вести» 1999 г.) Архив.
4. Книга «Карачаганак история развития» 2005 г. библиотек ОШ №3



ӘБІЛПЕЙСОВ
Жәнібек Тастайбекұлы
М. Өтемісов ЖОББМ, ҚББП-і,
Ақжайық ауд. БҚО

Ұлы даланың ұлық перзенті – Жапарберді батыр

(Облыстық «Менің Отаным – Қазақстан» туристік-өлкетану жасақтары слетінің «Туризм-спорт, денсаулық, демалыс» номинациясы бойынша I орын алған жұмыс)



ҚАЙЫРЖАН Аэлита
М. Өтемісов ЖОББМ-нің
8 сынып оқушысы
Ақжайық ауд. БҚО

(Соңы, басы өткен сандарда)

2.6 Мәтенұлы Кескір-Көбен батыр

Құлбарақтың Көбен атты немере інісі қылышкер батырлығынан Кескір Көбен атанған, әрі жауырыншы көріпкелдігі бар адам екен. Құлбарақ жорыққа аттанарда Көбенге жауырынға қарап бал аштырады. Көбен жорықтың сәтсіз, әрі қайғылы аяқталатынын сезсе де:

– Жауырының нендей жайды болжап тұр? – деп сұраған ағасына батылы барып шындықты айта алмайды.

– Жорық ауыр болады екен. Оны қалып бірі қайта ма, әлде бірі қалып оны қайта ма? Осы жолғы сапардың сыры белгісіз болып тұр, – деп кібіртіктей жауап береді.

Көбеннің түсініксіздеу болжамының сырына түсінген ел ағалары Құлбарақтың шылбырына жабысып тоқтау айтқанымен, батыр ешкімнің сөзіне құлақ аспайды [8, 65 б.].

Бұл оқиғаны Ығылман ақын былай суреттейді:

«...Артынан кеткен жаудың қуыспаққа
Саралап аптал ерлер іріктелген
Құлбарақ, кескір Көбен кетті бірге
Тап болып сол қуғынға жігіттермен.
Құлбарақ, Жапарберді, кекшіл Көбен,
Секілді алмас қылыш, кескір Көбен
Қасында Батырбек пен бар Байтөбет
Мастанып ашуланса сес білмеген.
Барлығы бел немере, саф батырлар
Жау десе жан аямас дәстүрменен
Ерлері Қаратоқай сол жауда өлді
Құлаққа оннан кем деп естілмеген...
...Аз қазақ көп кісіге қарсы тұрған,
Қашуға қара басып бетін бұрған.
Түсіріп Құлбарақ пен он батырды,

Түркімен қаптай шауып қолды қырған.
Адайдың қатыны мен баласы үшін,
Он батыр сол соғыста болды құрбан» [15, 217-218 бб.].

Елі мен жерінің амандығы үшін туған жерінің топырағын құшақтап өлген елде арман бар ма?! Олар – бүгінгі біздің мәңгілік мақтанышымыз.

2.7 Қабылұлы Жапарберді батыр

Есболай би ұрпақтарының ішінде Жапарберді батырдың ерлігі мен елге істеген еңбегі бір төбе. Индер ауданына барған сапарымызда жергілікті шежіреші Нұрбек Жұбанышқалиұлы бізге Жапарберді батырдың жас күніндегі ерлігі туралы әңгімелеп берді.

Жылқы малы көбейіп кеткен соң Итемгеннің інісі Көтен батыр 1818 жылы бір топ жас отау батырларды алып, Шетпе жаққа көшеді. Онымен бірге есентемір Есбол батыр мен құлкеш Қайып батырлар бірге жүреді. Осы мезгілдердің бірінде Жапарберді 14 жасында Көтеннің жылқысын бағып жүріпті.

Кенет оншақты түркімен құлкеш Қайып батырдың жылқысына тап беріп, айдай бастайды. Сексен үш жастағы Қайып қарсыласа жүріп, үш түрікменді өлтіріп, өзі де мерт болады. Осы кезде Жапарберді оқ жететін жерден жетеуін атып, біреуін найзаман түйреп түсіреді. Сөйтіп мындаған жылқыны кері қайтарады. Осындай қақтығыстар ол кезде жиі кездесіп тұрған.

Көп жыл өткеннен кейін Мөңкенің Матайы (Мұрат Мөңкеұлының ағасы) Жапарберді батырдың үйіне киіз басу үшін ши сұрап келіпті. Сол уақытта сексен жас шамасындағы Жапарберді үй сыртында отырған көрінеді. Ол: «Ши сұрағандай бұлыңды көрсет!», – дейді. Сонда Матай:

Ер баба, жас күнінде атқа міндің,
Үстіңе тәуекелдің тонын кидің.
Қараойда Қайып Құлкеш шабылғанда,
Қара атпен жалғыз жетіп, шеттен тидің.
Қара атпен шеттен тидің жалғыз жетіп,
Сол күнде қатарыңнан кеттің өтіп.
Түрікменнің көзге шанышқан көкжалдарын,
Бөрідей бөрліктің дөңгелетіп... – деп, төгіп
қоя берген ғой. Сонда Жапарберді: «Матайым
болайын деп тұр екен, керегің болса ала ғой» – деп
риза болған екен.

«1832 жылғы болған қырғында Жапарберді
батыр 29 жаста екен» – дейді Индерлік шежіресі
Нұрбек Жұбанышқалиұлы.

Жапарберді – Қабыл Итемгенұлының жалғыз
баласы еді. Сондықтан қол бастаған батырлар
қазақ халқының: «қанша батыр болса да, жауға
салма жалғызды» деген қағидасын қатаң сақтап,
бір атадан ұрпақ қалмай қалады деп оны қатерлі
жорықтарға көп ерте бермейді екен.

Қартайған әкесі баласының ата даңқын
шығарар көптеген ұрыстарға қатыса алмағанына
іштей қапаланып: бұл – «батыр ауыл» атағына кір
келтіру деп, үйінде жатып алады екен. Сол жолы
мықты найзагерлігімен танылған Жапарбердінің
өзі де намыстанып:

– Жорыққа аттанамын, батаңды бер» – деп
әкесіне келеді. Қанша намыстанғанымен, жалғыз
баласын қимаған әке қатты қиналып отырып
қалады. Баласы қайта-қайта келіп бата сұрап
қоймаған соң:

– Я, көрініп кел, я көміліп кел! – деп бата
береді. Қасиетті әке батасы қабыл болып, қырғын
соғыстан Жапарберді аман оралады. Сол соғыста
Жапарберді Құлбарақты өлтірген Назарды найза-
мен аттан аударып түсіріп, торы атын алып кеткен
деседі. Кейін сол торы атты Сүйінқара би қалап
сұрағанда Жапарберді:

– Бұл мен үшін қымбатқа түскен ат», – деп
бермейді.

Ақын Ығылман Шөреков Жапарбердінің осы
қырғыннан қалай аман құтылғанын былай жыр-
лайды:

«...Ер еді осы айтқандар шыққан топтан
Тек емес ат шығарған құрғақ мақтан.
Құтылды жалғыз қашып Жапарберді
Кек алып келген қарсы Назарбақтан
Бақыға бауыздаудан найза салып
Қызыл қан ат бауырына судай аққан» [15, 218
б.].

Найза ұшы жанап өткен түркімен Назар жа-
раланып аман қалады. Құлбарақтың анасы оған
жақын қарындас болғандықтан соғыстан соң өз
кәтелігін түсініп:

– Жиенім Құлбарақты өлтірдім, енді бұл
дүниеде маған орын жоқ, – деп өзін-өзі өлтіріпті
деседі [10].

Құлбарақ батыр кіндіктен жалғыз Жапарберді
бауырына жол ашып беру үшін саны көп жаудың
ортасына өз еркімен түскен деген сөз бар.

1832 жылғы күзде болған Қарнаудағы
қырғында қырылған көп батырдың ішінен
жалғыз Жапарберді батырдың аман қайтуы, оған
бұл шайқастан да үлкен, бұдан да ауыр аманат
жүктелгелі тұрғанының белгісі еді.

3 ҮСТІРТ ТАҒДЫРЫН ШЕШКЕН ҰЛЫ ШАЙҚАС

Қазақ тарихында небір қанды қақтығыстар
мен ұлы шайқастар жер мен ел үшін болған.
Ұрпағыма қолайлы қоныс қалдырсам деген арман
қазақтың ерлерін тыныш ұйықтатпай, сырттан
келген жауларға арыстандай ақырып қаймықпай
қарсы шыққан.

Қара қазан сары баланың қамы үшін құрбан
болған батырларымыз, өлген соң әулиеге айналып
кейінгі ұрпағын желеп-жебейтін еді. Аруаққа
сыйынған, аттанға жиылған халықтың кие тұтар
орны батырлардың қабірі жатқан құба дөң болса
керек-ті.

Туған қазақ жерінің әр тұтамында ер қазақтың
қаны мен тері сіңген. Атамекен, атақұлдік жеріміз
сол себепті біз үшін киелі, қасиетті саналады.

Үстірт тағдырын шешкен ұлы шайқастар
Маңғыстау жерінде көп болды. «Малын аямаған –
бай, жанын аямаған – батыр болады» деп Сырым
айтпақшы, осы ұлы шайқаста қазақтың талай асыл
ерлері шейт кетті. Тек кеткен жоқ, жастығын ала
кетті. Өздерімен бірге дұшпанның бес-алтауын
жер жастандырып барып құрбан болды. Бүгінгі
бақытты ұрпақ осы батырлардың рухы алдында
мәңгілік қарыздар екенін жүрекпен сезініп, баба-
лар рухына тиісті құрметін жасап тұрса, бабалар
ерлігін ұмытпаса дейміз.

Үстірт тағдырын шешкен ақырғы ұлы шайқас
1833 жылы көктемде түркімен жерінде болыпты.
Бұл кезде былтырғы батырлардың қазасы үшін
кек алмақ боп жорық жасаған қазақ жасағын ту
ұстап Табылды батыр бастайды. Жасы сексенге
келіп қалса да, «жаным – арым садағасы» деген
сертпен өмір сүретін хас батырға тән қасиет
оны үйінде қалдырмай майдан даласына алып
келді. Қол шекараға жеткен кезде алдарынан
ақ ту ұстаған 3 салт атты елші шығып Аллақұл
ханның хатын жеткізеді. Хатта: «былтыр 3000
қолмен барып, 2500 адамнан айырылып елдің көз
жасына қалдық. Енді осы жолы бұл шайқас екі
батырдың жекпе-жегімен бітсін. Егер қазақ жеңсе,
зындандағы қазақтарды бостандыққа шығарамыз,

барымтаға алынған малды түгел және Үстірт төбесін қазақтарға қайтарамыз. Біздің жеріміз Қызылқұммен бітеді. Егер Түркімен жеңіске жетсе, Үстірт мәңгі біздікі, әрі теңіз жағалауында жатқан екі ірі ауылды аламыз, – дейді [24].

Күн ұясына батқан шақта Табылды би:

– Кештікұрым жын мен пері құтырады. Таң атысымен аруаққа сыйынып, шайқасты бастаймыз, – дейді.

Екі жақ осыған келісіп түнгі ұйқыға бас қояды. Түркімен жағы: «былтыр бұлардың бар батыры қырылды. Қазақта енді бізге қарсы тұрар батыр қалды деймісің?» – деген сеніммен жүреді. Ел мен жердің тағдыры сынға түсер сағат таянып, тек таңның атуын ғана күтіп тұр еді.

3.1. Жапарберді батырдың жекпе-жегі

Жапарберді батырдың жекпе-жегі өз көзімен көрген арғы бабасынан қалған әңгіме бойынша сабақтаған Нұрбек шежірешіге кезек берейік.

Сонымен 1833 жылдың сәуір айында Табылды мен Сүйінғара 1500 қол жинайды. Аттанасы алдында Табылды би:

– Сүйінғара барса, түркімендердің арам ойы іске асып кетер. Сондықтан адай жақтан Абыл жүрсін. Жапарберді балам, Абыл нағашың мен маған аттың тілін білетін екі жақсы атбегі дайында, – дейді.

Сонда Жапарберді Мұраттың әкесі Мөңкені Табылды көкесіне, ал Абылға Жәнібекұлы Жарылғасты атқосшы ғып беріпті.

Нұрбектің бесінші атасы 1815 жылы туған Жәнібекұлы Жарылғас 1833 жылы Жапарберді Маңғыстауды жекпе-жекте жеңіп алатын атышулы шайқасты көзімен көрген. Құлбарақтың әкесі Табылды би ту ұстап бастап барған сол шайқаста 18 жасар Жарылғас Абыл ақынның атқосшысы болған. Жорықтан келген соң Абыл атқосшысының қызыметіне риза болып, оны қонақ қылады.

Сонымен шайқас басталатын сәт жақын. Таң алдында Жапарберді жекпе-жекке шығу үшін Табылды көкесінен бата сұрайды. Алайда ол Қабыл інісінен қалған жалғыз тұяқ екенін, мерт болса, обал боларын айтқанмен Жапарберді орда бұзар отыз жаста екенін, әкесінің кегін алатынын айтып, бата сұрайды. Табылды бетін қайтармай батасын береді.

Таң атқан соң Аллақұлдың уәзірі Сүйінпышақ бастаған қол келіп жетеді. Түркіменнің астында қамыс құлақ ақалтеке мінген 40-45 жастағы батыры құбыла жақтан шықса, жал құйрығы төгілген ақ бақай қара ат мінген Жапарберді батыр күн шығыстан көрінеді.

Екі қалың қолдың ортасында жекпе-жек

басталып, алты рет біріне-бірі келе алмайды. Жетінші мәрте шапқанда, қазақтың күміс қалқаны сәулеленіп, Сүйінпышақ Жапарберді келіп қалды екен деп найзасын ерте көтеріп жібереді. Осы сәтті ұтымды пайдаланған қазақ батыры көтеріліп бара жатқан найзасын жоғары қарай қағып жібереді де, жұмсақ тамағынан түйреп үлгереді.

Осы сәтте Сүйінпышақ өкіріп барып, жер тырмалап аттан құлады дейді. Жерден айырылып бара жатыр ғой! Жапарберді оның атын жетектеп жүре береді. Ол кезде жеңген адам құлаған батырдың атын алу міндетті болған.

Осыдан соң Аллақұл уәдесін орындайды. Сол жылы күзге дейін түркімен жұрты бұл жерді

Кейін Абыл ақын Табылдыдан: Жапарберді неге ақ бақай қара атты таңдады? – деп сұрайды. Сонда Табылды:

– Қара тіл-көзден сақтайды. Қара қойдың сорпасын ішіп, терісіне орансаң қара құрттың зәрі қайтады, қара сиырдың сүтін іпсең ем болады, кіндіктен жалғыз бала қара атқа мінсе, қасиеті жұғады, – деп жауап беріпті.

Жеңіске жетіп, елге келгеннен кейін Табылдының көңілі марқайып:

– Құлбарақ баламның ізін Жапарберді жалғастырады, – деп 300 қол береді. Ал, беріштің жолы үлкен деп сыйлайтын Абыл ақын атқосшысы Жарылғасынды қонақ етіп жатқанда Сүйінғара келеді. Ол Хиуаға сапар барысын сұрайды. Сонда Абыл:

Намыстанып бай ұлы он екі ата,
Алты сан алаш жиылып жауға барды.
Аттанып мың жарым қол Хиуаға,
Ер Табылды ту ұстап бастап барды.
Қабылдан туыпты Жапарберді,
Көзге шанышқан текті, дара тұлға берді.
Ер Жапар бес қаруын сайлағанда,
Итемгеннің Табылдысы бата берді, – деп жорық жеңісін баяндайды.

1841 жылы қатты қыс болып, Жапарберді түгел жылқысынан айрылып, құрық ұстап қалады. Алайда кейін екі жылда 3 мыңға жуық жылқы жинап алған. Бірде осы жылқыға жау шауып, батыр дереу аттанып, біреуін шалқасынан түсіреді. «Өлтір» дегенде өлтірмей кетеді. Сөйтсе ол жемнің адайлары екен. Кейін кешірім сұрап келіпті. Тани кеткен батыр:

– Сол бала сен емессің бе? Сендерге жерді мен алып беріп едім. Енді өзімді шапқандарың не? – депті дейді ел ішіндегі әңгімеде.

3.2. Жапарберді батыр қайда жерленген?

Жапарберді Сүйінқараның баласы Көтібар, Исатайдың баласы Жақыптармен бірге Ресеймен арадағы қақтығыстарға да қатысқан деседі.

Батырдың қартайған шағында күздің бір күні ағайындары қару жарағын сұрай келіпті. Сонда ашуланған ол қанжарын санына тығып, қанымен ұсынған ғой. Оны көрген туыстары батырдың қаһарынан қорқып, дереу шығып кетеді. Сол жарасы суық кезек болып, 1904 жылы 101 жасында дүниеден өтіпті. Ауру қысқанда «одан да ұрыста өлгенім артық еді ғой!» – деп қиналған екен.

Жалпы Жапарбердінің үш әйелінен 13 бала дүниеге келіп, кейін олардан көптеген ұрпақ тараған [24].

Бір ұлын жасырақ кезінде Тұздықөл жағасында жылқы бағып жүргенде тұзға келген орыстар өлтіріпті. Батыр қаһарына мініп, намыстанып балаларын түгел атқа мінгізіп орыспен соғысуға аттаныпты. Сол кезде баласының кішісі 8 жаста екен. Оны ағасы Қараның ұлы Есет би: «ұрпағыңды текке қырып аласың, райыңнан қайт» деп тоқтатқан.

Жапарберді батыр аға сөзін аттамай кері қайтыпты. Батыр 95 жасқа келгенде баласы Қожанияз 1898 жылы 72 жасында орыспен соғысып мерт болады. Оны осы Дәрі қауымына әкеліп жерлеген.

Жапардың сүйегі немересі Үмбетбайдың қолынан шығыпты. Үмбетбайдың баласы Адайбектен тараған тұқымдары бүгінде Индерде тұрады.

XIX ғасырдың басында Есентемір Есбол батыр Маңғыстау жерінде түркіменмен соғысып жүріп қапияда жігіттерімен жау қолына түсіп қалады. Оларды Аллақұл хан Жапарберді жекпе-жекте жеңгеннен кейін ғана босатқан. Есбол батыр кейін туған жері Қарабауға қайтып көшіп келіп, осы жерде қайтыс болған. Сүйегі Бөкен би жерленген қорымда дейді.

Жапарберді батырдың өзі қайда жерленген?

Жапарберді батырдың ұрпағы тарихшы Мұхамбетқали Қипиев атасы туралы: «батырдың өмірбаянындағы басты ақтандақ – оның ұрпағы туралы емес, Жапарбердінің өмір сүрген жылдары мен мүрдесінің қайда жерленгендігінде. Бұл сұраққа жауапты батырдың алтыншы ұрпағы әрі тарихшы ретінде өзім 20 жылдан астам іздедім. Айта кетер жайт, оның бейіті туралы ақпарат әр жерде әртүрлі айтылып келді. Мәселен, бір деректе ол өзінен бұрын қайтыс болған Игілік атты баласының атына орай пайда болған «Игілік» атты қорымға қойылды десе, бірқатар ақпарат берушілер ескі Қарабаудағы «Мән» зиратында, енді бірі Мұрат Мөңкеұлы жерленген қорымда жатыр деген әңгімені айтты. Келесі бір деректе «Дәрі қауымында жерленген» делініп, оған Жайық бойындағы Жапарбердінің ұрпақтары ескерткіш тақта қойған еді.

Бұл мәліметтің анық-қанығын анықтау үшін 2003 жылдан бастап арабтанушы мамандармен аталған зираттарды іздеп, олардағы арабша жазуларды оқытуға жұмыстандым. Бірақ, талпынысымыз бірден нәтиже берген жоқ. 2004 жылы Дәрі қорымындағы құлпытастарды оқытқанда, ол жерде Жапарбердінің 1898 жылы 72 жасында қайтыс болған ұлы Қожанияздың құлпытасы анықталды.

Осыған орай, соңғы уақытта кейбір ағайындар арасынан осындай бірнеше бөлікке бөлініп, жазуы кетіп қалған құлпытастың бірін Жапарбердінің ретінде көрсету жайттары болды. Әрине, бұл әрекеттің астарында батырдың есімін ұлықтау сияқты жақсы бастама болғаны сөзсіз. Дегенмен, жазуы көрінбейтін құлпытасты батырдікі ретінде тану, тарихқа қиянат жасаумен тең болатынын түсініп, әлеуметтік желіде «Жапарбердінің құлпытасын таптық» дегендерге асығыстыққа бармауға шақырдым» – деп жазды «Атырау» газетінде [26].

Бұл мақала біздің зерттеу экспедициямызға қарата айтылған жауап болатын. Бізбен кездесіп «Жапарберді батыр құлпытасын білемін» деген шежіреші Нұрбек ағайынның әрекеті, әрине тарихымыз жоғалмасын деген жанашырлықтан туған ниет қана. Біздің жас өлкетанушылардың Дәрі қауымына арнайы барып Жапарберді батыр құлпытасын анықтамақ болғанымыз үлкен ғалымдарға, осы сала мамандарына қозғау салғаны сөсіз.

Нәтижесінде Жапарберді батырдың көптен бері табылмай жүрген құлпытасын Атырау ғалымдары анықтап, айдай әлемге паш етті.

Келесі жұмыс қазақ тарихында есімі алтын әріптермен жазылар Жапарберді батыр есімін ұлықтап, басына күмбез орнату. Ерлік тарихы жазылған тақта орнату болмақ.

3.3. Жапарберді батырдың құлпытасы мен жасына қатысты сөз

Индерлік шежіреші Нұрбек Жұбанышқалиұлы Жапарберді батырды 1803 жылы туып, 1904 жылы 101 жасында дүниеден өткен деп санайды. Олай болса 1833 жылы Сүйінпышақпен жекпе-жекке шыққан кезде батыр 30 жаста болғаны.

Кейбір деректерде Жапарбердіні 1816-1917 жылдар арасында ғұмыр кешкен деп жазады. Онда 1833 жылы Жапарберді 17 жасар бозбала боп шығады. Елдің тағдыры шешілер жекпе-жекте ел ағалары 17 жасар жас жігітке сеніп тапсыруы ақылға симайды.

Нұрбек шежіреші: «Жапарберді батыр 1833 жылы 17 жаста болды деген дерек қате. Қарттардың айтуынша Жапарберді батыр Құлбарақ батырдан 16 жас кіші екен. 1832 жылы Құлбарақ 45 жаста

болса, Жапарберді 29 жаста болыпты» дейді.

Осы орайда барлық даулы пікірге заттай айғақ нәрсе ғана нүкте қоятыны белгілі. «Батырдың шын құлпытасын таптық» деген Атыраулық маман-ғалымдардың пікірін тыңдау бұл жерде маңызды.

Батырдың ұрпағы Мұхамбетқали Қипиев: «Құлпытастарды Атырау облысы тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығы басшысының орынбасары Фархад Байдаулетов пен орталықтың тарихшысы Р. Қуанов биыл жазда қорымға жүргізілген мониторинг барысында бірлесе оқыды. Нәтижесінде, бірнеше қырлы оюланған, бірақ түбінен бір сынып жатқан құлпытастан батырдың есімі анықталды. Құлпытастың сақталуы жақсы, дегенмен бірқатар жазулары өшкен. Соның өзінде мамандар одан: «Әль мархум, мағфур, Беріш руғының Қаратоқай тайпасынан Айтболат бөлімінен Жабар Қабылұлы опат 83 жасында 1899 жылы ... бақиға рихлат қылынды ұшбу ... тасты жаздырды Сүйін мырза» деген сөздерді оқыды» деп жазады «Атырау» облыстық газетіндегі «Жапарберді батыр қайда жерленген?» атты мақаласында [26].

Демек бұл дерек бойынша Жапарберді батыр 1816-1899 жылдар арасында өмір сүрген екен. 1832 жылғы қырғында ол 16 жастағы бала боп шығады. Батырлардың бәрі қырылғанда 16 жасар бала 3 мың түркіменнен қалайша сытылып аман шыға алады?

Бұл жарияланған мәліметтерді саралап ойлана келе кейбір даулы тұстарға тоқталмай кетуге болмайды.

Дәрі қауымындағы тігінен тұрған, еңселі, бес қару таңбалы құлпытаста: «Беріш руы, Қаратоқай тайпасы, Итемген бөлімі, Жапар ұлы Қожанияз 1898 жылы 72 жасында опат болған. Белгі қойған баласы Төлеш» деп жазылған. (Төлеш үлкен немересі екен)

Біз Қожанияз Жапарбердіұлы (1826-1898) жылдары ғұмыр кешкенін білдік. Нұрбек шежіреші: «Қожанияз – Жапарбердінің екінші әйелінен, 5-ші баласы» – дейді.

Сонда Жапарберді өзінің бесінші баласынан небәрі 10 жас үлкен боп тұр ма? Бұл да ешбір логикаға симамайды.

Араб таңбалы құлпытастағы сандардың ұқсас екенін, оны оқу барысында кейбір өшіңкіреген таңбалардан адамның қателесуі мүмкін екенін ескеріп, Жапарберді батырды 1783-1866 жылдар арасында ғұмыр кешкен деп есептеп көрсек 1832 жылғы Қарнаудағы қырғында ол 48 жаста, яғни 45 жастағы Құлбарак батырдан 3 жас үлкен, өзінің бесінші ұлы Қожанияздан 43 жас үлкен

боп шығады.

Міне бұл аздап ақылға соғады. Өйткені Сәбит Салқынұлы құрастырған «Хиуадағы құпия немесе Құлбарак батыр» атты кітапта Жапарберді батырды Құлбарактың ағасы қылып суреттейді [9].

ҚОРЫТЫНДЫ

Жаратылыстың заңына бағынатын, оны мойындайтын халық оңайлықпен қалыптаспайды. Ол бұл ұзақ жолда үлкен-үлкен құрбандықтар жасайды, бастарынан талай қиыншылықтарды кешеді. Кез келген халық оқтай түзу, кедір-бұдырсыз тарих даңғылына түсіп, қытай, орыс, француз, жапон, ағылшын, қазақ болып шыға келген жоқ. Халық болу үшін талай заманалар асуынан өтеді, ғасырлар тоғысында отқа күйеді, суға батып шындалады, іргетасын қалап, шаңырақ көтереді. Тарих көшіне ілескелі өзінің ұзын сонар қалыптасу ғұмырында жер бетінде «мың өліп, мың тірілген», еңсе көтерген халықтардың бірі қазақ – сайын даланың ержүрек, қаһарман перзенттері.

Сол, қазақ елдігін, тілін, дінін, ата-баба салты мен дәстүрін әдет-ғұрпын сақтауда, қысылтаяң күндерде шаршы топта көсем сөздің иесі, жау келгенде ту байлап, қол бастайтын елінің арыс дарабоздарымен ерекшеленеді.

Батырлар – дәстүрлі қазақ қоғамында болған ерекше әлеуметтік топ, қаһармандық – батырларға тән қасиеттер мен өмір салты. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы батырлардың өздеріне тән ар-намыс кодексі, жауынгерлік этикасы мен дәстүрі де қалыптасты. Олар ерлік пен ізгілікті мұрат тұтты. Нағыз батыр жүрегі ізгілік пен мейірімге толы, достыққа адал, сертке берік, елге тұтқа әрі пана бола білетін тұлға болды.

Елінің бүтіндігі мен жерінің тұтастығы үшін «егеулі найза қолға алған» батыр бабаларымыздың жанқиярлық күресі ешқашан іс-түссіз жоғалмақ емес.

Десек те өкінішке қарай, ел қорғаған батырларымыздың көпшілігі өзінің тарихи бағасын әлі толық ала алмай жүр.

Қазақ: «ай – ортақ, күн – ортақ, жақсы – ортақ» дейді. Күллі қазақ жұртына ортақ, ерлігі ескірмес батырдың бірі – Жапарберді Қабылұлы.

Жапарберді құр топырақтан өсіп шыққан жалқы батыр емес. Аржағы қазаққа қоңсы қарап, жерін кеңейткен Есболай би мен оның баһадүр ұрпақтарынан. Бабаға тартып батыр боп туып, бүгінде жерінің киесіне айналған қасиетті батыр. Мұрат ақынның сөзімен айтсақ:

«Итемгеннен туыпты,
Қара менен Табылды,
Қалдыбай, Мәтен, Қабыл-ды

Сол ерлердің тұсында,
Дұшпаннан кегім алынды.
Жапар атқа мінген соң,
Көк найзаға жалынды.
Сөйтіп жүрген ерлерді
Алып кетіп қара Жер
Беріп кетті-ау зәбірді»

Туғаннан өлгенше жаумен арпалысып, Үстірт сынды алып даланы алып қалған Жапарбердідей батырдың халық үшін қылған қайраты мен еңбегіне сай бүгінгі ұрпақ атынан ескерткіш белгі қойып, зиярат орнына айналдырған дұрыс деп есептейміз.

Рухани дамудың заманауи әдістерін ескере отырып, жаны да тәні де сау ұрпақ тәрбиелеп шығару үшін ішкі туризмді дамыту – бүгінгі таңдағы басты мәселе.

Біз Жапарберді батыр жерленген Дәрі қорымы болашақта қазақ тарихын зерттеуші ғалымдар

мен ерлікке тағзым етуші халықпен қоса шетелдік туристер де іздеп барар киелі орынға айналатынына сенеміз.

Өйткені Жапарберді батырға барғысы келген адам бұл киелі өңірмен танысып, тау-тасты да, үңгірді де, бұлақты да, көлді де көріп тамашалап, табиғат ғажаптарынан эстетикалық ләззәт алады. Батырлар мен билер, ақындар жерленген киелі орындарды зияраттап жанына рух алады. Осы маршруттың бойында орналасқан Тұздықөлдін киелі емдік балшығы мен қасиетті бұлағына түсіп, денсаулығын нығайтады.

Біздің зерттеу экспедициямыз сапар барысында осы киелі жерлердің маршрут-картасын жасап, JPS координаттарын анықтап бекітті.

Біздің осы жұмысымыз қазақтың елі мен жері туралы тереңірек білгісі келетін туристерге жаңа маршрутқа жол ашып бермек. Лайым еліміз – аман, жеріміз – тыныш болсын!

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Есмағамбетов К. Батырлар тарихы – рухани байлығымыз. // Қазақ тарихы-2007. №4. 65 б.
2. Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында. – Алматы; «Санат», 1994.
3. Үсенбаев Т. Алшын шежіресі. – Қызылорда: «Тұмар» баспасы, 2003.
4. Мұхамбетқалиев С., Ахметов К., Ғабдуллин Х. Байұлы мен Жетіру және Төре, Төлеңгіт, Ноғай-қазақ шежірелері. – Орал: «Полиграфсервис» баспасы, 2002.
5. Құлтумаұлы Қ. Аржақтан Тілеубай мен Шолым өткен. Орал: «Ағартушы» баспасы, 2012.
6. Ғабдуллин Ә. Саржала. – Атырау, 1995.
7. Әріпұлы Б. Маңғыстау ақын-жазушыларының кітапханасы. 37-том. – Алматы: «ҚАЗАқпарат» баспасы, 2013.
8. Озғанбай Ө. Маңғыстау ақын-жазушыларының кітапханасы. 47-том. – Алматы: «ҚАЗАқпарат» баспасы, 2013.
9. Салқынұлы С. Хиуадағы құпия немесе Құлбарақ батыр. Алматы: «Атамұра» баспасы, 2007.
10. Хиуадағы құпия немесе Құлбарақ батыр: деректі әңгіме, өлең-жырлар. Алматы: Атамұра, 2007.
11. Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы: «Ана тілі» баспасы, 1991. - 103 б.
12. ҚАЗЫНА. Есет би. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2021.
13. ҚАЗЫНА. Абыл ақын. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2021.
14. ҚАЗЫНА. Есет би. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2021.
15. ҚАЗЫНА. МҰРАТ. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2021.
16. ҚАЗЫНА. БЫҒЫЛМАН. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2021.
17. Аллаярұлы Ж. Мінді Науша атына-ай... // «DANAkaz» журналы, №1(12)2014ж. 28-29 бб.
18. Атырау қазақтарының эпиграфикалық ескерткіштері. I-том. – Атырау: «Ағатай» баспасы, 2017.
19. Қондыбай С. Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары. III-том. 2007. - 157 б.
20. Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства. – Спб.: Тип. Э.Веймара и Ф.Персона, 1865.
21. Кенжалиев И. Исатай-Махамбет. – Алматы: Қазақстан, 1991.
22. Шыртанұлы І. Текті тұлғаның тұнбасы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005.
23. Мұхтарұлы М. Жотасы биік Дендерім. - Атырау, «Ағатай» баспасы, 2010.
24. Омаров Б. Заманнан заман оралған. // «Дендер» газеті, №42 (8245). - 18.10.2019ж.
25. Амантурлин Ж. Үстірт тағдыры жекпе-жекте шешілген бе? // «Дендер» газеті, №25 (8176)-26 (8177); 21-28.06.2018ж.
26. Жапарберді біз ол туралы не білеміз. // «Дендер» газеті, 07.02.2019ж.
27. Қипиев М. Жапарберді батыр қайда жерленген? // Атырау газеті. – қазан – 18 – 2022
28. Қара би, батыр, хан аталған // http://berish.ru/publ/ara_bi_batyr_khan_atal_an/1-1-0-47
29. Беріш руы // <https://alashainasy.kz/shezhire/bersh-ruyi-55344/>
30. Қасиетті Қаратөбедегі мола кімдікі? // https://vk.com/wall-45626196_734
31. Ғабдолқорымұлы С. Ел есіндегі Есболай // <https://atr.kz/qogam/el-esindegi-esbolay/>



ИЛЪЯСОВ
Ахмад Жумагелдиевич
Ақсай қаласы №3 ЖОББМ-нің
тарих пәнінің мұғалімі, педагог-модератор,
пғм, мектеп музейінің жетекшісі,
Бөрлі ауд., БҚО



ИМАШЕВ
Ернар Ержанович
Ақсай қаласы №3 ЖОББМ-нің
9 «Б» сынып оқушысы
Бөрлі ауд., БҚО

Ақбұлақ шайқасы: жаңаша жорамалдар мен болжамдар



(«Балалар даму» академиясының «Махамбет өшпес рух, ұлы тұлға» атты облыстық туристік-экологиялық ғылыми конференциясынан 3 орын алған)

Аңдатпа

Мақалада XIX ғасырдың I жартысындағы Кіші жүздегі қазақтардың ұлт-азаттық көтерілісі, соның ішінде Исатай мен Махамбеттің тағдыры және шешуші «Ақбұлақ шайқасының» болған жері - Батыс Қазақстан облысы, Шыңғырлау ауданы аумағында орналасқан Ақишат ауылдық округіне қарасты Ақбұлақ өзені жағасы мен Торыатбас тауы аралығында болғандығын дәлелдейтін түрлі дереккөздер мен тарихи әдебиеттерді жинақтау арқылы алынған мәліметтер мен мысалдар, болжамдар келтірілген.

Аннотация

В статье приводятся сведения, предположения полученные путем сбора и обобщения различных источников, документов, свидетельствующих о национально-освободительном восстании младшего жуза I половины XIX века, в том числе о судьбе Исатая и Махамбета и о том, что место решающего «Акбулакского сражения» произошло между берегом реки Акбулак и горой Торыатбас в Акишатском сельском округе, расположенном на территории Чингирлауского района Западно-Казахстанской области.

Кілт сөздері: Ақбұлақ шайқасы, Исатай Тайманұлы, Махамбет Өтемісұлы.

Жазба тарихтың бастауы ауызша тарих, ал Жоның бұлағы Дала өркениетінің феномені – сарқылмас халықтың жады. Қазақ халқына тән бұл құбылыстың арқасында дереккөздің бай қазынасы XVIII-XX ғғ. қағаз бетіне таңбаланып, осы таптырмас мирас-мұра ұрпақтан ұрпаққа табысталып келеді. Ойлап қарасаң, қазақ халқы бар болмысын, дүниетанымын, салт-дәстүрі мен бірнеше мыңжылдық философиясын қаз қалпында сақтап, болашақ ұрпаққа осылай аманат етті. Қазақ халқының жады ауызекі әдебиетіне артылған жүкпен қатар сезімнен туындайтын өнер мұрасын арқалап Шоқан Уалиханов, Мұхаммед-Салық Қарауқожаұлы Бабажанов, Александр Затаевич, Ахмет Жұбанов сынды тұлғалардың қолдарына табыстағанша,

нардай көтеріп келгеніне таң қаласың. Ата-бабадан жеткен мұраны іске асыра білу - Тәуелсіз елдің парызы. Сондықтан, Қазақ фольклористикасын бесінші кезеңге жатқызған қазақтардың XIX ғасырдағы хан, сұлтандарға, патшаға қарсы күресін көрсететін Сырым, Исатай, Махамбет туралы тарихи жырлардың бірін алып, тарих ғылымының заманауи талдау әдістерін пайдалана отырып зерттеп, аталған кейіпкерлер жорық кезінде өткен аймақтың жер атауларын топографиялық картаға түсіріп, нақты да маңызды тарихи дереккөзі екенін дәлелдеу үшін өткізген зерттеуім осы мақалаға арқау болды [1, 10 б].

Қазақ Елі Тәуелсіздікке қолы жеткен жылдан бастап халықаралық қарым-қатынастың дербес

субъектісі ретінде өзінің сыртқы саясатын айқындай бастады. Ол үшін бірінші кезекте Қазақстанға ғасырлар бойы ықпал еткен Ресей империясының саясатын зерттеу маңызды еді. Себебі, заманауи Ресей Орта Азия елдерін зерттеу арқылы ықпалын күшейту бағытында сыртқы саясатын жүзеге асыруда. Сондықтан орыс пен қазақтың қайшылыққа толы өзара қарым-қатынасының тарихына зер салу арқылы, заманауи көзқарас пайда бола бастады. Себебі, егемендікті қорғау және тәуелсіздік жолындағы көтерілістерді зерттеу бұрынғыдай тек қана таптық тұрғыда қарау, кейбір жағдайда ата-бабалар сарқыған күш-жігері мен ерен еңбегін мардымсыз, тіпті жоққа шығаруға да жол ашады. Ондай жаңсақ пікірге тойтарыс беру үшін тың деректерді табуы қажет етеді. Сонда ғана тарихи шындық салтанат құрады. Расында, барлық көтерілістер қатал түрде басып-жаншылғанына қарамастан, олар патша үкіметін қазақ қоғамының болмысымен және қазақ ұлтының көзге көрінгісіз әлеуетімен санасуға мәжбүр етті. Мысалы, Сырым Датұлы бастаған көтеріліс салдарынан қазақ даласында 1786 жылдан бастап губерниялық басқару жүйесін енгізу жөніндегі патша үкіметінің жоспары кейінге қалдырылған екен. Ал, бұл реформаның түпкі мақсаты қазақтарды күштеп қоныстандыру арқылы, отарлаушыларға жерді босату еді. Ол үшін алдымен қазақ жерлерін мемлекеттік меншік деп жариялау қажет болды. Тура айтсақ, Ұлы Даланы отарлау саясатын қолдаушы патшаның агенттері осылай пайда болды. Өз заманында билік элитасының теріс пиғылын әшкерелеген Сырым Датұлына сөз берсек:

Хан мен патша қосылып, Құлықтарын асырды.

Құл қылмақшы ұлыңды,

*Қуң қылмақшы қызыңды Шоқындырмақ халқыңды
Жоймақшы қазақ салтыңды.*


Міне, 11-12 уезд басын біріктіріп губерния құру жобасы кемінде 80 жылдан астам кейінге қалдырылып, патша үкіметі оған тек қана 1868-1869 жылдары оралды. Соның өзінде губерния деп атауға сескеніп, Орал облысын құру туралы шешімін жариялауға ғана батылы жетті. Бұл дегеніміз, Сырым Датұлы бастаған көтерілістің заңды жалғасы Исатай Тайманұлы, Жоламан Тіленшіұлы, Есет Көтібаров, Жанқожа Нұрмухамбетов сынды тұлғалар бастаған көтерілістер де патша үкіметінің губерниялық басқару жөніндегі жоспарын және қазақ жерлерін отарлау саясатын шұғыл жүзеге асыруға мүмкіндік бермеді. 1868-1869 жылдары патша үкіметінің реформасы қабылданғанымен Орал, Торғай облыстарындағы, Маңғыстау түбегіндегі көтерілістер қазақтардың қарсылығын анық көрсетті. Сайып келгенде қазақ ұлты өзіндік ерекшелігін, тілі мен ділін сақтап қалды [2, 10 – 11 бб].

Бүгін рухы биік қазақ даласы тәуелсіздікке қол жеткізді! Кейбір халықтардың тағдырын қайталап, жаһандану салдарынан жойылып кетпеді.

Өлкетану экспедициясының маршруты төмендегідей:

Исатай мен Махамбет бастаған көтерілісшілердің соңғы шайқасы қазіргі Батыс Қазақстан облысы, Шыңғырлау ауданындағы Ақбұлақ өзені мен Торыатбасы тауы аралығында өткен деген болжамды дәлелдейтін маршрут картасы.

Мұның өзі қазақ даласында өткен көтерілістерге баға берген кезде біз ғалым, тарихшы және филолог Билял Аспандияровтың: «Қазақстан тарихын тәуелсіздік үшін күрес дәстүрлерін қалыптастыру тұрғысынан ғана қамту керек» деген тұжырымдамасын ұстануымыз керек деп есептеймін. Осы бағытты дамыту тәуелсіздікке қолы жеткен елдің, азаттық жолында жан пида болған тарихи тұлғалардың алдындағы парызы. Бостандық Туын көтергендер қатал жазаланып, басып-жаншылса да, қазақ батырларының тәні өлтірілсе де, қазақтың Рухы жеңілген жоқ. Қазақ амалсыздан шегінді, бірақ берілген жоқ! Болашақ ұрпаққа



Сурет А.

Сурет Ә.



аманат етті!» Сырым Датұлы бастаған көтерілістің Туын Исатай Тайманұлы, Жоламан Тіленшіұлы, Есет Көтібаров, Жанқожа Нұрмухамбетов сынды тұлғалар биік көтерді. Сайып келгенде қазақ ұлты өзіндік ерекшелігін, тілі мен ділін сақтап қалды. Әрине, хандардың, байлардың артында сарайлар мен зәулім ғимараттар қалатыны белгілі. Дегенмен де, батырлардың артында қалған төбелер де біз үшін қасиетті. Сондықтан жер үшін, қара қазан, сары бала қамы үшін семсерін сермеген аяулы қаһарман батырларымыздың әр қадамын зерттеу, тарихын жазу бізге парыз. Солардың қатарында, Исатай-Махамбет бастаған көтерілістің орны ерекше, рухы биік, ғасырлар бойы тәуелсіздікті аңсаған қазақ халқына бағыт берер шамшырағына айналғаны ақиқат. Осы бағыттағы зерттеуіме түрткі болған Хамза Есенжановтың «Ақжайық» трилогиясындағы тарихи толғау.



...Биден пәтуа таба алмай Ханнан кегін ала алмай.

Ақ ордасын бұзып шаба алмай, Тайманның батыр баласы

«Торы ат басы тауында Сүйтіп бір Міне, уай, сол заман Қаза тауып, уай, Қалған жер» - деп, кейіпкер Нұрым жырлаған тарихи толғау жолдары аңыз болып көрінсе де, түбінде бір ақиқат жатырғандай көрінді.

Баянат

Барлық тарихи құжаттарда және зерттеушілердің еңбектерінде, соның ішінде Никита Савичев, Александр Рязанов, Александр Шахматов, Халел Досмухамбетов, Исатай Кенжалиев, Көшім Есмағамбетов, Қажым Жұмалиев, Әнес Сарай, Аманкелді Шамғонов сынды ғалымдар мен өлкетанушылар, полковник Гекенің 1838 жылдың 13 шілдесінде Орынбор әскери- губернаторы Перовскийге жазған есебіне сүйеніп соңғы шайқас Ақбұлақ өзені бойында өткенін жазады. Дегенмен де, Ақтөбе облысының Қобда ауданындағы Ақбұлақ өзенімен қатар, Батыс Қазақстан облысының Бөрлі, Шыңғырлау аудандары мен Ресей Федерациясының Орынбор облысының шекаралас территорияларында кемінде үш Ақбұлақ өзені бар екені ескерілмей калған. Сондықтан, шайқас қай Ақбұлақтың басында өткенін анықтау үшін полковник Гекенің жазалаушы отрядымен оларға кейін бірнеше топографиялық карта бойынша қайта жүріп өттім. 1838 жылдың 6 шілдесі күні Орынбор қаласынан Исатайға қарсы шыққан Геке бастаған отряд 8 шілдеде Илецкая защитасына (бүгінде Соль-Илецк) жетеді. 9 шілде күні отряд Үлкен Қобдаға жетіп түнейді. Сұлтан-правитель Баймағамбет Айшуақов 150 адам отрядын бастап өз Ставкасынан шықты. Тыңшылар жеткізген хабарға байланысты олар жоспарлы уақыттан бұрын, 10 шілде күні Үлкен Қобдадан өтіп кешкі сағат 7-де «Ешкіқырған» өзенінде қосылады. Бірнеше сағаттан кейін жазалаушы екі отряд бір тәулік бойы тоқтамастан 50 верст жол жүріп, Баймағамбет сұлтан ауылына баратын және Байұлы қоныстарына қарай бағыт алатын жолдардың тоғысқан жері Ақбұлақ өзеніне жетіп бекінді. Осы жерге келуінің себебі Геке мен Баймағамбет «Исатай мен Қайыпқали хан, сұлтан-правитель Баймағамбет Айшуақовтың ауылына шабуыл жасамақшы, Баймағамбеттің өзін тұтқындамақшы, не өлтірмекші» деген жансыздың хабары еді. Бұл ақпарды шайқаста тұтқынға түскен Қожақмет Өтемісұлы да растайды: «Шекара бойында қазақтарды жорыққа шақыру немесе күшпен мәжбүрлеу үшін Исатайды сарбаздарымен шекараға қарай аттандырған кезде Хан Ойыл өзенінде қалған». Расында, «Исатай Гекенің шыққанын естуден бұрын, Есімовтен бөлініп, тұтқиылдан барып тиісу үшін,

Илек қалашығынан 60 верст қашықтықта Суықбұлақ өзені бойындағы сұлтан ордасына (Ставкасы) қарай жөнелген еді. «Алға қойған жоспарын жүзеге асыру мақсатында Исатай 500 таңдаулы жігіттерімен шілде айының басында Қиыл өзенінен сұлтанның Ставкасына қарай аттанады» - деп А.Рязанов толықтырады.

Баймағамбет Айшуақовтың Ставкасының орнын анықтау мақсатында топографиялық картаға циркульмен сызған 60 верст шеңбердің бір бүйірі қазіргі Батыс Қазақстан облысының Бөрлі ауданындағы Суық Бұлақ өзенімен қиылысты. Баймағамбет Айшуақов өз Ставкасын шаптырмау үшін астыртын жіберген тыңшысы Балты: «мен бір Байұлы руынан келіп отырған адаммын, Айшуақов азғантай ғана адаммен Байұлы ауылдарына жүр, малымызды тартып әкетті» деп Айшуақов сұлтанның үстінен жалған шағым ете бастайды. Сөйтіп, Исатай қас жауын шабу үшін Байұлының қоныстарына қарай ат басын бұрады. Міне, осы жалған ақпаратта аталған Байұлы қосылған сұлтан қоныстары Ақбұлақ өзені, Қайыңды өзені, Шыңғырлау өзені мен Торатбасы тауларынан оңтүстік, оңтүстік-батысқа қарай орналасқан еді. Сол сияқты Жайық және Елек өзендері бойын Жетірудің Кердері, Тама, Табын рулары жайлаған. Қиыл өзені бойында Кете рулары қоныстағаны және олардың біразының көтеріліске қосылғандығы тарихтан белгілі. Осының өзі Ақбұлақ шайқасы Байұлы қоныстарына жақын жерде өткеніне бір дәлел [4, 47 – 48 бб].

Баянат.

«1838 жыл 16 шілдеде Орынбор әскери губернаторының, Ақбұлақтағы ұрысқа қатысқан есімі белгісіз бір қазақтың мәліметі негізінде, Орынбор шекара комиссия төрағасы, генерал-майор Карл Карлович Гекеге жолдаған рапортында Баймағамбет жасағының Исатай тобымен ұрысы Илецкая защитадан 100 шақырымдай жерде болған деп атаған». Есептесек, Ақбұлақ өзенінің - правитель Баймағамбет Айшуақовтың отряды ізімен, маңындағы Торатбасы тауы Илецкая защитадан да, Илек қалашығынан да 100-106 км қашықтықта орналасқаны осы деректі профессор К.Есмағамбетов жариялаған 100 шақырымға дәлме-дәл келіп тұр. А.Шахматов зерттеуінде: «1838 жылы 16 шілдеде Сухореченская және Хабарная отрядтарына тағы да шабуыл жасалып, бір казак мерт болып, екі казак тұтқынға түскен» - деген. Осы деректе Исатай бастаған көтерілісшілер шекараға жақын аймақта болғанын дәлелдейді. Егерде Ақбұлақ шайқасы Қиыл өзені маңында болған болса, көтерілісшілер шекарадан 226 км алыстап кетіп, шекара бойындағы отрядтарға шабуыл жасар алмас еді. 1949 жылы шыққан «Қазақ ССР тарихы ерте заманнан осы күнге дейін» атты кітапқа енген «Исатай Тайманов

пен Кенесары Қасымов бастаған қозғалыстарының картасында»: «Исатайдың өлген жері» деп анық көрсетілген географиялық координаттар нүктелері Торыатбасы тауының да, Ақбұлақ майданының да географиялық координаттары берілген шама шеңберінде екенін көріп тұрмыз. Сондықтан, Исатай-Махамбет бастаған көтерілісшілердің соңғы шайқасы Шыңғырлау ауданындағы Ақбұлақ өзені бойында болғанына бұлтартпас дәлелдер айтылып, жан-жақты дәлелденді деп есептеймін. Ғылыми тұрғыдан дәлелденген осы тарихи деректің маңыздылығы, белгілі болса да еленбей келген тарихи толғаудың авторын анықтауға жол ашады [3].

Ендігі мәселе, Хамза Есенжановтың «Ақжайық» трилогиясында:

«Тайманның батыр баласы Торыатбасы тауында қаза тауып, қалған жер» деген тарихи толғаудың авторы кім деген сұраққа жауап іздейік. Ол үшін Махамбетке жүгінейік. Дауылпаз ақын Махамбет «сенімді серігі Исатайды, өлеңдеріне қосып, сөзбен бейнелеп, санамызға өшпестей етіп құйып кетті. Әсіресе, Исатай туралы «Исатай деген ағам бар», «Исатай сөзі», «Арғымаққа оқ тиді», «Тарланым», «Соғыс», т.б. өлеңдерінде Исатай батырдың әр қадамы мен ой-арманы жан-жақты бейнеленге Исатай батырдың да, батыр-билердің де тұлғасы шынайы сомдалып, азаттық күресі жолындағы әр қадамы әсерлі суреттелген. Осы жерде, мынадай ой келеді Исатайдың өзіне және мінген атына оқ тигеніне дейін: «Арғымаққа оқ тиді, Қыл мықынның түбінен. Ер жігітке оқ тиді, Ауыз омыртқаның түбінен» деп әсерлі сөзбен өрнектеген Махамбет, достық символына айналған сенімді серігі Исатайдың қаза тапқан жері мен сүйегі қалған жерді неге аманат етпеді ұрпаққа?! Ол, ешқандай логикаға сыймайтын, болу мүмкін емес. Әрине, Махамбет Исатай батырдың сүйегі қорланбасын деп құпияны өлеңдеріне жасырып кеткені сөзсіз. Тек талмастай іздену керек [5]. Сондықтан, осы бағытта Махамбеттің болашақ ұрпаққа арнаған аманатының бірі, ол Хамза Есенжановтың «Ақжайық» трилогиясындағы: «Тайманның батыр баласы Торыатбасы тауында қаза тауып, қалған жер» деген тарихи толғау жолдары Махамбеттің толғауы деп есептеймін. Дәлелдеп көрейін. Алдымен тарихи толғаудың толық мәтінін берейін:

Жайықтың бойы жайлы қиян,

Еділдің бойы елді қиян.

Маңғыстаудың бойы малды қиян

Адыра қалғыр үш қиян!

Үш қиянның мына бойынан

Талай жұрт босып жол салған,

Көшудің жолын мол салған!

Түндігін түнде түсіріп,

Іңірде сүтін пісіріп,
 Жас балаға ішіріп,
 Түні бойы дүрлігіп,
 Теңдеп буып мүлігіп,
 Төртке бөліп түлігіп,
 Таң ата иесіз жұрт қалған,
 Өреде жайған құрт қалған
 Қаңғыған жалғыз ит қалған.
 Жеті жұрттың кеткен жер,
 Адыра қалсын неткен жер!
 Ердің соңы Исатай,
 Ерліктің туын тіккен жер.
 Жауды басқа тепкен жер,
 Махамбетін ертіп ап
 Жәңгірге шеп құрған жер.
 Жасқұстың арғы тұмсығы
 Камал етіп тұрған жер,
 Уа, дүние-ай, қапыда
 Санын батыр ұрған жер.
 Ханнан бермен ығысып,
 Шатыр тігіп жатқан жер
 Көпірі жоқ Ақ Жайық,
 Атын жалдап өткен жер.
 Мұз үстінде от жағып
 Ала қыстай кезген жер.
 Жылы төсек, ақ орда
 Жар қойнынан безген жер,
 Қара қазан, сар бала
 Қамы үшін қайғы татқан жер,
 Өкінішке батқан жер,
 Уа-а-а, батқан жер!
 Семсерін сермеп айқайлап
 Бір жол жүзін кескен жер.
 Көк сұңгісін оң сілтеп,
 Жау кеудесін тескен жер.
 Ақ табан ақ жануар
 Сүрінбес тұяқ бола ма,
 Қапыда орға түскен жер.
 Биден пәтуа таба алмай,
 Ханнан кегін ала алмай.
 Ақ ордасын бұзып шаба алмай,
 Тайманның батыр баласы.
 «Торыатбасы тауында
 Сүйтіп бір
 Міне, уай, сол заман
 Қаза тауып, уай, Қалған жер
 Уа - заман-ай!
 Сай құралдың жоғынан,
 Жауыз жаудың оғынан
 Есіл ер өмір тапсырды-ай,
 Тап қырық бір жасында-ай,
 Қапыда өткен дүние-ай!
 Бір арманым сол болды-
 Асыл тәні ерімнің

Қалмады-ау баба қасында-ай!

Осы қысқа шумақтардың желісі мен «Уа-заман-ай!», «Дүние-ай!» сөздеріне қарап Хамза Есенжанов «Ақжайық» трилогиясындағы толғаудың жалғасы екенін, Махамбеттің жыры екенін дәлелдей түседі.

Қорытынды түйін сөз.

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Көшім Есмағамбетовтың «Исатай батыр бейіті: аңыз бен ақиқат» атты мақаласындағы сөзімен түйіндейін: «Мәңгүрттіктен арылатын уақыт жетті. Бостандық жолында өмірін қиған Исатай бабамыздың бейітін анықтап, басына тағзым ету бүгінгі ұрпақтың парызы екендігін еске салған артық болмас». Әрине, бүгін менің қолымда Исатай батыр жерленген жер туралы да болжау бар, бірақ ол келесі мақала еншісінде. Алдымен, Ақбұлақ шайқасы қай жерде болғанын анықтап алып, сан-сала пікір бір арнаға тоғысу қажет. Осы пікірді, тарих майталманы Исатай Кенжалиев 1974 жылы жарияланған «Арыстан еді Исатай» атты мақаласында жазып, тарихшылардың алдында тұрған ең маңызды міндеттерін айқындап кеткен еді: «Ал Исатай бейіті туралы әңгімеге оралсақ, бізге сол бейітпен қатар шайқастың қай жерде басталып, қайда аяқталғаны қажет». Тәуелсіз елдің ұрпағы аманатқа қиянат жасамайтынына мен сенемін!

Жоғарыда жазылып келтірілген дереккөздермен далалық іздестіру-зерттеу карталарының сәйкес келуімен, тарихи құжатта Ақбұлақ шайқасы 12 шілде 1838 жылы Шыңғырлау ауданы территориясында өткен деп айтуға толықтай негіз бар [7,18 б].

Пайдаланған әдебиеттермен дереккөздер тізімі:

- 1.Қазақ ССР Ғылым академиясы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Бес ғасыр жырлайды» I том / Құрастыр. М.Мағауин, М.Байділдаев. – Алматы: «Жазушы»,1989. – Т.1. 384 бет, суретті. ISBN 5 – 605 – 00358 – 5 (т.1) 183 – 185 бб
- 2.«Орал өңірі» облыстық қоғамдық – саяси газеті / Н.Ж.Төлепов «Тарихи толғау – дереккөздің бай қазынасы» (Ақбұлақ шайқасы мысалында) Орал – 2020, 14 сәуір, №29 (20849) 10 – 11 бб
- 3.«Ақжайық» трилогиясы /Х.Есенжанов
- 4.«Исатай – Махамбет» / И.Кенжалиев
- 5.«Исатай батыр бейіті: аңыз бен ақиқат» /К.Есмағамбетов
- 6.Шыңғырлау ауданының туристік, спутниктік Google Earth картасы // Күні:18 – 19 .11.2023 ж., сағат уақыты:10:00
- 7.Бисенғалиева А. «Махамбеттің Баймағамбетпен кездесуі» // Орал өңірі, №28(256) 16 тамыз 2013 жыл – 18 бет.



Құрт – қазақтың ұлттық бренді



ОРЫНБАЙ

Әсем Мұратқызы
Түркістан ОЖТС-ның
Төлеби бөлімінің ҚББП-і,
Төлеби ауд., Ленгер қ.

Аңдатпа

Мақала қазақ халқының байырғы тағамы – құрттың адам денсаулығына тигізетін пайдасын айқындау жолымен оның маңыздылығы туралы жазылған. Автор Қазақстанның әртүрлі өңірлерінде құрт дайындаудың түрлерін зерделеп және ерекшеліктерін айқындаған, ағзаның осы өнімдегі кальцийге және басқа да минералдарға тәуліктік қажеттілігін анықтай отырып, оның күнделікті тағамға пайдаланылуын насихаттаған; ұлттық өнімді адам денсаулығына пайдалануға өз үлесін қосып қана қоймай әлемдік нарықта қазақ бренді ретінде қалыптастыруды көздеген.

Аннотация

Статья посвящена национальному продукту казахского народа курт. Автор рассказал о пользе здоровья, изучил виды и особенности приготовления в регионах Казахстана. Курт богат кальцием, улучшает обмен веществ в организме и укрепляет костные ткани.

Кілт сөздері: Құрт, жас құрт, көбік құрт, ыстық құрт, сықпа құрт, немесе сүзбе құрт, малта құрт, езген құрт, ақ малта, ұнтақ құрт, ақ құрт, қара құрт, құрт май, ежігей, ежегей құрт

Қазақ халқы ұлттық тағамға өте бай. Ұлттық дастарқанымыздың ас мәзіріне ет, сүт, ұн өнімдерінен жасалған тағамдар көптеп енеді. Ата-бабамыз осынау бай дастархан мен табиғи құнарлы ұлттық тағамдарды ішіп-жеу арқылы анау-мынау ауруға дес бермеген. Бір тағамның бірнеше жолмен дайындалып, жасалу технологиясының мұқият сақталып, жасалу түріне қарай бірнеше атау берілуінің өзі аналарымыздың тамақтың бабын жақсы білгенін аңғартады. Мал және онан алынатын өнімдер қазақтың басты байлық қоры. Соның ішінде ұлттық тағамдарының негізгі көзі болып табылатын сүттің орны бір бөлек. Ал сүт қосып дайындалған тағам өте дәмді болады. Оның үстіне сүт өнімдерінің дәрулік қасиеті бар. Олар емдеу, алдын-алу, диеталық тағам ретінде де қолданылып жүр. Сүт тағамдарын халық бір сөзбен ақ деп атайды. Осы ақтан бірнеше жүздеген, мыңдаған жылдар бойы халық аса бай тәжірибе жинақтай отырып, одан жүзден астам тамақ түрлері мен дайындау әдістерін жасаған. Олардың көптеген қызықты атаулары мен орны және алуан түрлі ерекше жасау, пісіру жолдары тағы бар. Сөйтіп бір сүттен сұйық,

қою, қоймалжың, ащы, тұщы, жұмсақ, қатты, ұнтақ тағамдар жасап шығарған. Қазіргі кезде қазақ дастарханынан сирек көрінетін жеңсік ас қатарына жатады. Құрт-жыл бойына сапасын жоғалтпай, жақсы сақталатын тағам. Езілген құрттың таусыншақ түйіршіктерін малта дейді. Ол өте кәделі ас, әрі жұмсақ болады. Ұзақ сапарға жолаушылар көбіне-көп жолға малта алып аттанған. Өйткені, малта бір жағынан ашыққан адамның өзегін талдырмаса, екіншіден шөлдеген кісіге сусын болған. Адам аштыққа бір айға дейін шыдауы мүмкін, ал шөлге бір жетіге де шыдай алмайды. Егер де ұзақ жолға шығатын адам алдын-ала сақтық шарасымен әлдеқалай болып қалар деген оймен қалтасына бес – алты түйір малта құрт салып алса еш алаңдамауға болады. Себебі, малта құрттың адамды шөлден құтқарар ерекше қасиеті бар.

Қоғамның қарыштап дамып, адамдардың талғамының өзгеруіне сай халықтың ұлттық тағамдарға деген сұранысы да өзгерді. Ал, бұған себеп, түрлі тағамдардың, соның ішінде, басқа елден келген астардың көбеюі. Бірақ, бұл тағамдардың пайдасынан зияны басым екенін зерттеушілердің



өзі дәлелдеп отыр. Дастарханамыздың сәні, денсаулығымыздың көзі болып келген құрт, ірімшік, жент, қаймақ, сүзбелердің орнын шет елдік құнары аз, денсаулыққа пайдасынан зияны басым қытырлақтар мен шытырлақтар жаулап алды. Қазіргі сауатты, жоғары білімді, оқығандықтарымыз көп деп жүрген халқымыз дәрумендерге бай ұлттық тағамдарымыздың құнын жоғалтып алғандай.

Ұлттық тағамдардың ішінде ежелгі және көпшілікке ортақ тағамның бірі – ақ екені белгілі. «Ағы бардың бағы бар» деп қазақ халқы сүт тағамын бақыт несібесі деп білген. Сүтті соншалық қасиеттеудің басты себебі – ол тіршілік арқауы, одан неше алуан құнарлы тағамдар әзірлеп, дастархан молшылығын жасаған. Одан қымыз, шұбат, айран, қатық, сары май, ірімшік, құрт, сүзбе, қаймақ сияқты ішетін, жейтін, сусындайтын алуан түрлі тағам әзірлейді. «Қазақтардың сүттен жасайтын ұлттық тағамдарының түріне сан жетпейді» – деп жазған ертедегі зерттеушілер. Демек, оның барлық түрлері мен аттары түгел айтып беру қиын. Сүт тағамдарының осы заманға дейін жеткен және көпшілікке таныс әрі денсаулыққа пайдалы, негізгі түрлерінің бірі туралы айтқым келеді.

Қазақ халқының сүттен жасалған ұлттық тағам ретінде кеңінен қолданатын тағамның өте көне түрінің бірі - құрт. Құртты ежелгі замандарда қалыптасып, дамып, бүгінгі күндерге дейін өз қасиетін жоғалтпай, жақсы сақталған ұлттық тағам ретінде пайдаланып келеміз. Халқымыздың бүгінгі күні бізге жеткен құртының түрі көп. Құрт күнделікті өмірде тағамның бір түрі ретінде, немесе басқа тағамдардың дәмін келтіру үшін қолданылатын тағам десек те болады. Құртты әсіресе ауа – райы ыстық оңтүстік аймақтармен солтүстіктің кейбір жылы аймақтарында істеу ыңғайлы. Себебі, құрт аса ыстықты қажет ететін тағам. Күн көзі дұрыс түспейтін, қоңыржай аймақтарда құрт жасау нәтижелі іс бермейді, қуатты энергия құрттың бойына табиғи дәруменді сіңіреді. Әрі құрттың көгермей, шірімей кебуіне де аса қуатты күн көзі ғана пайдасын бермек. Осындай әдіспен қайнатып, кептіріп алған құрттың 2 немесе 3 жылға дейін азбай сақталуының сыры осында. Мәселен құрт:

- 1) Жас құрт;
- 2) Көбік құрт;
- 3) Ыстық құрт;
- 4) Сықпа құрт, немесе сүзбе құрт;
- 5) Малта құрт;
- 6) Езген құрт;
- 7) Ақ малта;
- 8) Ұнтақ құрт;
- 9) Ақ құрт I
- 10) Қара құрт;
- 11) Құрт май;
- 12) Ежігей немесе ежегей құрт деген түрлерге бөлінеді.

1) Жасқұрт. Өреде тұрған, яғни жайғанына бір екі күн ғана болған, әлі толық кеуіп үлгермеген құрт. Жас құртты сары маймен жентектеп бастырма ретінде шаймен бірге дастарханға қояды. Әсіресе, кепкен құртқа, бауырсаққа тісі өтпейтін қарттар үшін өте кенеулі ас саналады. Ертеректе жас құртты мипалауға, құйрық-бауырға қосқан. Құрттың сарысуына сүт қосып қайнатып, ірімшік жасайды, ауырған малға ішкізеді, әйелдер бас жуады, сондай -ақ одан тері илеу үшін малта жасайды.

2) Көбік. Қайнап жатқан құрттың қалқып алған беті. Ағаш қасықпен бетінен жайлап қалқып, ыстық күйінде жалап жейді. Көбік құрт майлы болады. Әрі құрттың бар нәрі осы көбігіне жиылғандықтан дәмі тіл үйіреді. Сол себепті, көбік құртты жас – кәрі талғамай ас ретінде сүйсіне жейді. Бұрынғы кезде майлы, әрі кенеулі ас ретінде жас балаларға, қарттарға қалқып беру салт болған. Бұрын құрт қайнатқан үйден көбік жалаймыз деп, ауыл балалары келіп жиналатын әдет те болған.

3) Ыстық құрт. Қайнап жатқан құртты алып, май қосып сапырып ішетін кенеулі ас. Әсіресе мамыр айында жасалатын сары майды қосса бірден бір ем. Өкпе ауруына, суық тиіп ауырған сырқаттарға ем саналған.

4) Сықпа немесе сүзбе құрт. Мұның қайнатқан құрттан айырмашылығы сол айранды ұйытып, қапқа құйып сүзеді де тұздалып, әр түрлі үлгімен бөлшектеліп тақтайшаға кептіріледі. Мұны кейде сүзбе құрт деп те атайды. Сықпа құрт та бастырма ретінде пайдаланылған. Мұндай құрт жайған әйел ауыл балаларына арнап дөңгелек жасап, жіпке тізіп мойындарына іліп қуанту салты болған.

5) Малта құрт. Езілген құрттың таусыншақ түйіршіктері, ол әрі жұмсақ, әрі сүйкімді ас саналады. Ұзақ сапарларда ауызға салып суын жұтқан кезде әрі сусын, әрі қорек болған.

6) Езген құрт. Сорпаға, тұздыққа, көжеге және басқа тағамдарға қосу немесе сұйық күйінде ішу үшін кепкен құрт астауға салып ұнтақталады, келіге түйіледі немесе қол диірменге тартылады. Езген құрт-ұлттық тамақтардың ең бір сүйкімдісі және кенеулісі.

7) Ақмалта. Езілген құрттың ең соңғы шайындысы. Ол өте жұғымды және тез сіңетін тағам болып саналады, оны сол сұйық түрінде ішеді.

8) Ұнтақ құрт. Арнайы түйіп ұсатқан немесе қап түбінен жинап алған үгінді. Оны сүттің піскен қаймағына былғап жейді.

9) Ақ құрт. Іркітті қазанда қайнатып, суыған соң қапқа салып сорғытады. Қаптағы құрттың сары суы кетіп дегдіген соң қолмен бөлшектеп, түрлі формаға келтіріп өреге жаяды. Бұл құрттың ақ болатын себебі тұзын анағұрлым көбірек қосады.

10) Қара құрт. Ашуы жеткен іркітке аздап сары май қосып қайнатады. Тұзын аздап қана қосады. Түйе сүтінен жасалатын құрттың да қара болатынына куә болдық. Түйе сүтінен жасалатын құрттың да жасалу технологиясы сиыр сүтінен жасалатын құртпен бірдей. Айырмашылығы ненің сүтінен жасалатындығында.


11) Құрт-май. Сары майға батырып табақ жасайтын кепкен сықпа жалпақ құрт. Оны асығыс кезде дәм таттыру үшін немесе жеңіл-желпі түстік ретінде дастарханға қояды. Кейде құрт, ірімшік, май тағамдарының қосындылары да құрт-май деп аталады.

12) Ежігей немесе ежегей. Ежігей немесе ежегей құрт құрттардың ішіндегі ең бір ерекшесі, әрі дәмдісі. Ежегей құрт көлемі жағынан да кіші, бармақтай болып келеді. Кепкен кезде ежігей де құрттың жасалу жолымен әзірленеді. Бірақ ол өте ашымаған іркіттен жасалады. Әзірлеу кезінде бір шелек іркітке екі шелек қаймағы алынбаған сүт қосып қайнатылып дайындалады. Әбден қайнап суы сарқылып піскен ежегей суы сорғытылып сәл кебір тартқаннан кейін алақанға салып сығып өреге қатарлап жәйіп кептіріп алады. Ежігей кепкен кезде де ашы құрт сяқты тас болып қатып қалмайды, үгітіліп тұрады. Әбден кептірген ежегей жазда да, қыста да дәмді де, түсі де өзгермейді.

3. Сұйық ежігей. Оны кептірмей ақ үстіне сары май, қаймақ құйып, қонақтарға ұсынады сұйық түрі де бар екен. Сондықтан да оны дастарқанға салуға даяр тұру үшін ыдыста екі-үш күн сақтап қойса да бұзылмай сақтала береді.

4. Құрт көже. Қайнатылып, кептірілген қатты құрттан қыстың қатты аязды күндерінде құрт көже дайындайды. Қазанды пешке қойып, су құяды. Аздап күріш салып, қайнатады. Бөлек ыдысқа ұн шаяды да қазандағы қайнап жатқан суға құйып әбден араластырады. І келіге жақын құртты қайнап жатқан қазанға салып ожаумен жарты сағатқа жуық, құрттың дәмі кіргенше былғай береді. Дәміне қарай аздап тұз қосады. Үстіне сары май салып түстік ас ретінде ішуге болады. Құрт көже әсіресе суық тиіп, тұмауратып ауырғандарға бірден бір ем.

Сонымен қатар, құртты көктем, жаз айларында жеген өте пайдалы, себебі көктемде авитаминоз яғни, дәрумендердің жетіспеушілігі байқалады.



Жаз айында ыстық шай ішкен кезде, термен бірге тұзды да жоғалтады.

Ғылыми зерттеулерде көрсеткендей, сиырдың сүтінің құрамында, 100 граммға шаққандағы ақуыздың мөлшері 22, 85-34, 52% болса, қазақ ірімшігіндегі ақуыздың мөлшері 40-42% екен. Сыр құрамында көміртегі ары кетсе 4, 52%- тен аспайды, ал ірімшікте ол 10, 93% болады. Адам ағзасындағы сүйек ұлпаларының мықты болуы үшін ең қажет элемент фосфор болса, дәстүрлі әдіспен жасалған ірімшік құрамында фосфор 0, 51%, ал кальций 2, 3% мөлшерінде кездеседі екен. Ал қуаттылығына келсек, 100 грамм сыр 268, 8-401, 38 қуат берсе, 100 грамм ірімшік 408, 4 қуат береді. Құрттымыз да химиялық құрамы мен калориясы жағынан қала дүкендеріндегі сүзбені (творог) он орап алады. Сүзбеде ақуыз мөлшері 14, 5 -18, 6% болса, қазақ құрты ақуызға өте бай – 52, 6%. Ал, 100 грамм сүзбе 87-227 -ге дейін қуат берсе, құрттан 370, 1 қуат алуға болады.

Құрттың адам денсаулығына өте пайдалы екенін бұрынғы ата-бабаларымыз біліп, құртты үнемі пайдаланған екен. Мал бағуға кеткенде қалталарына құрт салып алған және күнделікті тағамдарға қосып ішкен немесе құртты езіп ішкен, сондықтан ол кісілер көп ауырмаған, дәрі-дәрмек пайдаланбаған. Ертеректе тіс дәрігері де болмаған, ата-бабаларымыздың тістері ауырмаған. Атап айтқанда, адамның тісінің қалыптасуына құрттың пайдасы зор екен. Егер бала жастайынан құрт жеп өссе оның тісі өткір, қатты, ауырмайтынына көз жеткізуге болады. Құрт, ірімшік жеп, қымыз, айран, сүт ішкен баланың денсаулығы мықты болады екен. Құртты адам алыс сапарға шыққанда пайдаланса, қарны ашпайды, шөлдемейді, ал ұшақпен ұшқанда құрт құлақтың бітпеуіне және жүрек айнымауына көп ықпал етеді екен. Сонымен қатар, құрт дәрумендерге бай, адамның ас қорытуында әсері өте жоғары, атап айтсақ кейбір ас қорытуға арналған дәрілерге пара-пар сияқты. Ал, қыста құртты езіп ішсең ол тамаша қорек болады, әрі адам суыққа тоңбайды екен. «Құрт – қыстың қымызы» – дейтіні содан болса керек. Балалар үшін құрттың пайдасы ұшан теңіз. Мүмкіндігінше, тұздылығы орташа болғаны абзал. Ол баланың бойының өсуіне және сүйектері, тістері дұрыс қалыптасып, жетілуіне септігін

тигізер тағамдардың бірі. Әсіресе, қатқан құрттың пайдасы зор, себебі тісі енді шығып келе жатқан балалардың иектерінің қатаюына, тістің шығуына жәрдемдеседі. Ал, тісі бар балалардың тісінің мықты болуына көмектеседі және тістің кальцийге деген мұқтажығын толықтырады. Асылы, аузынан ақ ажырамаған халқымыз қымызын ішіп, құрттың жеп отырып-ақ осы күнгі көп кеселдің алдын алған. Кепкен құртты мүжіген баланың тісі сау, сүйегі берік болады. Ал, сау әрі мықты сүйектірек қимыл аппаратының дұрыс әрі белсенді жұмыс жасауына сеп болады Қарт кісілерге де шектеу жоқ. Керісінше, жасы ұлғайған кісілерде зат алмасу баяулай бастайды, сондықтан құрттың құрамында кездесетін қарттарға қажет, зат алмасуды және бауырдың қызметін жақсартатын холин және метионин деген заттар бар және құртта В тобының дәрумендері болғандықтан, қарттарда жиі кездесетін атеросклероз ауруының алдын алады.

Қазақ халқының құрты тарихи деректер мен ауыз әдебиетінің кейбір үлгілерінде де кездеседі. Қазақ халқы сүттен алуан түрлі тағам жасай білген. Мәселен XIII – ғасырда Қазақстанда болған Еуропа саяхатшылары қыпшақтардың сүттен қалай май алатынын, құртты, қымызды қалай жасайтындарына таңданған жайлы деректемелер бар. Құрттың түрлі атаулары бар. Иранда «кашк» деп аталса, Арменияда «чортон», Моңғолияда «аарул» деп аталады. Жібек жолы бойында туған бұл өнім қазақ және өзге ұлттардың беріктігі мен күшінің негізгі көзіне айналды.

Құрттың тарихта алатын орны ерекше. 1937 жылы Ақмола аймағында халық жауының әйелдеріне арнайы лагерь салынады. Дерек бойынша ол жерде шамамен 20 мыңға жуық адам тұтқында болған. АЛЖИР лагерінде әйелдерге қол ұшын созған қазақтар жайлы аңыз көп. Соның бірі мынадай қазақ ауылының тұрғындары келіп «тас» лақтыратын болған. Күзетшілер еш нәрседен күдіктенбейді. Түрмеде жатқан әйелдер бізді «халық жауы» деп күн бермейді деп күйзелген. Бірақ тас дегені құрт болып шығады. Осылайша, АЛЖИР дегі әйелдердің біразы құртты азық етіп, аман қалған деседі.

Ұлттық брендті құру – Қазақстанның өзекті мәселесі. Кейбір қазақ бизнесмендері құртты Қазақстанның бренді ретінде қалыптастыруға жан салып жүр. Солардың бірі- Алматылық Айдар Шалбарбаев. Айдар Шалбарбаев 19 жыл бойы құртқа ұлттық бренд мәртебесін беруге ат салысуда.

– Мен қазақтың байырғы, тағамы құртты элемдік нарыққа шығару керек деп- санаймын. Оның мыңжылдық тарихы бар, және бүгінгі күнге дейін құрттың дайындалу рәсімі ұмытылған жоқ. Қазір ұлттық бренді ойлап табу мәселесі туралы айтсақ, назарымызды неге құртқа аудармасқа?! Бір кездері құрт көшпенділерді ұзақ жорықтарда және соғыстарда аштықтан құтқарған. Бұл азық

өте ұзақ сақталады, ал ол кезде тоңазытқыштар болмаған. Мен өзім де құртты жеп өстім.» дейді Айдар Шалбарбаев. Айдар ағамыздың осы құртты бренд қылу жолындағы еңбегі орасан зор. Қазіргі кезде балалар әртүрлі сағыздар мен шоколадтарды әсіресе, киндер сюрприз, синикерстерді көп пайдаланады. Сағыздың асқазанды саздыратын зияны болса, түрлі шоколадтар баланың асқа деген тәбетін жояды. Бұл тағамдардың пайдасынан зияны басым екенін зерттеушілер дәлелдеп қойған. Мәселен, барлық дүкендерде сатылатын американдықтардың жылдам әзірленетін гамбургер, чизбургер, хот-дог секілді тағамдары денсаулыққа зиян, әрі адамның тез толысуына себепші болады. Міне, осы секілді басқа елден келген астардың көпшілігінің пайдасынан зияны басым болса да, барлық дүкендерде осы тағамдар сатылады. Бұлай кете берсе, құрттымыздың жойылып кету қаупі туындап отыр. Біздің мақсатымыз: балалар ойнап жүргенде, бос кездерінде ауыздарына сағыз салып, чупа-чупс сорғанша құрт салса, құрт мүжісе, құрт сорса деген ой еді. Бұл бала денсаулығына өте пайдалы болар еді.

«Өзге ұлттың өкілдері тамсана жейтін жеңсік асымыз ұлттық брендіге сұранып-ақ тұр». Расында да, Түркияның пахлавасы, үндінің шайы секілді қазақтың құрты да халықаралық деңгейге шығуға лайық-ақ тағам. Жолға ұзақ сақталуы, адам ағзасына пайдалылығы жағынан да ұлттық брендіге айналуға лайық тағамның өзіміз қадірін білмей отырғанымыз өкінішті. Құрттың қарын тойдыратын ғана емес, ұшақта жүректі басуға да таптырмас тағам екені белгілі. Осы орайда бүгінде ұшақта таратылатын кәмпит орнына ұлттық тағамымыз – құртты таратсақ, жүректі басып қана қоймай, басқа елден келіп-кетушілерге, туристерге ұлттық тағамымызды танытудың бір жолы болар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақ халқының салт – дәстүрлері Алматы «Рауан» 1994
2. Қазақстан тарихы 7 – сынып Алматы 2010 ж.
3. Қазақстан тарихы 9 – сынып Атамұра 2009 ж.
4. Дүниетану оқулығы 2 сыныпқа арналған «Алматы кітап» 2008 ж.
5. Қазақ Энциклопедиясы 1 – том Алматы 2002 ж.
6. Қазақ энциклопедиясы 3 – том Алматы 2002 ж.
7. Дүниетану оқулығы Алматы «Атамұра» 2003 ж.
8. Қазақтың мақал – мәтелдері ҚКӘБ. 1951 ж.
9. Марғұлан Ә.Х. «Ежелгі жыр аңыздар» Алматы, «Жазушы», 1985 ж.
10. Әуезов М. Әдебиет тарихы. Алматы, «Ана тілі», 1991.
11. Кенжеахметұлы С. «Қазақтың дарқан дастарқаны», Алматы кітап 2007 ж.
11. Матюхин З. П. «Тамақтану, гигиена».



Первый опыт многодневного сплава по реке



АГАЛАКОВ
Сергей Николаевич,
ПДО КГКП «Детско-юношеский
областной центр экологии и туризма»,
педагог-исследователь
г.Павлодар, Павлодарская область

Аннотация

В статье представлен опыт организации водного похода 1 категории сложности по реке Сырдарья.

Аңдатпа

Мақалада Сырдария өзені бойында күрделілігі 1 санаттағы су жорығын ұйымдастыру тәжірибесі ұсынылған.

Ключевые слова: спортивный туризм, спортивный поход, сплав по реке.

Я преподаю в туристском клубе «Вершина» с 2014 года, являюсь одним из тренеров сборной Павлодарской области по спортивному туризму, мои воспитанники входят в состав сборной команды «Павлодар» по туристскому многоборью, некоторые входят в состав национальной сборной Республики Казахстан по спортивному туризму. Имею опыт руководства и участия в горных спортивных походах 1-3 категории сложности по северному Тянь-Шаню.

В период с 29 июля по 7 августа мне впервые довелось побывать на сплаве 1 категории сложности по реке Сырдарья (Туркестанская область), параллельно я был и руководителем группы. Хочу сказать, что водные походы в разы отличаются от горных. Сплав гораздо легче и требует меньше физических сил.



Плюс ко всему, на сплаве можно не ограничивать себя по количеству продуктов, по их весу, ну и нет необходимости начинать свой день очень рано. Все походы объединяет один очень важный фактор – соблюдение необходимых требований техники безопасности. На сплавах все участники группы должны иметь спасательный жилет, который застёгивается не только на груди, но и имеются дополнительные лямки в области паха. Вся конструкция жилета защищает от того, что если вдруг участник упал в воду, он не выскользнет с жилета и останется на плаву. Дополнительно необходимо защищать кожный покров тела от прямых солнечных лучей, ведь в жарких регионах при несоблюдении требований безопасности можно получить серьёзные ожоги от солнечных лучей или же тепловой удар. Поэтому, в приоритете светлая тонкая одежда, максимально закрывающая кожный покров, на голову лучше панаму с широкими полями, на ноги носки, дополнительно можно предусмотреть баф или шарф для шеи. Рекомендуется использовать солнцезащитные крема с SPF45 (не меньше) и солнцезащитные очки, т.к. солнечные лучи сильно отражаются от поверхности воды.

Сплав наш начинался недалеко от города Шардара и Шардаринского водохранилища, где у нас была первая ночёвка. Сразу хочу отметить, что климат там довольно засушливый, имеются комары и много ко-



лючек. Чтобы безопасно там передвигаться, лучше иметь обувь с плотной, твёрдой подошвой. На всём маршруте готовили мы на костре, т.к. дров по всему побережью реки Сырдарья достаточно.

Продукты у нас были в специальных ящиках-холодильниках. Для сохранения мяса в ящик-холодильник мы заранее укладывали сильно замороженные продукты и дополнительно уложили пару кейсов с замороженной минеральной водой для поддержания холода в ящике.

У меня имеется опыт водных дистанций на Чемпионатах РК, на межрегиональном слёте туристов Казахстана и России «Иртышский меридиан», но там нам предоставляют готовые катамараны или байдарки. Также, я был участником коммерческого сплава по реке Бухтарма. Ранее мы не занимались сборкой судна. На сплаве ситуация иная.

Для начала, необходимо было подготовить гондолы будущего катамарана. Гондолы осматриваются на наличие повреждений, накачиваются. Если вдруг найден прокол, то это место обезжиривается бензином или керосином, и запаивается резиновой латкой при помощи клея. У нас должен был получиться квадромазан, т.е. его основание состояло из 4 гондол. Далее, на гондолы укладывается алюминиевый каркас, который крепится при помощи ремешков к гондолам. Для удобства перемещения по катамарану и для устойчивости вещей на нём, сверху каркаса укладываются доски, которые скрепляются между собой и каркасом верёвками. Поверх досок натягивается тент, который предотвращает падение каких-либо предметов в воду. Тент так же закрепляется верёвками. Далее, на катамаран укладываются ящики с продуктами, личные вещи, палатки, фляги с питьевой водой, из которой мы потом готовили еду. Дополнительно у нас были несколько кейсов с минеральной водой.

У нашей команды было 2 катамарана, на которых совершали сплав 6 и 7 человек. На каждом катамаране были назначены капитаны, рулевые, штурманы, фотографы.

Про каждый день сплава рассказывать не буду, но

всегда были какие-то отличия. Река Сырдарья имеет достаточно сильное течение, но не имеет порогов. Были сложные участки реки, где приходилось бороться с течением, которое утягивало не туда, куда нужно и иногда были сильные потоки ветра, тут мы гребли вёслами более интенсивно. Но гребли мы не постоянно. На многих участках мы просто шли по течению (у водников принято говорить, что они не плывут, а идут), лишь иногда подруливая вёслами. В такие моменты мы просто разговаривали, шутили, слушали музыку, играли на гитаре, что-нибудь перекусывали. Очень часто мы объединяли 2 наших судна, придерживая их руками и ногами, иногда связывали между собой. Когда судна соединены вместе, то управлять ими немного сложнее. И да, очень часто течение несёт к берегу, где много коряг, деревьев, кустов.

Дно реки не одинаково. Иногда на середине реки может быть мель, где воды максимум по пояс или ниже колен, или глубина до 7-8 метров. На некоторых участках маршрута мы полноценно толкали наши судна, сами шли ногами по дну, т.к. была мель. Такие ситуации нас неплохо веселили, потому что и девочки могли в этом поучаствовать. У берегов может быть как мель, так и глубина до 2-3 метров буквально в полуметре от берега. Говорят, что эхолотами замеряли дно реки на разных участках и оно местами практически до 20 метров! Поэтому, в спасательных жилетах нужно быть практически постоянно, даже если уже причалили к берегу. Жилеты мы снимали уже тогда, когда прочно стояли на берегу. Кстати, каждый раз становясь на ночёвку, мы выгружали с катамаранов личные вещи, палатки и необходимые продукты. Ширина реки варьируется от 10-15 метров до почти километра.

Все ночёвки у нас были в палатках. Поэтому, у нас всегда были распределены задачи: кто-то занимается установкой палаток, кто-то собирает дрова, а кто-то





начинает готовить ужин.

Самым плотным приёмом пищи у нас был именно ужин, где мы готовили второе блюдо, салат. На сплавах можно позволить себе готовить кулинарные изыски: плов, фаршированный перец, шурпа, макароны или гречка с мясом, один раз готовили шашлык! В горных походах такое меню не позволительно, т.к. каждый лишний грамм продуктов сказывается на сложности прохождения маршрута, да и хранить мясо и свежие овощи негде.

Почти на каждой ночёвке у нас была особенная живность. Иногда это полчища муравьёв, комаров. На одной стоянке нам досаждали осы. Однажды нам попала на глаза змея, скорее всего, это был полоз (не ядовитый). Летало много чаек, попадались бакланы и цапли. Найти подходящую поляну для ночлега не так-то и просто. Бывает непроходимые чащи, слишком крутые берега. На берегах Сырдарьи произрастает реликтовое растение туранга (реликтовый тополь). Его отличает от других деревьев то, что листья у него не повернуты к солнцу, а почти всегда расположены перпендикулярно земле, это связано с солнечными лучами, дерево так не перегревается. Вечером мы частенько любовались красивейшими закатами, играющими буйством красок. И да, в ночное время тут просто бесчисленное количество звёзд, что очень завораживает.

Берега реки имеют отличия. По большей степени, берега похожи на берега нашей равнинной реки Иртыш. Также, берега Сырдарьи имеют отвесы до, примерно, 30 метров, множество песчаных отмелей. На одном из отвесов мы обнаружили залежи кварца (внешне похож на горный хрусталь). В почве, види-


мо, имеются и скопления металла, поэтому, вокруг кварца почва имеет буро-красный оттенок.

Температура воздуха в этот период почти всегда выше 40 градусов, дождей в этот период нет. Но нам повезло, однажды нам пришлось пережить сильный ливень с градом, иногда была переменная облачность, которая делала день немного прохладнее и сплавляться в такую погоду было легче. Но и жара нас не оставила без внимания. Совершая сплав, мы много купались даже на самом маршруте. Вода в реке довольно тёплая, по ощущениям её температура не меньше 22⁰-26⁰ градусов.

В процессе нашего сплава мы дополнительно тренировали свои умения управления катамараном и изучили для себя обустройство туристского быта на сплаве. Было много забавных ситуаций, много песен у вечернего костра, говорили, наверное, обо всём на свете, как во время маршрута, так и во время вечернего отдыха на берегу. Водный поход для нас – новинка, но имеющая свои плюсы и минусы. Сплавы имеют значительные отличия от спортивных горных походов.

Завершался наш сплав в районе Коксарайских плотов. Прошли мы более 140 км по реке за 9 дней. По окончании сплава мы разгрузили наши катамараны, разобрали их, отмыли гондолы от всякой тины, сдули их. Погрузили все вещи в КАМаз, а сами поехали в автобусе, который приехал за нами. Возвратились в Шымкент, где мы переночевали и 8 августа отправились на поезде до Павлодара.

Позже, при подведении итогов по спортивным водным походам по итогам года, мы удостоились кубка и грамоты за первое место. К слову, итоги года подводятся во время проведения финала Чемпионатов Республики Казахстан по туристскому многоборью, куда включена и дисциплина «Спортивные походы».





«Экологиялық соқпақ – табиғат жанашыры» экологиялық соқпағының жобасы



НЕСИПКУЛОВА
Бекзат Нургалыковна
ОБЖТЖЭО директорының
ОӘЖ орынбасары
Қонаев қ. Алматы обл.

Аңдатпа

Экологиялық соқпақ - эстетикалық, табиғатты қорғау және тарихи құндылығы бар, келетін адамдар осы нысандар туралы ауызша немесе жазбаша ақпарат ала алатын әртүрлі табиғи нысандар арқылы өтетін маршрут. Жобада 800 метрлік экологиялық соқпақ марирутына енгізілген 12 аялдаманы 25-30 минутта өту бағдарламасы берілген.

Аннотация

Экологическая тропа-это маршрут, который проходит через различные природные объекты, имеющие эстетическую, природоохранную и историческую ценность, где приезжающие люди могут получить устную или письменную информацию об этих объектах. В проекте прописан маршрут прохождения 12 остановок за 25-30 минут, включенных в 800-метровый маршрут экологической тропы.

Кілт сөздері: экологиялық соқпақ, «Ақпарат», «Қылқан жапырақтылар», «Май бозқараған», «Археологиялық», «Гүлдер», «Шағанды», «Аққайыңды-жаңғақты», «Шалғынды», «Жеміс бағы», «Құмырсқалар илеуі», «Жасыл дәріхана», «Ағаштағы үй» аялдамалары

1. Түсінік хат

Табиғат - біздің анамыз. Оны таза ұстау, қорғау, экологиялық орта қалыптастыру еліміз үшін, адам баласының келешегі үшін қажет.

Бұл жағдайда бізге экологиялық соқпақ көмектеседі. Экологиялық соқпақ - эстетикалық, табиғатты қорғау және тарихи құндылығы бар, келетін адамдар осы нысандар туралы ауызша немесе жазбаша ақпарат ала алатын әртүрлі табиғи нысандар арқылы өтетін маршрут. Бұл экологиялық мәдениет пен дүниетанымды арттырудың бір әдісі болып табылады.

Экологиялық соқпақ оқушыларға экологиялық білім мен тәрбиені берумен ғана шектелмейді, жасөспірімдердің еркін түрде ақпаратты қабылдауын, табиғи ортада жүріс-тұрыс ережесін сақтауын көздейді.

«Алматы облысының балалар-жасөспірімдердің спорттық туризм және экскурсия орталығы» аумағының экологиясын оқып білуде «Экологиялық соқпақ – табиғат жанашыры» экологиялық соқпағының маңызы зор. Соқпақ экскурсанттар-

ды орталық аумағындағы табиғи, тарихи-мәдени нысандармен таныстырады, оқушыларға табиғи құбылыстар мен нысандар туралы білім беруге, экологиялық тәрбие мен табиғатты қорғау үшін алғышарттар жасауға мүмкіндік береді.

2. Экологиялық соқпақтың жалпы сипаттамасы: Соқпақтың түрі: Экологиялық.

Орналасқан жері: Алматы облысы, Есік қаласы, Туристическая көшесі, №1, «Алматы облысының балалар-жасөспірімдердің спорттық туризм және экскурсия орталығы» КМҚК аумағы.

Ашылған жылы: 2019

Қашықтығы: 800 м

Пайдалану режимі: Оқу экскурсиялары, зерттеу, еркін келіп-кету.

Маршрут шекарасының қысқаша сипаттамасы: маршруттың басталатын жері – орталық мекемесінің кіре берісі, боз арша аллеясы, бозқараған, Сақ қорғанының макеті, гүлзарлар, талшын ағаштары, қарағай, аққайыңдар, қара жаңғақ ағашы, шалғындар, жеміс ағаштары, дәрілік өсімдіктер, шыршалар, саңырауқұлақтар, ақ тиін, қырғауыл, тоқылдақ,



басқа да құстар, құмырсқа илеулері, кірпі, жылан.

Соқпақтың мақсаты: Балалардың экологиялық білімдерін үздіксіз көтеріп отыруына ықпал ету, тұлғаның және жалпы қоғамның экологиялық мәдениетін дамыту

Міндеттері:

Білімділік: Бізді қоршап жатқан табиғаттың нысандары туралы экскурсанттардың білімдерін кеңейту. Балалардың үздіксіз экологиялық білім алуына жағдай жасау, табиғатты пайдаланудың практикалық тәжірибесін қалыптастыру арқылы жеке тұлға мен қоғамның экологиялық мәдениетін дамыту. Мұнда тыңдаушыларға жанды және жансыз табиғат туралы қандай да бір ақпаратты хабарлау ғана емес, сонымен қатар оларды табиғат құбылыстарын байқауға және бақылауға, табиғаттың таңғажайып көріністерін көруге, оларды биология және экологияны әрі қарай өз бетінше зерттеуге ынталандыруға, антропогендік фактордың түрлі көріністерін байқауға және оларды дұрыс бағалай білуге үйрету аса маңызды.

Дамытушылық: Білім және тәрбие беру мақсаттарынан басқа, экологиялық соқпақ оқушылардың табиғатта белсенді демалысын ұйымдастыру үшін қажет, мектептегі оқу процесі және жазғы демалыс кезінде де пайдаланылуы мүмкін және пайдаланылуы тиіс.

Тәрбиелік: Оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету, табиғатта өзін ұстау ережелерін және адамзат пен табиғаттың өзара қарым-қатынасын үйлестірудің маңыздылығын түсіндіру.

Экологиялық соқпақ білім беру мақсатында әр түрлі жастағы оқушылармен сабақ өткізу үшін де пайдаланылуы мүмкін: бастауыш сыныптарға (1-4 сыныптар) дүниетану, жаратылыстану сабақтарында туған өлкенің табиғатымен танысу үшін қажет; орта буын оқушыларына (5-8 сыныптар) жаратылыстану, биология сабақтарында, сондай-ақ жаратылыстану бағытындағы үйірмелер мен секциялардағы бағдарламадан тыс сабақтар үшін; жоғары сынып оқушыларына (9-11 сыныптар) жалпы биология пәні бойынша білімдерін тереңдету және жеке зерттеу

қызметі үшін.

Соқпаққа экскурсия жүргізу барысында балаларға табиғатта өзін-өзі ұстау ережелерін түсіндіру, экологиялық сана-сезімдерін дамыту қажет. Экскурсияны өткізетін педагог экскурсанттарды дұрыс ұйымдастыруы, олардың назарын аударуы, өз материалын қызықты баяндауы, тыңдаушылардың назарын соқпақта кездесетін табиғат нысандарына үнемі аударып отыруы тиіс.

Соқпақ биология пәнінің мұғалімдеріне ғана емес, сондай-ақ АӘД сабағында (Алғашқы әскери дайындық) жергілікті жерде бағдарлау принциптерін түсіндіру және экскурсия кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету үшін, география сабағында картография негіздерін көрнекі игеру үшін, көркем еңбек сабағында табиғат аясында пейзаждар мен жекелеген табиғи нысандарды салу үшін қажет.

Сонымен қатар, бұл соқпақ қосымша білім беру педагогтары және мектеп мұғалімдеріне экскурсиялар мен ашық аспан астында сабақтар өту үшін пайдаланылуы мүмкін. Орталық маңындағы флора және фауна өкілдерімен танысу, оқушыларға зерттеу жұмысының принциптерін көрнекі көрсету және жоба тақырыбын таңдауға көмек көрсету үшін пайдаланылады.

Сондай-ақ, соқпақ биологиялық материал ретінде топтамаларды (коллекцияларды) жинау үшін пайдаланылуы мүмкін (гербарий, жемістер мен тұқымдар, саңырауқұлақтар мен қыналар, жәндіктер, шаян тәрізділер, ұлулар және басқа да омыртқасыздар). Мұнда жиналған материалдар сабақтарда және үйірме сағаттарында көрнекі құрал ретінде пайдаланылуы мүмкін. Өртүрлі қолдан жасалған бұйымдарды жасау үшін табиғи материалды (құрғақ гүл, жаңғақ бүрлері, және т. б.) жинау мүмкіндіктері қарастырылған.

3. Экологиялық соқпақтың ерекшелігі

Экологиялық соқпақ маршруттарының көптеген әзірлемелері тек соқпақ маршрутының картасын, оның кейбір сипаттамаларын, аялдамалар тізімін және кейде экскурсия барысында кездестіруге болатын ең қызықты нысандардың тізімін қамтиды.

Біздің ойымызша, бұл жеткіліксіз: біріншіден, аялдамалардағы тірі табиғат жағдайы жыл мезгілдеріне байланысты өзгереді, кейбір өсімдіктер мен жануарлар дүниесін көктемде, басқаларын - жазда немесе күзде кездестіруге болады, сондықтан экологиялық соқпақты әзірлеуде табиғаттағы фенологиялық өзгерістер ескерілуі тиіс. Екіншіден, оқушылардың жас құрамына байланысты экскурсиялардың үлгі мәтіндерін жасау керек: төменгі сынып оқушылары туған өлкеміздің табиғаты мен экологиясы бойынша алғашқы білімдерін алады; орта буын оқушыларының жаратылыстану, экология, биология пәндері бойынша алған білімдерін бекітуіне баса назар аударылады; жоғары сынып оқушыларының мектептегі білімдерін кеңейтуден

басқа, өзіндік зерттеу жұмыстары, олардың экология және биология бойынша жобаларын әзірлеуі маңызды міндет болып табылады.

4. Экологиялық соқпақтың маршруты

«Экологиялық соқпақ – табиғат жанашыры» экологиялық соқпағының оқу маршруты орталық аумағында өтеді. Маршруттың біраз бөлігінде антропогендік әрекеттің теріс көрінісі байқалады. Осының өзі табиғатқа ұқыпты қарау керектігін мысалдар келтіре отырып, оқушылармен экологиялық сабақ жүргізуге көмектеседі. Әр түрлі флора мен аз да болса кездесетін фауна әлемі мектеп бағдарламасындағы жаратылыстану, биология және экологиядан тақырыптық экскурсиялар жүргізуге және көрнекі материал жинауға жәрдемдеседі.

Соқпақтың жалпы ұзындығы – 800 метрді құрайды. Соқпақ арқылы ұйымдастырылатын экскурсияның жалпы ұзақтығы 25-30 минут. Мұндай экскурсиялар оқушылардың экологиялық жобалармен жұмыс жүргізуіне тиімді.

5. Соқпақтың экологиялық сипаттамасы

«Экологиялық соқпақ – табиғат жанашыры» экологиялық соқпағының құрамында шығу тегі табиғи және жасанды биоценоздар бар. Бізде орман, тоғай жоқ, бірақ оларды қолдан отырғызылған ағаштар алмастырады. Жол бағыты бойынша негізгі биоценоз – боз арша, бозқараған, гүлдер, аққайың, қара жаңғақ, шалғындар, жеміс ағаштар бағы, дәрілік өсімдіктер, шыршалар.

Өсімдік әлемі бай және әр түрлі, шөп өсімдіктерінің арасында негізінен ылғалды шабындықтардың түрлері, орманды, батпақты, шөлді аймақтарда өсетін түрлер, сондай-ақ жасанды биоценоздарда өсімдіктердің мәдени түрлері бар.

Соқпақ аумағында жануарлар әлемі де әр түрлі, бірақ көзге бірінші омыртқасыздар, әсіресе көптеген жәндіктер, өрмекші тәріздестер, түрлі құрттар мен ұлулар бар, олардан басқа көптеген құстардың түрлерін, қыс мезгілінде шибөрі (шакал) және ақтиінді байқауға болады.

Соқпақтың қалалық жерде орналасуының оң және теріс жақтары бар: біріншісі – келушілерге арналған соқпақтың қолжетімділігі, екіншісі - антропогендік әрекеттің әсерінен кей жерлер қатты өзгеріске



ұшыраған. Бірақ осы факторды да жақсы пайдалану керек: балаларға көрнекі мысал ретінде көрсету керек, бұл табиғатқа ұқыпты қарау дегенді білдіреді.

6. Экосоқпақты безендіру (рәсімдеу)

Біз келесі ақпараттық мәтіндер мен белгілер түрін пайдаланамыз:

- Соқпақтың жалпы көрсеткіші және сызбасы;
- Табиғатта өзін дұрыс ұстау ережесі;
- Ұрандар мен шақырулар;
- Жекелеген табиғи нысандар және құбылыстар туралы мәліметтер;

Соқпақ аймағында орналасқан табиғат ескерткіштері туралы мәліметтер;

Табиғатпен адамның қарым-қатынасы туралы поэтикалық мәтіндер, суреттер;

- Экологиялық жол белгілері және көрсеткіштер.

Экосоқпақ жабдығы жергілікті жерде нысандар белгіленген картосхеманы құрудан басталды. Ары қарай соқпақтың маршруты зерттелді, және ақпараттық тақталарды, экологиялық белгілер мен көрсеткіштерді орнату орындары анықталды.

7. «Экологиялық соқпақ – табиғат жанашыры» экологиялық соқпақ маршрутының аялдамалары

«Экологиялық соқпақ – табиғат жанашыры» экологиялық соқпағы маршрутына бағыт бойынша 12 аялдаманы орналастыруды жоспарладық. Мұндай бекеттердің қажеттілігі экскурсияға қатысушыларды биоценозбен жақынырақ таныстыру үшін, табиғатқа әсер еткен антропогендік әсер мен экологиялық жағдайларды көру үшін. Алдымен экскурсияға қатысушыларды ақпарат тақтасымен таныстырамыз.

1. «Ақпарат» аялдамасы
2. «Қылқан жапырақтылар» аялдамасы
3. «Май бозқараған» аялдамасы
4. «Археологиялық» аялдамасы
5. «Гүлдер» аялдамасы
6. «Шағанды» аялдамасы
7. «Аққайыңды-жаңғақты» аялдамасы
8. «Шалғынды» аялдамасы
9. «Жеміс бағы» аялдамасы
10. «Құмырсқалар илеуі» аялдамасы
11. «Жасыл дәріхана» аялдамасы
12. «Ағаштағы үй» аялдамасы (Соңғы аялдама)

Экскурсия басында табиғаттағы жүріс-тұрыс мәдениеті туралы әңгіме жүргізуді бастау, осы соқпақтың қашан және қандай мақсатпен жасалғаны туралы айту, тақтайшадағы соқпақтың карта-сызбасымен таныстыру ұсынылады.

Келушілерге «Өзін табиғатта қалай ұстау керек?» тақырыбында жадынама беріледі.

Алғашқы аялдамада соқпаққа келушілерге мынадай сөздерді айтамыз:

Біз экологиялық соқпақты құрдық, ол арқылы жүріп өтіп, қоршаған табиғат қандай жағдайда екенін сендерге көрсету мақсатында және әр қайсыларының табиғатты қорғау керектігін сезінсін деген ниетпен ұйымдастырдық. Мұқият бол, саған ғажайып әлем ашылады! Сонымен, кеттік!



Особенности подготовки спортсменов в условиях среднегорья



МАЗУРЕНКО
Виталий Вячеславович
заведующий отделом спорта и
физкультуры ОЦДЮТиЭ,
Почетный деятель спорта РК
г.Уральск, ЗКО,

Аннотация

В статье зафиксировано, что влияние подготовки в горных условиях тесно связано с расширением функциональных возможностей организма спортсменов. Анализ литературных источников с обобщением спортивного опыта показал, что значительно повышается уровень физических качеств – силы, скорости, выносливости-спортсменов после тренировки в средней горной местности по сравнению с аналогичными сборами, проводимыми на равнинах.

Аңдатпа

Мақалада тау жағдайында дайындықтың әсері спортшылар денесінің функционалдық мүмкіндіктерін кеңейтумен тығыз байланыстылығы жазылған. Спорттық тәжірибені жинақтай отырып әдеби дереккөздерді талдау арқылы жазықта өткізілген ұқсас жиындарға қарағанда орта таулы аймақтағы жаттығудан кейінгі спортшылардың физикалық қасиеттерінің – күш, жылдамдық, төзімділік деңгейінің едәуір артатындығы баяндалған.

Ключевые слова: подготовки в горных условиях, тренировки.

Эффект подготовки в горных условиях тесно связан с расширением функциональных возможностей организма спортсменов. Обобщение спортивной практики и анализ литературных источников показывают более значительное повышение уровня физических качеств – силы, быстроты, выносливости – у спортсменов после тренировки в среднегорье, чем после аналогичных сборов, проводившихся на равнине.

Повышенный транспорт кислорода к мышцам
Низкий уровень содержания кислорода в окружающем воздухе вызывает синтез гормона эритропоэтина (ЭПО), который повышает производство дополнительных красных клеток крови и гемоглобина, обеспечивающих лучшую доставку кислорода к мышцам. Увеличивается общий объем крови.

Д.А. Алипов изучал изменение мышечной силы у 193

Вероятные преимущества тренировок на среднегорье

Преимущества

Повышенный транспорт кислорода к мышцам

Улучшенная утилизация кислорода мышечным клеткам

Увеличенная анаэробная ёмкость вследствие повышения буферных возможностей мышц и крови

Примечания:

Более низкое содержание кислорода в окружающем воздухе вызывает синтез гормона эритропоэтина (ЭПО), который стимулирует производство дополнительных красных клеток крови и гемоглобина, обеспечивающих, в свою очередь, лучшую доставку кислорода к мышцам. Увеличивается общий объем крови.

Увеличивается концентрация миоглобина, активность аэробных ферментов и количество митохондрий; капилляризация мышечной ткани также увеличивается.

Увеличивается способность крови и мышц к связыванию избытка ионов водорода и предотвращается чрезмерный ацидоз; анаэробные возможности спортсменов увеличиваются.

спортсменов, тренировавшихся в среднегорье. В соревновательном периоде прирост мышечной силы верхних конечностей составил 6,3 %, становой силы – 4,5 % и силы экспираторных (выдыхательных) мышц – 17,2% от исходного уровня.

В подготовительном периоде на фоне тренировочной работы большого объема прирост становой силы составил 7,2%, экспираторных мышц – 54,1%. В контрольных группах, выполнявших аналогичную тренировочную нагрузку в привычных условиях при двукратном обследовании в интервале, равном горному сбору, изучаемые показатели почти ничем не отличались от исходных.

Показатели соревновательной деятельности в период реакклиматизации после тренировочного сбора продолжительностью 20 дней на высоте более 1500 м.

Намного улучшалась скорость отдельных движений. После возвращения с среднегорья в течение 1 месяца сохраняется укороченное время латентного периода двигательной моторной реакции.

При работе с высокими скоростями воздушный поток приобретает турбулентный характер и меняется в зависимости от плотности атмосферы. Так как сопротивление воздуха в горах значительно ниже, чем на уровне моря, это способствует преодолению «скоростного барьера» и повышению результатов в беге на короткие дистанции, гонках на треке, конькобежном спорте и других скоростных видах спорта.

Интенсивная мышечная деятельность преимущественно анаэробного (алактатного) характера в циклических видах спорта, в спринтерских дисциплинах в горах выполняется достаточно успешно.

Изменения скоростно-силовых качеств: максимальной силы стопы (F), способности проявления спринтерских усилий (градиент "J") и способности к эффективному проявлению усилия в начале напряжения мышц (градиент "Q").

В горах многие упражнения выполняются значительно быстрее, эффективней и мощнее, что дает возможность развить высокую скорость, испытать новые ощущения и выработать нервно-мышечные связи, то есть адаптировать организм и нервную систему к восприятию в привычных условиях, на уровне моря.

Пониженное атмосферное давление способствует снижению порогов рефлекторных раздражителей.

Процессы возбуждения на высоте преобладают над процессами торможения вследствие активизации симпатической нервной системы, а поскольку количество энергопродукции в единицу времени из анаэробных источников в процессе тренировки в горах не уменьшается, то спортсмен успевает выполнить упражнения на более высокой скорости, или количество повторений за определенное время.

Под влиянием тренировки в условиях гор, усиливается экскреция стероидных гормонов, что является одним из факторов повышения специальной работоспособности спринтеров в скоростно-силовой работе. Эти изменения носят временный характер и к 21-у дню

после спуска с гор практически исчезают.

Положительный эффект тренировки, направленный на воспитание скоростно-силовых качеств, в условиях среднегорья связан также с воздействием повышенного ультрафиолетового излучения. В организме происходит ряд положительных изменений. Повышается тонус центральной нервной системы, улучшается защитная функция кожи, активизируется синтез гормонов (гистамина) и витамина "D", улучшается обмен веществ, в частности фосфорно-кальциевый обмен, повышается концентрация гемоглобина, количество эритроцитов и лимфоцитов, уменьшается латентный период двигательной реакции.

Повышение работоспособности и уровня развития физических качеств, в том числе быстроты и силы, у спортсменов под влиянием солнечного и эритемного люминисцентного облучения. Повышение прироста силы при ультрафиолетовом облучении почти в два раза выше, чем без него. По мере подъема в горы уменьшается плотность атмосферы и падает содержание водяных паров, солнечная радиация возрастает. Интенсивность ультрафиолетовой части на высоте 2000 метров увеличивается по отношению к равнинным условиям на 60–80 %. Это связано с тем, что ультрафиолетовая радиация повышается в среднем на 3–4 % каждые 100 м высоты.

Обычно спортсмены, специализирующиеся в скоростно-силовых видах спорта (спринтеры, штангисты и др.), имеют недостаточно высокий уровень выносливости, что сказывается на объеме и не позволяет тренироваться с необходимой интенсивностью.

Повышение аэробных способностей спортсменов под влиянием горного климата способствует эффективному протеканию окислительно-восстановительных процессов в организме, быстрейшему выполнению работы устраниению продуктов анаэробного обмена в мышцах и т.д., что, в свою очередь, обеспечивает возможность выполнить большую тренировочную работу.

Тренировочные нагрузки в условиях среднегорья, направленные на совершенствование аэробных функций организма, для этой группы спортсменов являются неспецифическими, им не уделяется должного внимания. Поэтому даже само пребывание, а тем более тренировка в условиях гор, где вследствие пониженного парциального давления кислорода сердечно-сосудистая и дыхательные системы получают дополнительную нагрузку, – очень действенное средство совершенствования аэробных функций атлета.

Следовательно, кроме непосредственного влияния на совершенствование и проявление скоростно-силовых качеств, тренировка в среднегорье непосредственно влияет на повышение работоспособности и увеличение спортивных достижений этой группы атлетов.

Анализ данных достаточно уверенно показывает, что использование подготовительной тренировки в горах для спортсменов в циклических видах спорта, требующих преимущественного проявления выносливости, так и в единоборствах, где требуется достаточно высо-

кий уровень всех качеств, а также в скоростно-силовых видах спорта повышает уровень специальной работоспособности и улучшает спортивные достижения в последующий период в привычных равнинных условиях.

Положительное воздействие учебно-тренировочных сборов на среднегорье после возвращения на равнину проявляется не сразу. 50–60% спортсменов уже в первые 3–4 дня способны показывать высокие спортивные результаты, но затем у них наступает длительная (5–6 дней) фаза пониженной работоспособности. У остальной части спортсменов эта фаза наступает сразу после спуска с гор и продолжается 6–8 дней. Пик функциональных возможностей приходится на 20–25 дни после возвращения с гор.

Негативные факторы в системе подготовки спортсменов высокой квалификации, тренировавшихся в среднегорье могут быть связаны со следующими причинами:

– отдельные спортсмены или сборные команды не учитывают после спуска с гор то обстоятельство, что в определенные дни спортивная работоспособность несколько снижается, не рассчитывают сроки сбора в горах, даты спуска, начала и конца соревнований, которые могли совпасть с «негативной фазой» реакклиматизации;

– недостаточный уровень физической, технической, тактической и волевой подготовки команд или отдельных спортсменов;

– применение в среднегорье слишком высоких тренировочных нагрузок, неосвоенных еще в привычных условиях равнины, отсутствие учета перестроек в организме в период «острой» (аварийной) акклиматизации в первые дни пребывания в горах, нарушение спортивного режима;

– отсутствие взаимосвязи между равнинной и горной подготовкой в годичном цикле тренировки.

Все эти факторы могут явиться причиной снижения спортивных достижений в период реакклиматизации.

Таким образом, успех тренировок проводимых в горной местности, зависят от степени адаптации организма, ряда факторов внешней и внутренней среды и уровня тренировочных нагрузок выполняемых в горах. Важнейшее значение для этого имеют стаж проводимых сборов в горах и уровень подготовленности спортсмена. Положительное снижение частоты сердечных сокращений при стандартных нагрузках в процессе акклиматизации свидетельствует о положительном воздействии тренировки на функциональное состояние спортсменов.

Тренировки и пребывание в условиях среднегорья связаны с рядом благоприятных адаптационных перестроек организма: прирост гемоглобиновой массы, повышение буферной емкости скелетных мышц, увеличение экономичности соревновательного километража, прирост капиллярной сети в скелетных мышцах. Эти адаптивные процессы сохраняются после окончания сборов в горах. При этом повышенный положительный эффект на спортивные результаты на равнине длится в

среднем до месяца.

Концентрация гемоглобина в крови - это относительный показатель. Он зависит от двух факторов: 1 - гемоглобиновой массы, 2 - объема плазмы крови. Если эти два фактора меняются одновременно, то концентрация гемоглобина, которую вы видите в общем анализе крови может значительно повыситься, уменьшиться или остаться без изменений, несмотря на реальный прирост гемоглобиновой массы.

Поэтому нужны именно измерения гемоглобиновой массы суммарно в граммах в организме, чтобы достоверно сказать об эффекте среднегорья.

Причины снижения концентрации гемоглобина? Во-первых - анемии разной природы, это вопросы, которые должны быть выяснены и решены до среднегорных подготовительных сборов. Во-вторых - пребывание в условиях среднегорья связано с травмами и болезнями, то прирост гемоглобиновой массы оказывается в существенной степени угнетенным. В-третьих - дополнительный прием препаратов железа и ряда витаминов.

Акклиматизация: ~1 неделя

Как понять, акклиматизировался ли спортсмен, так как для кого-то острая фаза акклиматизации завершается за 3-4 дня, а для другого - может занять и до 10-ти дней. Это непростой вопрос, но объективные измерения помогают дать на него ответ. Рекомендуется использовать два инструмента: пульсоксиметр и измерения вариабельности сердечного ритма. В случае использования пульсоксиметра стабилизация показаний прибора позволяет судить о начальной акклиматизации к условиям гипоксии. Что касается измерений вариабельности сердечного ритма, то 2-3 "зеленых" дня (когда симпатическая и парасимпатическая нервная системы находится в оптимальном балансе) позволяет сделать предварительное заключение о завершении острой акклиматизации для конкретного спортсмена.

Во время акклиматизации тренировочный процесс высокой интенсивности не рекомендуются!

Наконец, важным принципом, который помогает усилить эффект от среднегорных подготовительных сборов является принцип "Живи-Высоко-Тренируйся-Низко".

Особенность горного климата:

К характерным факторам горного климата относятся пониженное атмосферное давление и связанное с этим снижение парциального давления кислорода в воздухе, резкие смены дневных и ночных температур, низкая абсолютная влажность воздуха, интенсивная солнечная радиация, сильные ветры, усиливающие охлаждающий эффект, ионизированный воздух, эти факторы влияют на организм, особенно на систему органов дыхания и сердечнососудистую систему.

В системе органов дыхания: В зависимости от степени гипоксии уменьшается как парциальное давление кислорода в крови, так и насыщение гемоглобина кислородом. Соответственно уменьшается градиент давления кислорода между капиллярной кровью и тканями, ухудшается переход кислорода в ткани, следовательно, идет уменьшения насыщения клеток кислородом, что

обусловлено снижением парциального давления кислорода во вдыхаемом воздухе.

В сердечнососудистой системе: в условиях среднегорья влажность низкая, то организм будет терять влагу с выделением пота и прочее, вследствие чего идет уменьшение жидкости в плазме крови, соответственно кровь становится гуще, что приводит к уменьшению величины максимальной частоты сердечных сокращений, уменьшение: максимального систолического объема и сердечного выброса, скорости транспорта кислорода артериальной кровью - следствие, максимального потребления кислорода, насыщение гемоглобина кислородом уменьшается.

Такие факторы условий внешней среды приводят к адаптации организма.

Основные адаптационные реакции, обусловленные пребыванием в горных условиях: увеличение легочной вентиляции; увеличение сердечного выброса; увеличение содержания гемоглобина; увеличение количества эритроцитов; увеличение количества миоглобина, облегчающее потребление кислорода; увеличение размера и количества митохондрий; увеличение количества окислительных ферментов.

Все эти качества является конечным результатом акклиматизации, но все спортсмены разные, соответственно скорость акклиматизации будет зависеть от определенных условий организма.

Адаптация организма в условиях высокогорья зависит от:

- опыта гипоксической тренировки.
- вида спорта: велоспорт, конькобежный спорт, бегуны на длинные дистанции, т.е. те виды спорта, которые связаны с аэробными нагрузками.
- уровня тренированности.

Фазы адаптации

Адаптация в условия высокогорья состоит из трех фаз: острой, переходной и устойчивой фазы адаптации. Рассмотрим подробнее все три периода.

Острый период адаптации длится 3 - 7 дней. В ней происходят следующие процессы: резко нарушают гомеостаз организма; активизируются функции систем, ответственных за транспорт кислорода из окружающей среды в организм и его распределение внутри организма: гипервентиляция легких, увеличение сердечного выброса, расширение сосудов мозга и сердца, сужение сосудов органов брюшной полости и мышц и др.

Наряду с повышением легочного артериального давления отмечается существенное повышение ЧСС и сердечного выброса, что особенно ярко проявляется в первые дни пребывания в горах, затем через несколько дней величины сердечного выброса возвращаются к равному уровню.

Одной из наиболее острых реакций, протекающих в организме человека уже в течение первых часов пребывания в горах, является повышение количества эритроцитов и гемоглобина. Уже через несколько часов после подъема в горы снижается объем плазмы вследствие повышения потерь жидкости, вызванных

сухостью воздуха. Это приводит к увеличению концентрации эритроцитов, повышая кислородтранспортную способность крови.

В период острой адаптации нарушается координация. Это происходит, потому что клетки головного мозга слабо насыщаются кислородом.

У малоопытных спортсменов появляются признаки горной болезни: головокружение, эйфория, нарушение дыхания и сильное сердцебиение. Поэтому работа будет только аэробной направленности: прогулки, щадящий тренировочный режим, связанный со снижением интенсивности тренировочных нагрузок и увеличением в 2,5 раза интервалом отдыха.

Следующим периодом является переходным. Он связан с формированием достаточно выраженных и устойчивых структурных и функциональных изменений в организме человека. В частности, развивается адаптационная полицитемия (повышение количества эритроцитов и гемоглобина в крови) и происходит увеличение кислородной емкости крови; обнаруживается выраженное увеличение дыхательной поверхности легких, повышается пропускная способность коронарного русла из-за увеличения левого желудочка.

Так как этот период является переходным, соответственно, можно увеличивать интенсивность нагрузки и тренироваться почти как на уровне моря, но выполнить работу на 100% мы не сможем, так как наш организм не полностью адаптировался к условиям среднегорья, а значит, интервалы отдыха будет приблизительно в 1,5-2 больше, чем на уровне моря.

Третий период связан с формированием устойчивой адаптации, конкретным проявлением которой является увеличение мощности и одновременно экономичности функционирования аппарата внешнего дыхания и кровообращения, рост дыхательной поверхности легких и мощности дыхательной мускулатуры, коэффициента утилизации кислорода из вдыхаемого воздуха. Происходит также увеличение массы сердца и емкости коронарного русла, повышение концентрации миоглобина и количества митохондрий в миокарде, увеличение мощности системы энергообеспечения и др.

Устойчивая адаптация к гипоксии связана и с существенными изменениями возможностей центральной и периферической частей нервной системы. На уровне высших отделов нервной системы это проявляется в увеличении устойчивости мозга к чрезмерным раздражителям, конфликтным ситуациям, в повышении устойчивости условных рефлексов, ускорении перехода кратковременной памяти в долговременную.

Если идет учебно-тренировочный сбор в условиях среднегорья, то педагогу важно составить план тренировок, в котором будут описаны тренировочный объем и интенсивность нагрузки. В книге Ф.П.Суслов, Е.Б.Гиппенрейтер, Ж.К.Холодов «Спортивная тренировка в условиях среднегорья» описывает динамику тренировочных нагрузок в среднегорье: «Разделяют этап тренировки в среднегорье на 3 фазы: 1-я - акклиматизация длительностью 5 дней; 2-я - 5 дней

и - 8 дней; 3-я (восстановление) - 3 дня. В 1-й фазе планируется снижение нагрузки. В 1-й части 2-й фазы увеличиваются объем и доля скоростной работы, во 2-й части 2-й фазы увеличивается интенсивность нагрузок (2-3 занятия гликолитической направленности). В 3-й фазе нагрузки снижаются в целях подготовки к соревнованиям.

В связи с тем, что в ряде работ использование среднегогорья рассматривается как дополнительный фактор повышения тренированности, проводить подготовку в горах рекомендуется спортсменам, освоившим уже накануне выезда в горы достаточно высокий по объему и интенсивности уровень тренировочных нагрузок.

Благодаря тренировкам в условиях среднегогорья, отметим, что происходит экономичность работы за счет увеличения числа и протяженности мозговых капилляров, способствующие усилению кровоснабжения головного мозга. Благодаря второму и третьему периоду дыхание становится менее частым и более глубоким по сравнению с реакциями, отмечаемыми в первой фазе адаптации. Минутный объем дыхания также несколько снижается, но не превышает равнинной нормы. Поэтому такие тренировки в условия среднегогорья увеличивают работоспособность, а так же долго эффективны на уровне моря.

Поэтому тренировки в условиях среднегогорья используют не только спортсмены, имеющие анаэробные нагрузки, но и те которые с ними не связаны. В книге Ф.П. Сулова «Спортивная тренировка в условиях среднегогорья» описывается возможность использования среднегогорья для представителей скоростно-силовых видов спорта. «Среднегорье используют для подготовки к выступлениям в условиях равнины непосредственно в период реакклиматизации, а также для последующей более эффективной тренировки, ибо по возвращении в нормальные условия продолжительное время (до 1,5-2 месяцев) ощущается эффект "повышенной работоспособности".

Положительный эффект тренировки, направленный на воспитание скоростно-силовых качеств, в условиях среднегогорья связан также с воздействием повышенного ультрафиолетового излучения. В организме происходит ряд положительных изменений. Повышается тонус ЦНС, улучшается защитная функция кожи, активизируется синтез гормонов (гистамина) и витамина "Д", улучшается обмен веществ и, в частности, фосфорно-кальциевый обмен, увеличивается концентрация гемоглобина, число эритроцитов и лимфоцитов, уменьшается латентный период двигательной реакции».

Список используемой литературы:

1. Алипов Д.А. Влияние среднегогорья Тянь-Шаня на развитие качеств силы и быстроты у спортсменов / Д.А. Алипов // Теория и практика физической культуры. – 1965. – № 5. – С. 30–33.
2. Волков Н.И. Современные методы гипоксической подготовки в спорте / Н.И. Волков // 3-й Международный конгресс «Теория деятельности и социальная прак-

тика» 26–29 июня 1995 г., Москва. – М.: Физкультура, образование, наука, 1995. – С. 27.

3. Иссурин В.Б. Подготовка спортсменов XXI века. Научные основы и построение тренировки / В.Б. Иссурин. – М.: Спорт, 2016. – 464 с.

4. Макеева В.С. Методы тренировки к различным условиям внешней среды // Наука–2020. – 2015. – № 1 (5). – Режим доступа: <https://readera.ru/metody-trenirovki-k-razlichnym-usloviyam-vneshnej-sredy-142208486>

5. Мозжухин, А.С. Устойчивость к гипоксии и физиологические резервы организма / А.С. Мозжухин, Д.Н. Давиденко, Г.И. Попова // Механизмы адаптации физиологических функций организма: Сб. науч. трудов. – Томск, 1985. – С. 3–11.

6. Пенкина Ю.Н. Адаптация к физическим нагрузкам и использование барокамерных условий для тренировочных целей / Ю.Н. Пенкина, А.А. Вишневецкий // Педагогические и медико-биологические аспекты физвоспитания и спортивной подготовки в Кыргызстане. Бишкек, 1995. – С. 63–64.

7. Репс В.Ф. Технологии повышения функциональной адаптации у спортсменов в условиях высотной гипоксии / В.Ф. Репс, А.В. Гребенюк // Физиол. Журн. – 2012. – Т. 58, № 4. – С. 78–84.

8. Рыбина И.Л. Биохимическая адаптация организма лыжников-гонщиков к высокоинтенсивным физическим нагрузкам в равнинных и горных условиях / И.Л. Рыбина // Вестник спортивной науки (РФ). – 2011. – Вып. 6, № 6. – С. 47–50.

9. Солопов И. Н. Совершенствование механизмов адаптации у спортсменов при тренировках с дыханием через дополнительное мертвое пространство / И.Н. Солопов // Педагогические и медико-биологические аспекты физвоспитания и спортивных тренировок в Киргизии. Фрунзе. – 1988. – С. 101–102.

10. Тимушкин А. В., Тимушкина Н. В. Совершенствование системы тренировки спортсменов в условиях высокогорья / А.В. Тимушкин, Н.В. Тимушкина // Вопросы укрепления здоровья населения, теории, методики и психофизиологии физического воспитания и спорта : сб. науч. тр.: в 2 т. – Чебоксары, 1995. – Т. 2. – С. 217–221.

11. Черкес Л.И. Оценка эффективности адаптивных влияний горной тренировки на функциональное состояние высококвалифицированных спортсменов с разным типом вегетативного гомеостаза / Л.И. Черкес // Ульяновский медико-биологический журнал. – 2012. – № 4. – С. 114–119.

12. Черняев А.А. Особенности построения тренировочного процесса в горных условиях для марафонцев на этапе спортивного совершенствования / А.А. Черняев, Р.И. Кашапов // Педагогико-психологические и медико-биологические проблемы физической культуры и спорта. – 2012. – № 2 (23). – С. 134–138.

13. Чижов А.Я. Нормализующий эффект нормобарической гипоксической гипоксии / А.Я. Чижов, В.Н. Потиевская // Физиология человека. – 1997. – Т. 23, № 1. – С. 108–



КУСПАНОВА
Гүлжан Жақсылыққызы
ОБЖТЖЭО-ның
кітапханашысы
Орал қ., БҚО

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛЫ ҒАЛЫМЫ

(Қ.Сәтбаевтың туғанына 125 жыл
толуына арналған танымдық кеш)



КАЙБАЛИЕВА
Гүлмира Жайғалиқызы
ОБЖТЖЭО-ның ҚББП-і,
Орал қ., БҚО

«Біздің Республика кең байтақ жеріне сәйкес келетін табиғи қазыналарға толы. Оның қойнауында бай болашақ жатыр, оларды ұтымды пайдалану халықтың материалдық әл-ауқатын, мәдени деңгейін анықтайды. Оның экономикалық және әлеуметтік дамуы осында жатыр»

Қаныш Сәтбаев, академик

I. Кіріспе сөз. Баяндама «Қазақтың ұлы ғалымы»

Сәлеметсіздер ме құрметті әріптестер, ұстаздар, оқушылар! Ежелгі Шығыстың кеменгер ғалымдары мен ойшылдарының есімдері дүние жүзіне танымал, туындылары әлемдік білім қазынасын байытып, өркениеттің дамуына үлес қосқан. Олардың ішінде әл-Фараби, Мұхамед Хайдар Дулати, Абай Құнанбаев, Шоқан Уалиханов және т.б. бар. Осындай ой титандары, адамзат данышпандарының қатарына артына өшпес өнеге қалдырған тау тұлға, қазақ ғылымының

атасы – Қаныш Имантайұлы Сәтбаевты да қоюға болады. Қаныш атамыз өзінің тынымсыз еңбегінің, туған жерге деген риясыз сүйіспеншілігінің арқасында еліміздің экономикасы мен мәдениетінің өркендеуіне баға жетпес үлес қосты. Ол мұндай құрметке өзінің қайталанбас қабілеттерінің, орасан зор еңбегінің және білімнің шексіз әлемін түсінуге деген құштарлығының арқасында ие болды.

Ол – қазақ ғылымына өлшеусіз үлес қосқан, Қазақстан геологтары ғылыми мектебінің негізін қалаған, геология-минералогия ғылымдарының



Әкесі Имантай, анасы Әлима

докторы, профессор, Қазақстан Ғылым академиясын ұйымдастырушылардың бірі, әрі тұңғыш президенті, академик. Қаныш Имантайұлы 1899 жылы 12 сәуірде Павлодар облысының Баянауыл ауданы, Ақкелін болысы, Шадра (қазіргі Сәтбаев) ауылында дүниеге келген. Сауатын ауыл молдасынан ашып, 1911-1914 жылдары Павлодардағы орыс-қазақ мектебінде білім алды. 1914 жылы Семейдің мұғалімдік семинариясында оқиды. Оны 1918 жылы аяқтап, Семейдегі педагогикалық курста мұғалім, 1920-1921 жылдары Баянауылда халық судьясы болып қызмет істейді.

Ғалымның 1921 жылы Томск технологиялық институтының геология профессоры Михайл Антонович Усовпен кездесуі оның өміріне үлкен өзгеріс әкелді. Ғалыммен жердің құрылысы, Қазақстан жер қойнауының байлықтары туралы болған әңгімелер оған әрі қарай оқудың қажет екенін көрсетті. Сол жылдың күзінде қабылдау емтиханын жақсы тапсырғаннан кейін, ол Томск технологиялық институтының «Тау-кен» факультетіне қарасты «Геология-барлау» бөлімшесіне студент болып қабылданды.

1926 жылдың шілдесінде Қаныш Имантайұлы осы институттағы оқуын аяқтап, дипломын қорғап, тау-кен инженер-геологі мамандығын алды. Оны Қазақ АКСР-і Халық шаруашылығы орталығы кеңесінің ұйғаруымен Мәскеу қаласына «Асбасцветмет» тресінің геология бөлімін басқаруға жібереді. Бұл треске Жезқазған мыс кен орындарын, Байқоңыр көмірін зерттеу және салынып жатқан Қарсақбай мыс заводының құрылысын жүргізу жүктелген еді. Қ.Сәтбаев бұл істі қарқынды жүргізу мақсатында Қазақстанға қайтып оралды. 1926 жылы Жезқазғанда жұмыс басталды. Мұнда 27 жасар сарыарқалық сым-

батты, білімді жігіт шағын топпен жұмысқа кірісті. Осы жылдары Жезқазған қайта дүниеге келді. Ол Жезқазған өңірінің барлық кен орындарын зерттеді. Мемлекет экономикасын басқару тәжірибесі ретінде Қаныш Имантайұлы сол жылдары жас қазақ инженерлері мен геологтарын дайындады. 15 жыл бойы бір ғана мақсатқа ұмтылды. Бар білімін, өмірін соған арнады. Ол жеңді! Мақсатына жетті! 1916 – 1917 жылдары шетелдік байлар Қарсақбай мен Жезқазғанды жалға алып, ондағы мыстың үлкен қорын анықтады. Бірақ олар көп нәрсені таба алмаған еді. Ал қазақтың Қанышы болса бұрын тек көшпенділер ғана өмір сүрген, киіз үйлі ауылдары бар Сарыарқа төсінен әлемге беймәлім байлық тапты, белгілі болғаннан отыз есе көп кен орындарын анықтады. Ғылыми еңбектер жазды. Қаныш Имантайұлының негізгі ғылыми еңбектері кентасты кендер геологиясы мен Қазақстанның минералды ресурстарын зерттеуге арналған. Жезқазған кенін зерттеуде және Орталық Қазақстанның (Сарыарқаның) металлогендік және болжам картасын жасауда көп еңбек сіңірді. Қ.Сәтбаев ғылымға формациялық металлогендік анализдің кешендік әдісін енгізді. Бұрынғы геологиялық деректерге терең талдау жасап, 1926-1929 жылдары кені мардымсыз болып саналатын Жезқазған кен орнын кең көлемдегі геологиялық-барлау ұйымдастыруға болатын ірі нысан екенін дәлелдеді. Жезқазған-Ұлытау ауданында мыстан басқа темір (Қарсақбай), марганец (Жезді), көмір (Байқоңыр, Қияқты), қорғасын (Қорғасын) кендерін ашып, барлау нәтижесінде маңызды геологиялық қорытындылар жасалды. Қ.И.Сәтбаевқа осы еңбегі үшін диссертация қорғамастан, геология-минерология ғылымдарының докторы атағы берілді.



Бұл өлке туралы грек тарихшысы Геродот осыдан 2400 жыл бұрын былай деп жазған: «Сақтар мен массагеттер Арал теңізінің жазық жерінде өмір сүреді. Олардың өз жерлерінде қола мен мыстың мол қоры бар». Ал XIII ғасырда кездейсоқ саяхатшы: «Бұл жерде байлық бар» деп айтып кеткен екен. Бұл Бағаналы бабалар жері – Жезқазған еді. Көп адамдар Жезқазған туралы білді, табылған қорлар шетелдік мамандардың болжамынан алпыс есе асып түсті. Жезқазған әлемге танылды. Қаныш Имантайұлы тек мыс ғана емес, осы аралықта Жезқазған мен Қарсақбай маңынан басқа да көптеген байлықтар тапты. Олар Байқоңырдан, Қияқтыдан табылған көмірдің, қорғасын мен күмістің мол қорлары. Ол болашақ зауыттар үшін темір мен марганецтің бай кен орындарын ашып, құрылыс материалдарын, алтын мен молибден, сондай-ақ мыс балқытуға қажетті әртүрлі қоспаларды тапты.

Ғалым ашқан жер қойнауындағы байлық қазыналарында осы күнгі өндірісті көркейтуге негіз болған химия элементтерінің барлығы бар деуге болады. Кен байлығын ашумен бірге сол қазба байлық шығатын жерлерге заводтар салдыруға зор үлес қосты. Тау-кен шикізатын басқа жерлерге тасымалдамай, сол жерде қорытатын заводтар құрылысының қажеттігін дәлелдеді. Соның нәтижесінде Ұлы Жезқазған, Ұлы Алтай өндіріс орындары, Қарағандыдағы темір балқытатын заводы, Қарағанды-Ертіс каналы, Қаратау фосфориті салынды. Осы арқылы Қазақстанның өндіріс шаруашылығын өркендетуге күш салды.

Ұлы ғалымның шексіз қабілетінің арқасында елдің қорғаныс қабілеті артты. Дәл осы кезеңдерде 1928-1940 жылдар аралығында Жезқазған Ұлытау аймағында әртүрлі пайдалы қазбалар мен рудалардың, қара және түсті металдар, алтын, вольфрам, қорғасын, марганец және т.б. перспективалы кен орындарының тұтас сериясын анықтады. Ұлы Отан соғысы кезінде дәл осы жерден Одақтың қорғаныс өнеркәсібі стратегиялық шикізаттың қажетті мөлшерін ала бастады. 1940 жылы туған елі оның еңбегін жоғары бағалап, ең жоғары марапат – Ленин орденімен марапаттады. 1942 жылы бүкіл Кеңес Одағы ғалымдарының ғылыми жетістіктерінің қорытындысы шығарылды. Қаныш Имантайұлы «Жезқазғанның мыс кендері» кітабы үшін Мемлекеттік сыйлыққа ие болды. 1943 жылы КСРО Ғылым академиясының корреспондент мүшесі деген жоғары атаққа ие болды.

Қ.И.Сәтбаев өзінің тамаша ұйымдастырушылық қабілетімен, айналасындағы көптеген пікірлестері

мен студенттерді өз идеялары төңірегіне топтастыра алу қабілетімен, геологиядан бастап тарих пен әдебиетке, халқымыздың поэзиясы мен театр өнері секілді сан салуан салалардағы шынайы энциклопедиялық білімімен ерекшеленді.

«Қараторғай» күйін «Ақжайық» үйірмесінің оқушысы Жолдыбай Асыл қобызбен орындады.

II. «Қазақтан шыққан тұңғыш академик-ғалым» презентациясы. Презентацияда ғалымның кітаптары мен мақалалары таныстырылды.

III. «Қазақстанның жер асты байлығы» презентациясында еліміздің пайдалы қазбаларының суреттері көрсетіліп, олардан жасалған бұйымдар көрмесі таныстырылды.

IV. Қаныш Имантайұлы туралы үйірменілер жинаған «қызықты деректері» оқылды:

1. Ғұлама ғалымның шын есімі – Ғабдул-Ғани. Арабшадан аударғанда «Ғабдул» – Алланың құлы, ал «Ғани» – биік, алып деген мағынаны білдіреді. «Ғани», «Ғаныш» еркелете келе «Қанышқа» айналған.

2. Бала Қаныштың кішкентайынан басы үлкен болыпты. Сонда әкесі: «Менің осы балам не сөз ұқпайтын маубас, не елден асқан данышпан болады» – дейді екен. Әке үміті ақталды. Өйткені бала кезінен ойынға онша жоқ, асық ойнаса да бір сағаттан соң жалығып, басқа қызығушылық іздеп кететін, бірақ үлкендердің әңгімесін тыңдауға құмар Қаныш кейін үлкен ғалым болды.

3. Анасы Әлима Қаныш бес жасқа келгенде қайтыс болған. Жас Қаныш Имантайдың бәйбішесі Нұрым Тасболатқызының тәрбиесінде өскен.

4. Ол Семейдегі мұғалімдер семинариясында Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов сияқты көрнекті қайраткерлермен бірге оқыған.

5. Қазақтың тау тұлғалы алыптары Қаныш Сәтбаев пен Мұхтар Әуезов дос болған. Екеуі бір жатақханада, бір пәтерде тұрған. Жастайынан бір-бірін тап басып таныған қос таланттың арасындағы адал достық соңғы сәтке дейін жалғасын тапқан.

6. Қаныш Шәкәрім Құдайбердіұлымен тығыз байланыста болып, оның шығармашылығын жоғары бағалаған.

7. Ол домбыра мен гитарада тамаша ойнап, полька, мазурка, вальс билерін билеуге қызыққан, қазақ және украин әндерін орындауды ұнатқан. Қаныштың аузынан белгілі музыка танушы-фольклорист Александр Затаевич жазып алған 25 қазақ әні 1931 жылы Мәскеуде жарық көрген «Қазақтың 500 ән мен күйі» атты іргелі еңбекке енген.

8. Қаныш қазақ орта мектебінің төменгі және жоғары сынып оқушыларына арналған «Алгебра» оқулығын 1919 жылы студент шағында бастап, 1924 жылы аяқтады да Білім Наркомына (қазіргі Білім және ғылым министрлігі) бекіттірді. Бұл оқулық 2005 жылы жарық көрді. Алғашқы ғылыми еңбегіне жататын оқулық қолжазбасының көлемі – 1642 беттен тұрған.

9. Қаныш - ғалым-математик. Ол геологиялық кен барлау жұмыстарында математикалық шарттарды шебер қолдана білген: Орал аймақтарында көлбеу орналасқан тау-кен қазбаларында көлбеу бұрғылау әдісі қолданылса, Ұлытау-Қарсақбай жерасты кен байлықтарына тік бұрғылау әдісін тұңғыш рет қолдануды ұсынды. Математикалық өлшеммен дәлелденген ғалымның бұл жаңалығы бұрғылаудың үнемділігін іс жүзінде арттыра түсті.

10. Қаныш алуан түрлі тастары бар тауларды, дархан даланы жақсы көрген. Ол кішкентайынан тау-тастардан, қыраттардан әр түрлі түске боялған тастарды жинаған.

11. Қаныштың атасы - Сәтбай Шотықұлы Баянауыл өңіріне танымал азамат болған. Ол қажылық сапары кезінде Меккеде қайтыс болып, сонда жерленген.

12. Қаныш Сәтбаев қазақ археологиясының бәйтерегі, ғалым Әлкей Марғұланды қуғын-сүргін азабынан құтқарып, Алматыдағы КСРО Ғылым Академиясының филиалына жұмысқа алады.

13. Академик Қаныш Сәтбаевтың ең ірі жобасы – «Ертіс-Қарағанды» каналы. Жобаның құрылысы 1961 жылы басталып, 1967 жылғы желтоқсан айында бірінші кезеңі аяқталды. Ертіс суы Екібастұзды жанамалай, 475 метр өрдегі Қарағанды мен Теміртау қалаларына жетті. Сол кезден бастап Орталық Қазақстан алқабы иен суға кенелді.

14. 1947 жылғы наурызда Қаныш Сәтбаев КСРО Жоғарғы Советінің делегациясы құрамында Англияға барған. Сапар барысында қазақ ғалымын алғаш көрген Ұлыбританияның әйгілі саясаткері Уинстон Черчилль зор денелі Қаныш ағаға тесірөйе қарап: «Қазақтардың бәрі сіздей алып па?» – деп сұраса керек. Сонда Қаныш Сәтбаев: «О не дегеніңіз? Черчилль мырза, олай емес, мен қазақтардың ішіндегі ең кішкентайымын. Халқым менен де биік» – деп жауап беріпті.

15. Қаныш Сәтбаев 30-жылдардағы ашаршылық кезінде өзінің мансабын қатерге тігіп, ауылдардың кедей тұрғындарын құтқару үшін Жезқазған өңіріне жорықтар ұйымдастырды. Оның есімі нағыз гуманистік қызметінің арқасында халық жадында мәңгі сақталады.

16. «Қазақстандағы ғылым дұрыс жолмен дамуы үшін оның штабында – ғылым академиясында халқының, өз Отанының мүдделеріне бар жан-тәнімен берілген адамдар қызмет етуі керек» деген сөзінен ғалымның ұлттық мүддесін танимыз.

17. Мәскеудің тапсырмасы бойынша Қазақстанның жерасты қазба байлығының картасын жасаған кезде Қаныш Сәтбаев төрт-бес ірі кенішті картаға кіргізбейді. «Бұл қалай? – деген орыс ғалымдарына: «Ондағы рудалар өте тереңде. Қаржыны да, техниканы да көп қажет етеді. Сондықтан бұл жерді картаға кіргізуге әлі ерте», – дейді. Ал өзімен сырлас, сыртқа сыр шашпайтын достары Мұхтар Әуезов пен Әлкей Марғұланға: «Әдейі жасырып алып қалдым. Кейінгі ұрпаққа да байлық керек шығар!» – деген.

18. Ұлыбританияның премьер-министрі Антони Иден: «Кеңес Одағында Қаныш Сәтбаев сынды әлемдік тұлғаның туғандығы – ғажап құбылыс» деген.



19. Қаныш Сәтбаев жастайынан этнографияға қызыққан. Бала кезінен әртүрлі жер-су атауы туралы аңыз әңгімелерді тыңдап өседі. Ер жеткен соң геология ғылымы саласына қатысты зерттеу жұмыстарымен айналысады. Дегенмен өзінің топонимикаға деген қызығушылығын да жоғалтқан емес. Кейіннен мұның оған орасан зор пайдасы тиеді.

20. Қаныш Сәтбаев Кеңес үкіметі кезеңінде өмір сүрсе де, екі әйелі болған. Бірінші әйелі Шәрипа туралы өзі: «Шырылдым – шаңырағымның құты» десе, ал екінші әйелі Таисия бәйбішеден туған балаларды жат көрмей бауырына басқан, кейін ғалымның мұрасын шашау шығармай жинақтап, мұрағатқа тапсырған – аяулы ана.

21. Медеу Сәрсекеңі Қаныш туралы кітабында: «1916 жылы Қанекен Жаяу Мұсаға сәлем бере барғанында, әнші төсек тартып жатыр екен... Сол сапарда Жаяу Мұса оған көк қаршығасын байлайды. Қанекен қаршығаның бөтегесін сипап тұрып: «Құсыңыз серігіңіз ғой, алмаймын. Одан да ауылға құсыңызды алып өзіңіз келіңіз. Аңға бірге шығайық», – деп құсты алмай кетеді. Мұны кейін естіген әкесі: «Балам, дұрыс жасаған екенсің. Сенің алдында Шорман ауылының болыс баласы сұратқанда бермепті. Атаңның көңілін тапқан екенсің», – деп риза болыпты». Осы бір шағын оқиғадан да ғалымның үлкендердің тілін таба білген үйірсек, қағілез қалпын көреміз.

22. Әбділда Тәжібаев: «Қаныштың ұлы ақындарымыздың бірі екеніне бүгінге дейін шәктеніп көрген емеспін. Рас, ол ұлы ақын еді. Ол желдің, судың тілін түсінетін, далада жатып жердің алып жүрегінің қалай соққанын тыңдайтын, тереңдегі мұнайлар шуылын еститін. Оған тас сөйлеп, сыр шертетін, темір ән айтатын. Ол нағыз адам еді ғой», – деген екен.

23. Сәбит Мұқанов: «Ол ғылымның бар саласынан бес саусақтай хабардар еді, бәрін де жете білетін, өнердің сан саласына ой жіберіп, жақсы пікірлер айтып отыратын. Жалпы, Қаныш сөзге сараң кісі еді. Ол өз білгенін орынсыз айта бермейтін. Ал кездесулерде, үлкен жиындарда, басқосуларда басқалардан озық шығып, ойлы келіп отырады. Әркім одан жақсы ой, пайдалы пікір, әдемі әңгіме, алуан жаңалық есту үшін баратын», – деп жазады.

24. Бір жазда қаршығамен 120 қаз алған құсбегі.

25. Ақырет күні Алла тағаланың алдында амалдар таразыға тартылған кезде таразы көтере алмайтын амалдардың бірі – кешірімшілдік деседі. Көркем мінездің негізгі ұстанымдарының бірі саналатын кешірімділік Қаныш Сәтбаевтың

негізгі қасиеттерінің бірі болса керек.

26. 1946 жылы 1 маусымда Қазақстан Ғылым Академиясы ашылды, оның тұңғыш президенті болып Қ.И.Сәтбаев сайланды. Сол жылы ол СССР Ғылым академиясының академигі атағына ие болды.

27. Қаныш Имантайұлының бастамасымен ядролық физика институтының комплексті құрылысы басталды. Сонымен бірге Қазақ ССР Ғылым Академиясында биология мен медицина ғылымдарының көптеген салалары зоология мен паразитология, адам физиологиясы мен ауыл шаруашылығы хайуанаттары, микробиология, вирусология, ботаника, физиология, археология, этнография, тіл, әдебиет, өнер, экономика, құқық, философия салаларындағы ғылыми-зерттеулердің дамуына айрықша мән беріп, бұл салаларда да ғылыми институттар ашуды ұйымдастырды. Солардың ішінде геологиялық ғылыми-зерттеу институты жетекші болып танылды.

28. Ғылымды өндіріспен байланыстыру мақсатымен еліміздің ірі өндірістік орталықтары Өскеменде, Қарағандыда, Атырауда Қазақстан Ғылым Академиясының әр саладағы институттарын ашуды ұйымдастырды.

29. Академик Қ.И.Сәтбаев өз заманының сан алуан салалар мен тарауларға бөлініп, жоғары дамыған ғылымының бәрінен хабардар болды. Әр ғылым саласының заңдары мен байлығын ашып, халық игілігіне пайдалануға қалтқысыз еңбек етті.

30. Қаныш Сәтбаев – жаңашыл ғалым. Ол металлогения ғылымының негізін салушылардың бірі, ал Қазақстанда осы ғылыми бағытты орнықтырушы деп атайды. 1950 жылдың басында Қазақ ССР Ғылым Академиясының Геологиялық ғылымдар институтында Орталық Қазақстан бойынша материалдарды жинап, оны талдау жұмысы аяқталды. 1958 жылы Орталық Қазақстанның металлогениялық болжам карталарын жасағаны үшін Қаныш Сәтбаев бастаған Қазақстан ғалым-геологтар тобы Лениндік сыйлық алды.

31. Қ.И.Сәтбаев 641 еңбектің авторы, оның 534-і орыс тілінде, 98-і қазақ, қалғаны басқа тілдерде жарық көрді. Ғылыми еңбектерінің басым көпшілігі Қазақстанның минералдық қоры, мыс рудалары, түсті металдары, көмір, мұнай, газ, басқа да шикізат ресурстары жайында болды.

32. «Қаныштың үлкен бір ерекшелігі – ол химикпен де, биологпен де, физикпен де, медикпен де және тарихшымен де, филологпен де өздерінің ғылыми тілінде сөйлесе біледі. Мамандық тілдерімен үндесіп, ұғыса біледі» – дейді М. Әуезов.

33. Қаныш Сәтбаевтың алғашқы әдеби туын-

дысы – 1923 жылы «Қазақ тілі» газетіне шыққан «Обаған» әні туралы ғалымның тырнақалды шығармасы. Оқиғаның басталуын автор ошақ басында ән салған әйелдің мұңды даусын шебер суреттеу арқылы жеткізеді. Бұл шағын лирикалық новелла Қаныш Сәтбаевтың суреткерлік қолтаңбасы зор болғанын анық байқатады.

34. Қазақтың тарихын, қазақ әдебиеті мен өнерінің тарихын ғылыми тұрғыдан зерттеу қажет екенін түсінген ғалым Қазақ ССР Ғылым академиясының жанынан «Тарих, тіл және әдебиет» институтын ашқызады.

35. 1951 жылы «ұлтшыл» деген жаламен Қ.И.Сәтбаев Қазақ ССР Ғылым Академиясының президенті қызметінен босатылды.

36. 1955 жылы Қ.И.Сәтбаев қайтадан Қазақстан Ғылым Академиясының президенті болып қайта тағайындалып, өмірінің соңғы күндеріне дейін осы қызметте істеді.

37. Украина астрономы, ғалым Николай Черных 1979 жылдың 31 шілде күні ашқан ғаламшарын 2402-нөмірмен тіркеп, оған қазақтың аса көрнекті ғалымы Қ.И.Сәтбаевтың есімін берді. «Сәтбаев» планетасы – Күн жүйесіндегі Марс пен Юпитер ғаламшарларының орбиталары аралығындағы шағын планета. Бұл планета Күнді 3 жыл 3,7 айда бір рет айналады. Ол күннен 332 миллион шақырым қашықтықта. Сәтбаев шағын планетасының Жерге барынша жақындауы 1 жыл 5 ай сайын қайталанып тұрады.

38. «Сәтбаевит» – ванадаттар тобына жататын минерал. Аса көрнекті ғалым, академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың құрметіне аталған. Сәтбаевит алғаш Қаратаудағы Құрымсақ және Баласауысқан кенді даласының сазды-антраксалитті қабаттарынан табылған.

39. «Сәтбаев мұздығы» - Жетісу Алатауының солтүстік беткейіндегі аңғарлық мұздық. Алматы облысы, Сарқант ауданы жеріндегі Лепсі өзені осы мұздықтан бастауын алады. Мұздықты алғашқы рет 1912 жылы С.Дмитриев, 1915 жылы В.Сапожников зерттеді. 1947 жылы Қазақ КСР ҒА География секторының экспедициясы абырға аумағын, мұздың жылжу жылдамдығын, мұз тілінің жағдайын бақылап, нақты қорытындылар жасап, мұздыққа және оның шыңына (абсолют биіктігі 4291 м) Қ.И.Сәтбаевтың есімі берілді.

40. «Академик Сәтбаев» гладиолиус гүлінің аты аталған.

V. «Ойлан тап!» сергіту ойыны арқылы жасырылған сөздерді тауып, алған мәліметтер пысықталды.

ҮІ. Қорытынды сөз: Ғалымның жоғарыда

айтылғандардың қайсысын таңдаса да, үлкен жетістікке жетері анық еді. Алайда оның таңдауы қазақ үшін таңсықтау саналатын геология саласына түсті. Ол қазақтың жерінің байлығын ел игілігі үшін пайдалану керектігін түсінді. Сөйтті де, геология саласына түбегейлі ден қойды. Ол өзі таңдаған саладан бақыт тапты. Бір естелігінде: «Менен «Өз өміріндегі аса зор бақыт дегенді қалай түсінесің?» – деп сұраса, онда мен өзіміздің елімізде өмір сүру және жұмыс істеу секілді зор құрметтің үлесіме тигендігін өзім үшін ең үлкен бақыт санайтындығымды алға тартар едім», – дейді, ғалымның өзі. Ол ұлтын, халқын, өзі өмірбойы зерттеген туған өлкесінің топырағын ессіз жақсы көрді. Сөйткен ғалым қазақ ғылымының дамуына зор үлес қосып, академия ашып қоймай, оның байлығын «Біздің байлығымыз мол болғанмен, шексіз емес» деп қызғыштай қорып өтті. Қаныш Сәтбаев 1964 жылы 31 қаңтарда Мәскеуде қайтыс болды.

«Саранжап» күйін «Эко-сақшы» үйірмесінің оқушысы Калиматов Исмаил орындады.

VII. Практикалық бөлімі: «Балалар туризмінің тарихы» музейінде экскурсия. Музейдегі геологиялық экспозицияда орналасқан Гипс каверниясы (Гипс каверниозный), Әктас (Известняк), Қабықтары бар Конгломират (Конгломират с раковинами), Симбирцит (Симбирцит в породе), жанғыш Тактатас (Горючий сланец), Калий тұзы (Калийная соль), қабықтар (Ракушки), Кальцит, Гипс раушаны (Гипсовая роза), Халькопирит сфалерит, Сильвинит, Фосфорит, Кварцит, Лимонит, қабық ізі (отпечаток раковин), Графит, Органогенді әктас (Органогенный известняк), қызғылт Гипс (Гипс розовый), тау жынысындағы Кальцит (Кальцит в породе), Аргиллит, негізгі қабық (Керн-ракушечник), Маржан колониясы (Колония кораллов), Аммониттердің түзілуі (Конкреция аммонитов), Гиалит, Моллюскалар белемниттер, Пегматиттер туралы ақпараттарды балалар қызыға тыңдады. Мұның өзі балалардың геология, география мамандығына қызығушылығын арттыратыны сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қаныш Сәтбаев. Энциклопедия. Алматы, 2013
2. Қаныш Сәтбаев Таңдамалы. 1 том «Қазақстан – менің Отаным». «Оңтүстік полиграфия» баспа үйі» ЖШС, 2007
3. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. 7 том. Алматы, 2005. 616 – 620 беттер.
4. Интернет желісі




Тұсбағдар (ашық сабақ)



МУХТАРОВА
Жанайым Абзалқызы
БЖТжЭО-ның ҚББП-і
Жәнібек ауд., БҚО

| | |
|--|--|
| Үйірменің аты | «West-Азимут» |
| Сынып | Қатысушылар саны: 14 Қатыспағаны 1 |
| Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары | Оқушыларға жергілікті жерді тұсбағдар және жоспар арқылы бағдарлауды үйрету, көкжиек тұстарының бағыттарын, азимуттарын анықтау тәсілдерін меңгерту. |
| Сабақтың мақсаты | Білімділік: Оқушыларға жергілікті жерді тұсбағдар және жоспар арқылы бағдарлауды үйрету, көкжиек тұстарының бағыттарын, азимуттарын анықтау тәсілдерін меңгерту. Дамытушылық: Оқушыны жайдан – күрделіге принципті белсенділігін арттыруға, өздігінен білім алуға, сабақта алған білімдерін өмірде пайдалана білуге және сауалдың тапсырмадағы шешімін тез табуға дағдыландыру, бағдарлау туралы білімдерін одан әрі дамыту. Тәрбиелік: ұлттық, өнеге-тәлімдерін үйрету және табиғат сұлулығын тану, оны аялау, қорғау, туған өлкеге деген сүйіспеншілік сезімін ояту. Тірек білімі: Оқушылардың көкжиек, көкжиек тұстары туралы түсінігі. Негізгі ұғымдар: бағдарлау, азимут, компас (тұсбағдар) |
| Бағалау критерийі | Оқушылар жаттығу кезінде қауіпсіздік шараларын сақтай алады. Командалық жарыстардағы қиындықтарды жеңу қабілетін көрсете алады. Негізгі қимыл – қозғалыс жаттығуларының байланысын анықтайды. |



| Сабақтың кезеңі/ уақыты | | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|-------------------------|--|--|--|---|
| Басы | <p>1) Бағдарлау туралы түсіндіру. 2) Бағдарлаудың түрлері: а) белгілі жерді бағдарлау; ә) белгісіз жерді бағдарлау. Белгілі жерді бағдарлаудың еш қажеттігі жоқ, үйреншікті дағды арқылы жүреміз. Белгісіз жерде жүру, жолды дәлме-дәл табу тұсбағдар арқылы жүргізіледі. Ол үшін тұсбағдармен азимутты анықтайды. 3) Солтүстік пен белгілі бір затқа дейін жүретін жол арасындағы бұрыш азимут деп аталады. Азимут арабша ас-сумут – жол деген мағына береді. Азимут А әрпімен белгіленеді. Азимутты анықтау үшін тақтаға шеңбер сызылады. Оқушылардан шеңбердің градустық шамасын сұрау. (360°) Шеңбердің әр бөлігін 90°-тық бұрышқа тең екендігін және берілген азимутты шеңбердің қай бөлігінен керектігін ұғындырамын да, азимутты өлшеп көрсетемін. Яғни, 275° IV бөліктен, С-Б-тан табу, 200° III бөліктен, О-Б-тан табуға болады. Тақтаға азимутты транспортир құралымен сызып көрсетемін. Азимут бағыты үнемі сағат тілінің бағытына сәйкес келеді. Дәптермен жұмыс. Анықтамаларды жаздырту. Бағдарлау дегеніміз - көкжиек тұстарын, бақылаушының өзінің тұрған орнын және жүру бағытын анықтау. Тұсбағдар - жүретін жолды дәл анықтайтын құрал. Азимут (арабша ас-сумут –жол) деп бақылаушы тұрған нүкте меридианының солтүстік басынан діттеген бағытқа дейінгі аралықтағы бұрышты айтады.</p>  | <p>Әдіс арқылы қайталау сұрақ жауап орындайды.</p> <p>Оқушылар тұрып қалмай, дұрыс жасауды көрсетеді. Жаттығуларды қауіпсіздік ережесін сақтап, достарының көмегімен ережелерді көрсетеді.</p> | <p>Смайлик Қол шапалақ</p> <p>Смайликтер арқылы ҚБ өзін-өзі бағалау ҚБ «Бағдаршам»</p> | <p>Тренинг жазылған парақшалар</p> <p>Конустар;</p> |

Сабақтың соңы

Топтарға тұсбағдар беріліп, тақтадағы сурет арқылы пайдалану әдісін көрсетемін. Сыныптың солтүстік бағытын анықтап беремін.

Шығармашылық тапсырма:


Ереже жазылған тапсырмаларды топтарға бөліп беремін.

1 топ. Ережені есіңе сақта! Азимут магнит тілінің солтүстік басынан сағат тілінің айналу бағыты бойынша 0°-тан 360°-қа дейін есептелінеді.

Сызба бойынша көкжиек тұстарының азимутын анықта:

Мысалы $A^\circ (СШ) = 90^\circ : 2 = 45^\circ$

1. $A^\circ (ОШ) = 90^\circ + ? \dots$
2. $A^\circ (ОБ) = 180^\circ + ? \dots$
3. $A^\circ (СБ) = ? - 45^\circ = \dots$




2 топ. Ережені есіңе сақта! Азимут магнит тілінің солтүстік басынан сағат тілінің айналу бағыты бойынша 0°-тан 360°-қа дейін есептелінеді.

Транспортірді пайдаланып, суреттегі заттардың бағыттарын және азимуттарын анықта.



3 топ. Ережені есіңе сақта! Азимут магнит тілінің солтүстік басынан сағат тілінің айналу бағыты бойынша 0°-тан 360°-қа дейін есептелінеді.

Жаттығулардың дұрыс орындалуын қадағалау.

| | | | | |
|-----------------------------|---|---|--|--------------------------|
| | <p>Картада және жоспарда арнайы бағытпен солтүстік көрсетілмесе, онда жоғарғы жағы солтүстік, төменгі жағы оңтүстік, оң жағы шығыс, сол жағы батыс.</p> <p>Қызылорда қаласының жоспарында біздің мектептің тұрған орнын анықтаңдар.</p> <p>Тұсбағдардың көмегімен мектептен вокзал қай бағытта, қандай азимутта орналасқанын анықта.</p>  | | | |
| <p>Сабақтың соңы</p> | <p>Жаңа сабақты бекіту. «Кім жылдам?» ойыны.</p> <p>1. Ортаға 4 оқушы шығады. Ойша бетінді солтүстікке қарат. Сонда арт жағың....., сол жағың....., оң жағың....., балалардың есінде қалғанша жаттығу жасау.</p> <p>2. Жердің солтүстік полюсінің үстінде бағдар беретін қандай жұлдыз орналасқан? Сабақты қорытындылау.</p> <p>Оқушылар тұсбағдармен оңтүстік, солтүстік, батыс, шығыс бағыттарын анықтай алды. Тұсбағдармен азимут атып үйренді. Теориядан гөрі қолыңа тұсбағдар ұстап өткен практикалық сабақ өтіп, азимут анықтаған сезім бөлек болады. Айта берсең қызықты сәттері мен ерекшеліктері өте көп.</p> | <p>Бүгінгі сабақтан түйген ойлары мен тұжырымдарына байланысты кері байланыс жасайды.</p> | | <p>Реф-лексия парағы</p> |





Қасиет қонған құт мекен (экскурсия)



КАДЫРАЛИЕВА
Данагүл Нурайдаровна
«Атамекен» ҚБЖТжЭО-ның
ҚББП-і, №12 ЖОББМ-нің
тарих пәні мұғалімі,
Орал қ., БҚО

2023 жылдың қараша айының 2-3 күндері Сырым Датұлы бастаған ұлт азаттық көтерілісінің 240 жылдығына орай «Орал қ. - Сырым - Қаратөбе (Алаш, Қ. Хасанов музейі) - Сырым (Сырым шыққан төбе) – Орал қ.» маршрутында облыстық танымдық экскурсия ұйымдастырылды.

Экскурсияның мақсаты: жас ұрпақты өлке тарихымен таныстыру, рухани-мәдени мұраларды сақтау арқылы танымдық қабілеттерін дамыту.

Маршрут жоспары бойынша төмендегідей міндеттер қойған болатынбыз:

- Сырым, Қаратөбе аудандарының тарихымен танысу;
- Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістің тарихымен танысу;
- Батыс Алашорда үкіметі құрылу тарихы, атқарған еңбектерімен танысу;
- Өлке географиясы, экологиясымен танысу;

Жоспарланған маршрут бойынша Оралдан оңтүстік шығысқа қарай 260 км тас жолмен жүріп, Қаратөбе ауданына бардық.

Қаратөбе - аудан орталығы. 1928 жылдың 17 қаңтарында Қазақ АКСР-нің Орталық Атқару

комитетінің алтыншы шақырылған екінші сессиясында жаңа әкімшілік-аумақтық бөлініс болып бекітіледі. Сол кезде құрамында 15 ауданы бар Орал округі құрылған болатын. Оның ішінде Қаратөбе ауданы да болған. 1931 жылы қазіргі аудан орталығында 30 ауыл болған. Осы жерден «Қаратөбе», «Қаракөл» өңірінен «Тұщықара» және «Аққозы» совхоздары құрылған. 1935 жылы 31 қаңтарда Қаратөбе ауданы қайта құрылды. 1938-1952 жылдары аудан көлемінде 28 ұжымшар, 2 кеңшар болған. 1957 жылы ауданда Аққозы, Қаратөбе, Қалдығайты, Қоскөл кеңшарлары болған. 1961 жылы жаңадан Шөптікөл, Саралжын кеңшарлары құрылған.

1962-1965 жылдар арасында аудандар ірілендіріліп аймақтық басқаруға сәйкес Жымпиты ауданына қосылған, ал 1966 жылдың ақпан айынан үшінші рет қайтадан бөлек аудан болып құрылды. Аудан қайта құрылғанда 6 кеңшар мен 6 ауылдық кеңес болса, 1967 жылдың шілдесінде Қоскөл кеңшарының негізінде жаңадан Егіндікөл кеңшары, 1967 жылы 14 қыркүйекте облыстық атқару комитетінің қарарымен Шөптікөл және Қоскөл ауылдық кеңестері құрылды. Шөптікөл кеңшарының №3 бөлімшесі негізінде Жусандыой мал бордақылау бірлестігі ұйымдастырылған. Орал облыстық атқару комитетінің 1983 жылғы 20 сәуірдегі №277 шешімімен Жусандыой мал бордақылау бірлестігі негізінде Қазақ КСР 60 жылдығы атындағы кеңшар ашылып, Жусандыой ауылдық кеңесі құрылған. Сол кезден бастап аудан аумағы 9 ауылдық кеңеске бөлінген. Қазіргі таңда аудан аумағы 8 ауылдық округке, 22 елді мекенге бөлінген.



Ауданның климаты континенттік, солтүстігі қоңыржай континентті ылғалы тапшы зонада орналасқан. Қысы суық, ұзақ, жазы ыстық. Жері қара топырақты, ашық-сорға топырақты. Аудан аумағы өсімдік жамылғысына қарай құмды-далалық аймаққа жатады. Қазба байлығы – тұщы суы. Жер қойнауынан бор кені және құрылыс материалдары барланған: ақбалшық, цемент, қиыршық құм, сланец (пісіп жетілмеген көмір), қиыршық және қатты тас.

Қаратөбе топырағында қазақтың халық композиторы, әнші, ақын, күйші-домбырашы Мұхит Мерәліұлы, қазақтың алғашқы заңгері, демократ Бақытжан Қаратаев, ғалым-академиктер Қажым Жұмалиев, Тілеужанов Мәтжан, Рахымжан Елешев, әнші-композиторлар Ғарифолла Құрманғалиев, Ескендір Хасанғалиев, ақын-жазушылар Берқайыр Аманшин, Құрманғазы Қараманұлы т.б. туып өскен.

Экскурсияға қатысушылар аудан орталығындағы орталық алаңды аралап, сол төңіректе орналасқан өлкетану, Алаш және Қайыржан Хасанов атындағы музейінде болып жаңа, тың деректермен танысып, өз ойларымен, тілектерімен бөлісті.

Экскурсияның екінші күні Сырым ауданында жалғасты.

Сырым ауданы солтүстігінде Бөрлі, солтүстік-шығысында Шыңғырлау, оңтүстік-шығысында Қаратөбе, батысында Ақжайық, солтүстік-батысында Теректі ауданымен шектесіп тұр. Аудан өңірінің аумағы 11,9 мың шаршы километр. Аудан жері жазық. Аудан аумағынан Бұлдырты, Өлеңті, Шідерті, Жымпиты, Есенаңқаты өзендері ағып өтеді.

Тәуелсіздікті сақтау жолында Әбілқайыр ханның Ресеймен әскери одақ құруы негізінде басталған



қазақ жерін отарлау саясатына қарсы күрестің өзі - бір шежіре. Солардың бірі 1773-1797 жылдары кіші жүзде Сырым батыр бастаған ұлт-азаттық қозғалысы болды.

1886 жылы Өлеңті өзенінің жағасында Жымпитының іргетасы қаланды. XX ғасырдың басында Жымпиты өңірі үлкен дүрбелендердің орталығына айналды. Жымпиты жерінде Күнбатыс Алашорда үкіметі ту тігіп, тұңғыш қазақ мемлекеттілігі идеясының негізі қаланып, үш жылға жуық жұмыс жасады. Мұнда қазақ зиялыларының бір тобы шоғырланды. Олардың көзқарастары әртүрлі болғанымен, жалпы бағыты тәуелсіз қазақ елін құру болатын. Солардың қатарында Жымпиты өңірі: Бақытжан Қаратаев, Жаһанша мен Халел Досмұхамедовтар, Молдағали Жолдыбаев, Меңдігерей Имағамбетов, Иса Қашқынбаев, Дәулетше Күсепқалиев, Ғалиасқар мен Ғұбайдолла Әлібековтер, Ахмет Мәметов, С.Қожболатов, Кафи Мырзағалиевтардың есімдерімен белгілі.

Туған елдің құдіретін, қасиетін түсіну керек. Ал, тарихын біліп батыр бабаларың жүрген топырақты басу мүлде бөлек әсер береді. Бұл сезім басқа сезімдерден ерекше ғой. Бұл - Отанға деген сүйіспеншілік, махаббат.

Осы экскурсияға қатысқан оқушылар бойынан отаншылдық рух пен туған жерге деген махаббат байқалып-ақ тұр. Дәл қазір өз елінің тарихына көз салып, байтақ өлкесі, туған жерімен мақтанып тұр.

Ұлы бабалар әруағы бәрімізге жар болсын!

Пайдаланылған әдебиеттер:

Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2002 ISBN 9965-607-02-8





«Весело и смело беремся за дружное дело!»

(Тимбилдинг)



ЛОГАШКИНА

Наталья Федоровна

Заведующая культурно-массовым отделом

ГККП «Центр внешкольной работы»

г.Уральск, ЗКО

Аннотация

Тимбилдинг «Весело и смело беремся за дружное дело!» проводился среди воспитанников группы продленного дня «Балдырган» Центра внешкольной работы. Исползованные треки на командообразование, направлены на сплочение коллектива, подобраны с учетом психологических и возрастных особенностей.

Аңдатпа

Тимбилдинг «Весело и смело беремся за дружное дело!» Мектептен тыс жұмыс орталығының «Балдырган» ұзартылған күн тобының оқушылары арасында өткізілді. Қолданылатын команда құру жолдары команда құруға бағытталған және психологиялық және жас ерекшеліктерін ескере отырып таңдалған.

Ключевые слова: тимбилдинг, треки, командообразование.

| | | |
|--|--|--|
| Тимбилдинг «Весело и смело беремся за дружное дело!» в группе продленного дня «Балдырган» | | Школа/ДО: ЦВР |
| Ф.И.О. педагогов: Логашкина Н.Ф. | | Число:05.02.2024 |
| Группа обучения: 1 год | Кол–во присутствующих: 30 | Кол–во отсутствующих:0 |
| Цели обучения | –учить детей межличностной коммуникации и взаимодействию в коллективе; – формировать и усиливать навыки эмоционального сплочения, командного духа. | |
| Предполагаемый результат | –дети научатся межличностной коммуникации и взаимодействию в коллективе; – у детей будут формироваться и усиливаться навыки эмоционального сплочения, командного духа. | |
| Ход тимбилдинга | | |
| Этапы/время | Запланированная деятельность | Ресурсы |
| Начало тимбилдинга 1.Создание положительного эмоционального настроения 1–3 минуты | Добрый день, ребята! Приглашаем вас принять участие в тимбилдинге «Весело и смело беремся за дружное дело!», где вы сможете испытать себя, узнать много интересного и полезного. Тимбилдинг поможет сплотить наш коллектив и установить коммуникацию. Термин «team building» произошел от английских слов: «team» – команда и «building» – построение. | Футболки красного, желтого и зеленого цвета |

| | | |
|--|---|--|
| | <p>Главное – это командная работа! <u>Ледокол «В ЦВР все друзья!»</u> Повторяем за мной слова и движения: В ЦВР все друзья – я, ты, он, она! Обними соседа справа, обними соседа слева (обнимаем соседей). Мы – одна семья (берем друг друга за руки и поднимаем их вверх). В ЦВР все друзья – я, ты, он, она! Рассмеши соседа справа, рассмеши соседа слева (смешим соседей). Мы – одна семья (берем друг друга за руки и поднимаем их вверх). В ЦВР все друзья – я, ты, он, она! Потряси соседа справа, потряси соседа слева (трясем соседей). Мы – одна семья (берем друг друга за руки и поднимаем их вверх). В ЦВР все друзья – я, ты, он, она! Ущипни соседа справа, ущипни соседа слева (щипаем соседей). Мы – одна семья (берем друг друга за руки и поднимаем их вверх). В ЦВР все друзья – я, ты, он, она! Приласкай соседа справа, приласкай соседа слева (гладим по голове). Мы – одна семья (берем друг друга за руки и поднимаем их вверх).</p> | |
| <p>Середина тимбилдинга 2. Работа по теме 27–30 минут</p> | <p><u>Трек «Ранжирования».</u> Сейчас будем делать перестроения. Как только трек выполнит последний участник, вам нужно сказать хором: «Мы готовы!» Педагог проверяет правильность выполнения построения. Группа выстраивается в ряд: – по росту от низкого к высокому; – по количеству лет (от меньшего к большему – 5,6,7 лет). <u>Трек «Бесконечное кольцо».</u> Участники встают в круг, берутся за руки так, что правая рука идет вперед, а левая рука между ногами назад. Обруч одет на 1 участника через левое плечо. Обруч должен пройти через весь круг и вернуться к 1 участнику. Задача – не размыкая рук передать обруч по кругу. Если руки разомкнутся, либо обруч коснется земли, трек начинается сначала. <u>Трек «Островки счастья».</u> На полу лежат обручи – это «островки счастья». Задача – поместиться в обруче каждой команде, встать в свой островок.</p> | <p>Обручи красного, зеленого и желтого цвета</p> |

| | | |
|--|--|--|
| | <p><u>Трек «Непослушные суши-палочки».</u> Все встают в 3 круга. Каждому участнику дается суши-палочка, которую нужно зажать между подушечками больших пальцев соседей. Группы, не отпуская суши-палочки, синхронно выполняют задания: поднять и опустить руки; вытянуть руки вперед, отвести назад; сделать шаг вперед, потом – назад (сузить и расширить круг); наклониться вперед, затем – назад, выпрямиться; сесть на корточки, встать в полный рост.</p> <p><u>Трек «Алфавит».</u> Каждой команде даются буквы алфавита: красного, синего и зеленого цветов. Необходимо разложить командой все буквы одного цвета по порядку от А до Я.</p> <p><u>Трек «Пересыпки».</u> Давайте поделимся на 3 мини-группы, которые получают по 2 корзинки. К 1 корзинке с желудями привязаны ленточки, вторая корзинка – пустая. Участники берут 1 корзинку за ленточки. 2 пустую корзинку ставят на пол. Задача – нужно из 1 корзинки пересыпать желуди во 2. Ленточки можно брать двумя руками.</p> <p><u>Трек «Форточка».</u> На обруч привязываются 4 веревки: с одной стороны –2, с другой стороны –2. 2 человека от команды держат обруч за веревки. Остальным участникам команды нужно пролезть в «форточку», держась за руки. Обходить обруч нельзя.</p> <p><u>Трек «Погрузчики».</u> Всем в руки даются суши- палочки. Зал делится на 2 части. В одном конце зала кладутся мячики, а в другом – коробки. Задача – с помощью палочек перенести мячики из пункта А в пункт Б и сложить их в коробку. Если в ходе переноса мячик выпадет из палочек, трек начинается сначала.</p> <p><u>Трек «Спасибо всем!»</u> Все встают в круг, вытягивают правые руки вперед в центр, кладут одну на другую, сопровождая словами «Спасибо всем!» Руки раскачиваются и рассыпаются вверх.</p> | <p>Обручи красного, зеленого и желтого цвета</p> <p>Обручи красного, зеленого и желтого цвета</p> <p>Суши-палочки</p> <p>Буквы алфавита</p> <p>Корзинки с желудями</p> <p>Обручи красного, зеленого и желтого цвета</p> <p>Суши-палочки, мячики, коробки</p> |
| <p>Конец/итоги 3. Рефлексия 5–7 минут</p> | <p>– Чему вы научились? – Что нового узнали? – Понравился ли вам тимбилдинг? Почему? – Что у вас получилось, а что – нет? Тимбилдинг подошел к концу. Благодарим всех за участие! До свидания!</p> | |

Используемая литература:

1. Грецов А.Г. Лучшие упражнения для сплочения команды. Учебно –методическое пособие. Спб.: Москва, Речь, 2016

2. Жуков Ю.М., Журавлев А.В., Павлова Е.Н. Технология командообразования.

Москва, Аспект–Пресс, 2018

3.Зинкевич–Евстигнеева Т.Д., Фролов Д.,Грабенко Т. Теория и практика командообразования. Современная технология создания команды. Спб.: Москва, Речь, 2020



Туризмді дамытуда бәйтеректіктер белсенді



АБДРАХМАНОВ
Ильдар Конысович
ЖТС директорының ОІЖ орынбасары,
педагог-модератор
Бәйтерек ауд., БҚО

АБДРАХМАНОВА
Ақгүл Жұмабекқызы
ЖТС-ның ҚББП-і,
Бәйтерек ауданы, БҚО

Аңдатпа

Мақалада Бәйтерек ауданының білім беру бөлімінің «Жас туристер станциясының» жұмысы мен соңғы жылдарда жеткен жетістіктері жазылған. Қосымша білім беру туризмдегі әртүрлі іс шаралар арқылы мектеп оқушыларын туған жерге деген сүйіспеншіліктерін қалыптастыруда, мәдениетке тәрбиелеу, спортқа бейімдеу, экологиялық білімдерін дамытуда маңызды рөл атқарады.

Аннотация

В статье рассказывается о достижениях за последние годы «Станции юных туристов» отдела образования района Бәйтерек. Значимую роль в формировании патриотических чувств, любви к родному краю, воспитанию культуры, развитию экологических знаний играет дополнительное образование.

Кілт сөздері: тарих, туризм, жорықтар, өлкетану, экология, спорттық бағдарлау.

Бүгінде ғаламның алдыңғы қатарлы елдері туризмге нағыз табыс көзі ретінде қарайды. Осы орайда біздің елімізде де туризм саласын дамытуға толық мүмкіндік бар деп айта аламыз. Еліміздің көркем табиғаты да, жыл мезгілінің төрт түрін өз ерекшелігімен көрсететін ауа-райы да туризм саласын қалыптастыруға сайма-сай келеді. Сондықтан мемлекетіміз соңғы кездері туризмді экономиканың жетекші салаларының біріне айналдыруға барынша тырысуда.

Туризм – адамның бос уақытында міндеттік мәжбүрлеумен емес, туысшылап қыдыру емес, өз еркінше көңіл көтеру мен демалу үшін, тәуекел жасау үшін, көріп қызықтау үшін, яғни субъективті рухани қажеттілік бойынша басқа бір жерге ерікті саяхаттап, серуендеп баруы. Қазақстанда туризмнің дамуы бойынша көш бастап тұрған өңірлер – Алматы, Астана, Түркістан қалалары және Маңғыстау облысы. Біздің Батыс өңірі соңғы бестіктің сапында, дегенмен туристік саланы дамытуға қолайлы аймақ біртіндеп дамып келеді.

Батыс Қазақстан облысының солтүстік бөлігінде орналасқан іргелі аудандардың бірі бұл – Бәйтерек

ауданы. Аумағы 7,4 мың шаршы шақырымды алып жатқан ауданның географиялық орналасуы өте тиімді. Табиғаты тамаша бұл аудан облыс аумағындағы туризмге таптырмас ең қолайлы мекеннің бірі.

Бәйтерек ауданы – таңғажайып табиғатқа да, түгін тартса майы сорғалап тұрар, шыбық қадасаң биік бәйтерекке айналар құнарлы қара топырақты, алтын дәнді, жасыл мекен, құтты қонысқа айналған, тамырын тереңіне тартқан тарихқа да бай өңір. Ерекше айтатын жасыл жайлау мен жанға жайлы жарқын өңірде 2005 жылы Зеленов ауданының әкімшілігінің Жарғысымен туристік-өлкетану және экологиялық жұмыстарды ұйымдастыру және біріктіру мақсатында Зеленов аудандық білім беру бөлімінің «Балалар жасөспірімдер туризмі және экология орталығы» ашылды. Орталықтың бірінші директоры Райса Ғабдолқызы Жұбандықова мен осы лауазымға 2007 жылы тағайындалған Г.А. Терехова туризмнің дамуына көп күш салды.

2010 жылы Орал өңіріндегі балалар туризмінің 50 жылдығына орай орталыққа жеке ғимарат бөлінді. Орталық қызметкерлерінің жұмыла

жұмсаған күш-жігерімен үйірмешілерге сабақ жүргізуге барлық жағдай жасалған.

2012 жылы қатысушыларға арналған 40 орынды база ашылды. Қазіргі таңда орталық төрт бағытта жұмыс жасайды: туризм, экология, өлкетану, спорттық бағдарлау. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, ізденімпаз педагогтер мен үйренуге ынтасы мол оқушылардың біріне атқарған іс-қимылы нәтижесінде еңбектері жеміссіз емес.

Орталықта шаңғы туризм техникасы жақсы дамып келеді. Жарыс үлкендер мен оқушылар арасында да өткізіліп тұрады. Тау туризмі сабағына арнайы ғимарат ауласына жасанды жартас (скаладром) орнатылды. Соңғы жылдар ішінде бағдарлаушылар барлық жас ерекшеліктері бойынша аудандық, облыстық, республикалық жарыстардың жеңімпаздары. Экскурсия және жорықтар барысында жиналған өлкетану материалдарынан жиырмадан астап мектеп музейлері жиырмаға жуық зал жинақталды. Аудандық «Жайық толқыны», «Менің Отаным – Қазақстан», «Туған жер - алтын бесік» фестивальдері дәстүрлі өткізіледі. Туған өлкені зерттеп - оқуда экспедициялар мен үгіт-насихат отрядтары құрылды.

Аудан бойынша Балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығында 1000-ға жуық оқушы қатысады. Жұмыс тек балалармен ғана емес, ата-аналармен де жүргізіледі. Орталық жыл сайын туризм және спорттық бағдарлау бойынша жарыстар ұйымдастырып, өткізіп отырады. «Еуропа-Азия», «Ақшақар», «Қарлығаш», «Путеводная звезда», «Батыс Азимут», «Алтын дала» сынды дәстүрлі жарыстармен қатар, су және тау туризмі техникасы бойынша жарыстарды өткізу тәжірибеге енгізілді. Спорттық бағдарлау бойынша аудандық жарыстарды өткізу деңгейі артып келеді. Шағын туризм құралдарымен отбасымен өзара байланысты нығайту мақсатында жыл сайын «Әкем, анам және мен – туристік отбасы» қысқы жарысын өткіземіз. Жеңімпаз команданы облысқа дайындап, облыстық кезеңдерде отбасылық командаларымыз үнемі алдыңғы шептен көрінуді. Жыл сайын жорық жетекшілерін, туризм ұйымдастырушыларын және үйірме жетекшілерін дайындау мақсатында семинар-практикумдар өткізіліп тұрады. Туризмді насихаттау және мемлекеттік қызметкерлер арасында аудандық жарыс өткізу, салауатты өмір салтын насихаттау дәстүрге айналды. Қазіргі уақытта балалардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына, ғылыми экологиялық жобаларды дайындауға қызығушылығы артып келеді. Аудан оқушылары су айдындарын зерттеді. Осы жұмыс негізінде «Зеленов ауданының өзендері мен көлдері» аль-

бомы жасалды.

Ауданда оқушылардың өлкетану, іздестіру-зерттеу жұмыстарына көп көңіл бөлінеді. Оқушылар ауыл тарихы туралы материалдар жинады. Нәтижесінде «Аудан елді-мекендерінің шежіресі» құрылды. Онда ауданның ескіrmес ескерткіштері мен көрнекті адамдары туралы материалдар жинақталды. Жиналған материалдың негізінде слеттер, конференциялар өткізіліп, көрмелер ұйымдастырылады.

Балалардың жазғы демалысын пайдалы әрі тиімді өткізу мақсатында орталық базасында бірнеше жылдан бері «Достық» лагері жұмыс жасайды. Мұнда жылына 300-ге жуық бала қамтылған және соңғы жылдары 5-7 бейінді ауысым ұйымдастырылып келеді. Қосымша білім беру ұйымдары арасындағы байқауларда біздің орталық облыс бойынша алғашқы орындардан түскен емес.

Жас туристер станциясының ең алғашқы бөлімі бұл -туризм бөлімі. Бұл бөлімнің жұмысы төрт бағыт бойынша: жаяу, су, тау және велоспорт туризмі болып жүргізіледі. Мұнда қосымша білім беретін 10 педагог, 14 үйірмеде 172 оқушы қамтылған. Әдетте бұл бөлімде оқу іс-әрекетін ұйымдастыру бойынша ғана емес, сонымен қатар студенттер, тіпті оқытушылар мен саяхаттарды әзірлеу және өткізу бойынша жұмыстар жиі жүргізіледі. Сондай-ақ, туризмді дамыту мен саланы насихаттау мақсатында мектеп оқушылары мен мектептердің педагогикалық ұжымдары арасында да жарыстар ұйымдастырылып, мемлекеттік қызметшілер, сонымен бірге қарапайым халық арасында да туриадалар өткізіледі. Жыл сайын орталықтың педагогтері мектептермен бірлесіп, 1 категориялық, 22 бірнеше күндік жорықтар мен 186 демалыс күндері жорықтарын жасайды. Жаңа туристік маршруттар, экологиялық соқпақтар, эксперименттік алаңдар әзірленуде.

Қосымша білім беретін педагогтер мен үйірме мүшелерінің біліктілігін арттыру мақсатында жыл сайын туризмнің әртүрлі түрлері бойынша облыстық жарыстарға қалт жібермей қатысып, жүлделі орындардан көрініп жүр. Алдыңғы жылдардың жетістіктері де аз емес. Бірақ соңғы жылдары үздік нәтижелер көрсетіп, оқбойы озық шыққан І.Есенберлин атындағы орта мектебінен Эльдар Ғұмаров пен Армат Мұратовты, Белес орта мектебінен Ерасыл Жолдағали мен Жалғас Аяпты, Б.Момышұлы атындағы орта мектебінен Аружан Мұратова мен Саида Маратты атап өтпеуге болмас.

Сондай-ақ, мұндағы ең ауқымды экология бағыты бойынша да білім алушы оқушылар үшін 2023 жыл табысты жыл болды. Экология бөлімі оқушыларға қосымша білім беру арқылы

жалпы адамзаттық құндылықтарға, дүниежүзілік мәдениет жетістіктеріне ден қойған, Қазақстан Республикасының белсенді дамуына қатысатын, өзін-өзі жетілдіріп отыруға талпынатын, Тәуелсіз еліміздің қуаты мен бейбітшілігін нығайтуға деген жауапкершілік сезімі бар жас ұрпақты тұлға ретінде қалыптастыруда игі жұмыстар жүргізіп келеді. Осы орайда, Шыңғырлау ауданында өткен облыстық «Батыс Қазақстан облысының табиғат ескерткіштері» туристік-экологиялық экспедициясына Бәйтерек ауданы атынан Жас туристер станциясының экология бағытындағы «Калейдоскоп» үйірмесінің (жетекшісі-М.М.Челнокова) оқушылары қатысып, үйірме сабағында алған білімдерін ортаға салып, жалпы командалық есепте 2 орынды қанжығасына байлады.

Аудан көлемінде геология бағытында бірқатар жұмыстар жоғары дәрежеде атқарылып келеді. 2023 жылы жас геологтар қосымша білім беру педагогы О.В.Субботинаның жетекшілігімен облыстық геология экспедицияларына қатысып келді. Қонаев қаласында өткен І Республикалық далалық жас геологтар олимпиадасына Жас туристер станциясының 5 бірдей оқушысы Самал Тасқали, Аяна Өтебаева, Аружан Бердали, Екатерина Баландина және Томирис Ақжан тәрізді үздік геология үйірмесінің үйірмешілері облыстың құрама командасында білімдерін шыңдап, жалпы командалық есепте 1 орынға ие болды.

Талайға танымал, тарихы терең – Бөкей Ордасы ауданында 13-15 қыркүйек аралығында «Жасыл» экология олимпиадасы оздырылды. Ауданның құрама командасы А.С.Бекешевтің жетекшілігімен энтомология, ботаника, орнитология, туризм бағыттары бойынша сынға түсіп, күміс жүлдеге ие болды.

Облыстық туристік-экологиялық конференциясында Бәйтерек ауданы Жас туристер станциясының үйірмешілері де үйірмеде алған білімдерін жоғары дәрежеде көрсете білді. Команда құрамында Өркен мектебінің оқушылары Әлия Мажит, Қ.Аманжолов атындағы ЖОББ мектебінің оқу-

шылары Алишер Бекенов пен Саят Тоғызбай, Переметный ЖОББМ-нің оқушылары Екатерина Баландина мен Юлия Попова меңгерген білімдерін ортаға салып, нәтижесінде жалпы командалық есепте Бәйтерек ауданының командасы 1 орынға ие болды.

Келесі ең маңызды бөлім – өлкетану бөлімі. Отан тарихын сапалы оқыту мен оқушылардың санасын қалыптастыру бағытында өлке тарихының алатын орны ерекше. Өйткені өлке тарихы — Отан тарихының бастауы. Әр адамның өзі өскен өлкесінің өткен тарихы мен бүгінгі жеткеніне ой жіберіп, жеңістеріміз бен жемістеріміз, кемел келешегіміз туралы толғанатыны табиғи құбылыс. Ауданымыздың тарихымен, онда тұрған және еңбек еткен танымал адамдардың өмірімен, олардың өңір үшін қалдырған бай мұраларымен, аймақтағы тарихи оқиғаларымен таныстыру мақсатында өлкетану туралы ақпараттың рөлін ескеріп, оны жинау, ақпараттық ресурс жасау жұмыстарының тиімділігін арттыру үшін музейлер көптеп ашылуы керек. Осыған орай, орталықта 2018 жылдың 1 маусымында «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласы аясында «Балалар туризмі және экология музейі» ашылды. Сол кезден бастап музей жандандырылып, жаңғыртылып келеді, әрі өз жұмысын бір сәтке де тоқтатқан емес. Мұнда ауданға жиылған қонақтардың барлығы болып, экскурсия жасалып, тарихтан мол тағылым алуды жалғастыруда. Халқымыздың ғасырлардан тамыр тартатын өткені мен бүгінгі, жылдар қойнауындағы құндылығы мен тарихын кейінгі ұрпаққа жеткізуде музейлердің маңызы зор. Себебі, музей – бірнеше дәуірдің тарихын, этнографиясын, тұлғаларын, өнерін жинақы түрде ұрпақтан-ұрпаққа жалғап отырған бірден-бір институт. Өңірдің мәдениеті мен рухани ордасына айналатын орталық. Сондықтан мектептерде музейлер ашу, онда тарихи мұраларды сақтауда тәрбиелік мәні өлшеусіз. Тек мектеп музейлерінің өзге де музейлер секілді құжаттары болуы тиіс. Ондағы жәдігерлер мен мәдени мұралар да тиімді сақталып, музей жаңғыртылып отырылуы тиіс. Мектеп музейлерін құжаттау жұмыстары жалғасуда. Жыл сайын «Менің Отаным - Қазақстан», экспедициялық отрядтарының слеттері «Жайық толқыны» өлкетану фестивалі өткізіледі. Өткен жылы облыстағы орталықтың ұйымдастыруымен облыстық «Шырқа гитара» фестивалі өтіп, «Ансамбль», «Бардык және туристік әндер» номинацияларында алғашқы орындарды иеленсек, ізін шала облыста өткізілген «Менің Отаным - Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтардың слетінде



Бәйтерек ауданының командасы жалпы есепте 2 орынға тұрақтап, Саида Марат сынды қатысушымыз «абсолютті чемпион» атанды. Сондай-ақ, Халықаралық туризм күніне арнайы ұйымдастырылған Республикалық «Менің Отаным - Қазақстан» туристік экспедициялық слеті Орал қаласында оздырылды. Слетке Республиканың барлық облыстары мен Астана, Алматы, Шымкент сынды ірі қалалардан келген 20 команда өзара бақ сынасты. Аталған жарысқа ауданымыздың бір қатар үйірмешілерінен Саят Тоғызбай, Жалғас Аяп, Саида Марат, Аружан Маратова сынды саңлақтар қатысып, аудан былай тұрсын облыс намысын абыроймен қорғады. Қорытындысында «Туристік кедергілер жолағы» номинациясынан Аяп Жалғас үздік деп танылып 1 орынға ие болса, «Туризм – спорт, денсаулық, демалыс» номинациясынан Саят Тоғызбай 2 орынға табан тіреді.

Туризм саласының ең жас бөлімі – спорттық бағдарлау. Спорттық бағдарлау – бұл туризм мен спортты ұштастыратын қызықты спорт түрі. Өйткені қатысушы тек жүгіріп қана қоймай, жүгіре отырып айналаны карта арқылы бағдарлап, компас арқылы бағыт табады. Оның өзіне тән ерекшелігі қатысушы жан-жақты дамиды. Бұл жарыс түріне Бәйтерек ауданы аумағында да соңғы жылдары жыл санап оқушылар мен ересектер арасында қызығушылықтары артып келе жатыр. Аудан аумағында спортшылардың дайындықтарын көтеру мақсатында 11 полигон және 5 саябақ картасында жаттығу жұмыстары жүргізіледі. Қосымша білім беру педагогтерінің өз қаражаты есебінен 2023 жылы спорттық бағдардауды кеңінен насихаттау және жас спортшылардың біліктілігін

арттыру мақсатында 16 станция, 25 призма және шаңғымен спорттық бағдарлауды дамыту үшін «Буран» техникасы сатып алынды. Бүгінгі таңда 120 чип және 45 призма жарыстарды ұйымдастыру және жаттығу жұмыстарын жүргізуге қолданыста.

Былтыр Ақмола облысы, Щучинск қаласында спорттық бағдарлаудан халықаралық «Бурабай - 2023» турнирі өтіп, Қазақстан мен Ресей Федерациясынан 354 қатысушымен 28 команда қатысқанда БҚО командасы құрамасында өнер көрсеткен Бәйтерек ауданы спортшылары да айтарлықтай нәтижелерге кол жеткізді. 5 күнге созылған жарыс қорытындысы бойынша өз жас ерекшеліктерінде спортшыларымыз биік тұғырдан көрінді. Жайма шуақ жаз мезгілінде де Елордасымыз Астана қаласында “Қалаішілік спорттық бағдарлаудан, “ҚР чемпионатында да, Қарағанды облысы, Қарқаралы қаласында спорттық бағдарлаудан Республикалық «QARQARALY-2023» турнирінде де облысымыздың атынан қатысқан ауданымыздың спортшылары жүлделі орындардан қалыс қалған жоқ.

Осындай жарыстарға саңлақтарды дайындаған С.Ш. Бекешов, С.В. Щербань, З.Г. Гумаров, С.К. Хайруллин, А.С. Бекешев, Қ.Қ.Белгиев, Ж.А. Гумаров, Н.Ф. Касимов, О.В. Субботина, А.Г. Баландина, М.М. Челнокова, А.С. Кенжешов, Е.А. Сабитов сияқты ұстаздарды мақтанышпен атап өтуге болады.

2023 жылда біз үшін жаман жыл болған жоқ. Бұл жылы да әдеттегідей біздің ауданымыз 1 орынға шықты.

Қазіргі таңда Иргусаева Алия Серікқызы басшылық ететін Жас туристер станциясында 36 жоғары білімді, білікті мамандар еңбек етуде.



Жоғарыдағыдай жемісті жетістіктердің жалауын желбіреткен Жас туристер станциясының жұмысы қанатын кеңге жайып, жанданған үстіне жаңара берсін. Ылғи жеңіс тұғырынан көрініп, жұлдызы жарқырап, орталықтың жас туристер саны арта берсін деп тілейміз!



Спорттық туризмнен БҚО-ның «Батыс-West» командасын кезекті ЖЕҢІСІмен құттықтаймыз!

2024 жылдың 22-24 ақпан аралығында Ақмола облысы, Зеренді ауданында шаңғы туризм техникасынан Қазақстан Республикасының чемпионаты өткізілді. Жарыста еліміздің 10 облысынан 20 командадан 120-дан аса қатысушы болды. БҚО құрама командасынан балалар, жасөспірімдер және ересектер тобы қатысты. Жарыс нәтижелері жеке және командалық есепте төмендегідей анықталды:

- «Жеке» қашықтығы бойынша
Алипов Бахтияр (ұлдар арасында), Асқар Айша

(қыздар арасында) - 1 орын;

Алпамыс Дильнур (балалар тобы), Самат Бекзат (жасөспірімдер тобы) - 2 орын;

Серік Әлібек (балалар тобы), Картес Азат (жасөспірімдер тобы), Амангелдиева Нұргүл (ересектер тобы) - 3 орын;

Жалпы командалық есеп бойынша: БАЛАЛАР тобы – 1 орын, ЖАСӨСПІРІМДЕР тобы - 1 орынға ие болды.

Жарыс жеңімпаздарын шын жүректен құттықтаймыз!!!



ҚҰРМЕТТІ ЖЕМІС МҰҚТАРҚЫЗЫ!!!



Сізді көктемнің шуағымен бірге келген туылған күніңізбен құттықтаймыз. Осынау мерейлі жасыңызда деніңіздің саулығын, шаңырағыңызға ырыс байлығын, жүрегіңізге мәңгі жастық жалынын, көңіліңізге сезімнің шалқыған шаттығын тілейміз. Әрдайым осы тыңғылықты да тындырымды қалпыңыздан танбай, табыстан табысқа жете беріңіз.

Отбасыңыздан ынтымақ, басыңыздан бақ таймасын! Көңіліңіз ғұмыр бойы көтеріңкі болып, өмір айдынында қайғы-мұңды білмей, еркін жүзе беріңіз. Дос-жаран мен туған – туыс алдында абыройыңыз әрдайым артып, аңсаған арманыңыздың асуларына жете беріңіз!

«Алып анадан туады» дейді қазақ. Ұрпағы жақсы болса ол ананың бала бойына ана сүтімен дарыта білген текті қасиетінің жемісі дегендей анаңыздан дарыған қазақ әйелінің айшықты келбеті арқылы ұлттық салт-дәстүрді сақтауда жас ұстаздарға үлгі бола білдіңіз. «Барды бар, жоқты жоқ» дейтін туралығыңыз да кейінге үлгі. Біліктілігіңіз арқылы талай ұстаздың қаламын ұштауға бағыт бердіңіз.

*Білікті ұстаз, сүйікті ана, адал жар,
Қонақшылдық қасиетіңіз тағы бар!
Адамшылық, ар-ожданы халқымның
Қасиеті қонған Сізге, бағың бар!*

*Ағайын, бала-шаға, бауырлар бар,
Дос-жаран, құрбы-құрдас сұрасар қал!
Ақылға ақыл қосып, берген бағдар
Алладан Алғыс болып сан оралар!*

*Дастархан кең пейілге жайылсын бар,
Кетпесін мол береке, дәулетті бақ!
Жасыңызға дәл осындай жас қосылып,
Көңіліңіз Ақжайықтай шалқысын ал!*

**Игі тілекпен:
ОБЖТЖЭО-ның ұжымы
және кәсіподақ ұйымы**

**04.03.2024
Орал қ.**



2023 жылдың туристік-өлкетанулық, экологиялық қызметінің рейтингі

